Воспитатель сначала предлагает за аквариумными рыбами, затем демонстрирует заводную рыбку в тазу с водой. Просит сравнить рыб: сказать сначала, чем они различаются, потом – чем похожи. За каждый правильный ответ дети получают фишки. После того, как дети исчерпали все знания, воспитатель подводит итог: «Самое главное: в аквариуме живут живые рыбы. Это животные. Они питаются, плавают, приносят потомство, они хорошо приспособлены к жизни в воде. В тазу плавает неживая рыбка, красивая механическая игрушка. Это предмет, который изготовил человек. Игрушка ничего не чувствует и не может самостоятельно, без завода что-нибудь делать».

После поисков признаков сходства воспитатель уточняет: «Живые и заводные рыбки похожи только внешне (по форме, строению и плаванию)».

В заключение дети подсчитывают фишки, выстраиваются в порядке их уменьшения по очереди заводят и запускают игрушку. Первым это делает ребёнок, у которого больше всего фишек.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Комарова И. А., Николаева С. Н. Сюжетные игры в экологическом воспитании дошкольников. Игровые обучающие ситуации с игрушками разного типа и литературными персонажами. – Москва: ГНОМ и Д, 2005. – 91 с.
2. Козлова С. А. Дошкольная педагогика. – Москва: Просвещение, 2008. – 274 с.
3. Лопатина А., Скребцова М. Экологическое воспитание дошкольников. Конспекты занятий, сказки, стихи, игры и задания. – Москва: Амрита, 2010. – 128 с.
4. Лулич М. В. Детям о природе. – Москва: Просвещение, 1994. – 87 с.
5. Маневцева Л. М., Саморукова П. Г. Мир природы и ребенок. Методика экологического воспитания дошкольников. – Санкт-Петербург: Детство-пресс, 1998. – 284 с.

ӘОЖ 63:664

«ТЕРЕЗЕ АЛДЫНДАҒЫ БАУ – БАҚША»

Ауганбай А. – тәрбиеші, ШКО білім басқармасы Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің «№100 балабақша-бөбекжайы» КМҚК, Өскемен қаласы

Аңдатпа – Бұл мақалада балаларды терезе алдына гүлдер мен пияз көшеттерін өсіруге қызығушылықтарын ояту жiне еңбекке баулу, Табиғатты қорғауға тәрбиелеу.

Мектепке дейiнгi кезенде бала қоршаған ортаны танып бiледi. Баланың табиғатты танып бiлуге деген қызығушылығын оята отырып, педагог осы табиғатпен таныстырып қана қоймай, оны түсiнуге, өсiмдiктер мен жануарларды қорғауға, табиғаттың сұлулығын сезiне бiлуге үйретедi. Қарапайым экологиялық түсiнiктердi меңгерту баланың қоршаған орта нысандарына танымдық қызығушылығын арттырумен тығыз байланысты. Мектепке дейiнгi балалық шақ кезеңiнде баланың танымдық дамуы эмоционалды қарым - қатынастар арқылы қалыптасады. Әрбiр жеке бала - қоршаған ортаны қызығушылықпен қабылдайтын кiшкентай зерттеушi. Бала белсендi әрекеттерге талпынады. Сондықтан да бақылау мен зерттеу сияқты әдiстер балаға неғұрлым жақын болып табылады. Баланың бойында қоршаған табиғаттың өлi және тiрi объектiлерiне деген қызығушылық өте ерте оянады. Балалар өте байқағыш келедi. Балалардың назарын табиғаттың әр маусымы сайын болатын өзгерiстерi, бояулардың ашықтығы, дыбыстардың, иiстердiң сантүрлiгi аударады. Олар өздерiне жаңа әлем ашады: көзге түскен заттарды қолмен ұстауға, көзбен көруге, иiсiн сезуге, мүмкiн болса дәмiн татуға тырысады. Табиғатты көре алатын, нәзiк сезiне алаты адам, оның алуан түрлiлiгiн, бояуларын, иiстерiн қабылдайды, оған деген сүйiспеншiлiгi белсендi және әректiл

сипатта болады. Бала жасынан бөлме өсімдіктерін, үй жануарларын күтуге үйренген, айналадағы өзгерістерді көре алуға, тыңдауға, естуге, таңғалуға және ойға шомуға, сұрақтар қоя білетін адам ғұмыр бойы табиғаттың нағыз жан досы болады. Сондықтан да біз, ересектер, балаларды табиғатты сүйуге, құрметтеуге, қорғауға және оның байлықтарын көбейтуге үйретуге міндеттіміз. Мақсаты: Балаларды өсімдіктер әлемімен таныстыру. Терезе алдына гүлдер мен пияз көшетерін өсіруге деген танымдық қызығушылықтарын ояту. Тәжірбие жағдайын қалыптастырып, өсімдіктің өсуіндегі өзгерістерді байқауға үйрету. Өсімдіктер әлеміне деген аяушылық сезімдерін ояту, оларды қорғауға тәрбиелеу.

Міндеті: Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту. Гүлдерді және пиязды айырып, танып, күтіп, баптау сезімін қалыптастыру. Қоршаған орта туралы білімдерін әрі қарай дамыту. Табиғатты сүйе білуге, қадірлеп қастерлеуге тәрбиелеу.

Негізі: Білім беру стандарты Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты-2009ж Мектепке дейінгі білім беру және тәрбиелеу.

Міне балалар, пияздың бірнеше түрі болады екен. Мысалы, жыл сайын тамырланып өздігінен өсе беретін көпжылдық түрлері бар, олардың жер бетіндегі бөлігі тамаққа пайдаланылады. Бұдан пияздар тұқым арқылы (тұқымын көрсету) өседі. Сол сияқты көшеті арқылы өсетін пияздар болады. Олар домалақ пішінде болады, қысқа сабақтан және оған тығыз, біріне - бірі қысыла орналасқан етті қабықтардан тұрады. Пияздың сырт келбетін қараңдаршы, үш бөліктен тұрады екен: Жапырағы, дөңегі, тамыры. - Пияз көкөніске жата ма, әлде жеміске жата ма? - Ол бакшада өсе ме, әлде бақта өсе ме? - Пияздың қалай өсіп - өнетінін көргендерің бар ма? Пияз қалай өседі? - Пиязды өсіру үшін не керек? - Дұрыс айтасындар кез - келген өсімдіктің өсуіне қажетті топырақ, су, жарық керек екен. Пияздың да басқа өсімдіктердегі сияқты тамыры, жапырағы болады

Тәжірбие жасау

1 Топырақты дайындау

2. Гүл тұқымын дайындап, балаларға таныстыру

3. Гүл тұқымын топыраққа отырғызу жөнінде әңгімелесу

4. Топырақты майдалап қопсытып, шұңқыр қазып, тұқымды салып, бетін жауып, тегістеу.

5. Оған су құю тұқым себілген ыдысты күнге қою, оған міндетті түрде қадағалау керек, гүл өскенде өзінің сұлулығымен қуантатынын түсіндіру Түйінді пиязды дайындау және пияз туралы әңгімелеу. Балалармен түйнек пиязды 3 күн суға салып тамырын шығарып, топыраққа отырғыздық. Түйнек пияздың топыраққа отырғызған кезде жасыл сабағы 2 см болды. Ол ұзарған сайын оның сабағы жасыл түсі жаңарып отырады. Алғашында пияздың өскен ұштары сарғая бастады. Оған мен су құйып, жарық жақсы түсетін жаққа ауыстырып отырдық. Ол күн жақсы түскен сайын тез өсіп, ұзара бастады. Топырағын қопсытып және мөлшерлеп су құйдық. Пиязға жарық түскен сайын 5 күннен кейін бешінші күндері бақылағанда 5 - 7 см өсіп отырды., 5 күн 5 см-ге өсті.

Қорытынды кезең

Такпак

Гүлдер ектік бакшада,

Баптап күтіп түлеттік.

Қалмасын деп қуарып,

Апта сайын суардық.

Тийым сөздер:

Гүлді үзбе. Көк шөпті жұлма. Ағашты сындырма.

Мақал-мәтелдер Мал төлімен жарасты, Жер гүлімен жарасты.

Қыз өссе - ел көркі,

Гүл өссе - жер көркі.

Еңбек – түбі береке

Жұмбақтар

Қалың киімді ұнатады,

Шешіндірсен жылатады. (Пияз)

Су құйсаң болды, кетеді бойлап,

Әдемі, жұпар. Не? Көрші, ойлап? (Гүл)

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. ҚР мемлекеттік жалпыға бірдей міндетті білім беру стандартты.
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру.- Астана 2009ж П.Г.
3. Саморукова. Как знакомить спиродой детей дошкольного возраста?- Москва. 1978 Оқулықтар, балалар энциклопедиялары, әдістемелік құралдар. Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту сұрақтары бойынша журналдар, хрестоматиялар, анықтамалық материал және т.б
4. Интернет ресурстар: www. Doshvozrast .ru. www.rsvparents.ru www.45minut.kzwww.edu.gov.kz/ruwww.ivalex. vistcom.ru.
5. О. Асқаров Үй гүлі

ӘОЖ 373.2:502 /504

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРҒА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ МАҢЫЗЫ

Ауганбаева Ш.Р. - әдіскер, ШҚО., Өскемен қаласы. «Монтессория» балалардың зияткерлік және шығармашылық даму орталығы.

Кіріспе

Зерттеу жұмысының өзектілігі. Бүгінгі күні еліміздің бәсекеге қабілетті елу ел қатарына еніп, әлемдік деңгейге сай келу үшін өндірістің, ғылым мен техниканың дамуы қажет екені анық. Бұл мақсатқа, міндетке жету үшін табиғаттың сан түрлі салаларын шаруашылыққа қарқынды пайдалану қажет. Дегенмен, өндірістің дамуы табиғи ресурстарды азайтып қана қоймай, қоршаған ортаның ластану проблемасын тудырып отыр.

Қазіргі кезеңде экологиялық проблемалардың ұлттық, аймақтық және ғаламдық тұрғыда өзекті мәселелердің бірі. Сондықтан да айнала қоршаған ортаны қорғау мақсатына бағытталған күрделі іс-шаралар жүргізіліп жатыр.

Бүгінгі күні қоғамда көптеген өзекті де өткір мәселелерді оңтайлы шешу көп ретте азаматтық қауымдастықтың даму деңгейін өрістетуге, жеткіншектер мен жастардың экологиялық мәдениетін еселеуге, қоршаған ортаға деген құрметін, Табиғат-Анаға азаматтық сүйіспеншілігін қалыптастыруға тікелей байланысты. Осыған сәйкес қазіргі уақытта білім беру мекемелерінде балаларға экологиялық тәрбие беру - оқу-тәрбие үрдісіндегі әлеуметтік мән-маңызы зор, сондай-ақ құнды бағыттардың бірі. Табиғатты қорғау жұмыстары үздіксіз жүргізілуде.

Қоршаған ортаның нашарлануына байланысты туындаған өзекті мәселелерді шешу педагогикалық тұрғыдан қарастырғанда ғана мүмкін екендігін ұғынудың нәтижесінде өскелең ұрпақтың экологиялық тәрбиелілігін қалыптастыруға байланысты экологиялық тәрбие берудің алатын орны көптеген педагог-ғалымдардың ғылыми еңбектерінде педагогикалық тұрғыдан негізделіп, оқу-тәрбие үрдісі арқылы шешімін табауда.

Бұл бағыттағы мәселелерге кезінде қазақ халқының біртуар тұлғалары А.Құнанбаев, Ы.Алтынсарин, Ш.Құдайбердіұлы, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов және т.б. еңбектерінде табиғат пен адам өзара біте қайнасқан, ажырағысыз біртұтас дүние ретінде қарастырғандығын көреміз. Осы тұрғыдан алғанда, табиғат пен қоршаған ортаны тану, қорғау, аялау мәселелері ұлтмыздың тарихында тереңнен көрініс табатынын байқаймыз.

Экологиялық тәрбие мәселесін жан-жақты қарастыруда Ө.С.Бейсенова, А.В.Чигаркин, Ж.Ж.Жатқанбаев, Н.С.Сарыбеков, М.Н.Сарыбеков, Қ.А.Сарманов, Ж.Б.Шілдебаев, Ж.І.Байтағұлова және т.б. сияқты ғалымдардың еңбектері өздерінің маңыздылығымен ерекшеленді.

Баланың жеке басына тән қасиеттерді қалыптастыру тәрбиесі оның өмірге келгенде алғашқы жылдардан бастау, қоршаған ортаға бейімделуіне жағдай жасау бала тәрбиесіне көңіл бөлу зерттеуіміздің маңыздылығын айқындайды. Сондықтан біздің зерттеу жұмысымыздың тақырыбын «Мектепке дейінгі жастағы балаларға экологиялық тәрбие берудің жолдары» деп таңдадық.

Зерттеу нысаны: мектепке дейінгі мекеменің оқу процесі.

Зерттеу пәні: мектепке дейінгі жастағы балаларға экологиялық тәрбие беру.

Зерттеудің мақсаты: мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие берудің жолдарын ғылыми тұрғыда негіздеу және оны іске асырудың жолдарын анықтау.

Зерттеу болжамы: егер мектепке дейінгі жастағы балаларға экологиялық тәрбие беру, яғни табиғатты қорғау жұмыстары жүйелі түрде жүргізілсе, онда баланың табиғатқа деген сүйіспеншілігі артады, өйткені олар қоршаған орта туралы жан-жақты мәліметтер алып, белсенділік көрсетеді.

Зерттеудің міндеттері:

- мектепке дейінгі балаларға экологиялық тәрбие берудің педагогикалық негіздерін анықтау;

- мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие берудің мүмкіндіктерін анықтау

- экологиялық тәрбиеліктің өлшемдері мен көрсеткіштерін белгілеп, балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру;

- мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие берудің мазмұнын әдістерін ұсыну.

Зерттеу әдістері: философиялық, әдіснамалық, ғылымтану, педагогикалық, психологиялық әдебиеттерге талдау жасау, сауалнама, әңгіме.

1 Экологиялық тәрбиенің ғылыми-теориялық негіздері

1.1 Мектепке дейінгі балаларға экологиялық тәрбие берудің жолдары

Жалпы Қазақстанның өсу жағдайы әлемдік деңгейге сай келу үшін өндірістің, ғылым мен техниканың дамуы қажет екені белгілі. Ал, бұлардың өркендеуі табиғаттың сан түрлі салаларын шаруашылыққа қарқынды пайдалануды талап етеді. Бүгінгі таңда өндірістің дамуы табиғи ресурстарды азайтып қана қоймай, қоршаған ортаның ластану проблемасын тудырып отырғаны мәлім.

Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінде жүргізіліп жатқан реформа оны сапалық тұрғыда нарықтық экономика, қоғамдық экономикалық қатынастарды ғаламдандыру, дамудың ақпараттық кезеңінде қоғамның өтуі жағдайында қайта құруға бағытталған.

Қазақстан Республикасы тұрақты дамудың жаңа жолына түскеннен кейін экологиялық білім беру мен тәрбиенің маңызы арта түсуде.

Президент Н.Назарбаев ұсынған «Қазақстан-2030» даму Стратегиясы бағдарламасында экологиялық білім беру мен тәрбие ісі басты мәселе .

Экологиялық білім – қазіргі білім беру жүйесінің өзекті мәселелерінің бірі. Білім беру үрдісінде экологиялық білім және тәрбие беру үздіксіздігі мен сабақтастығының маңызы айрықша зор. Оларды жүзеге асыру үшін білім жүйесін тұтасынан және оның жеке кезеңдері мен деңгейлерін кешенді түрде жетілдіретін шаралар қажет. Бұл мәселені шешудің бірден-бір жолы экологиялық біліммен қаруланған жеке тұлғаны қалыптастыру екенін көптеген ғалымдар өз еңбектерінде атап айтқан.

Адам-қоғам-табиғат арасындағы қарым- қатынастың ұлттық салт-дәстүрлермен байланысы Р.М.Қоянбаев, С.Қ.Калиев, Қ.Б.Жарықбаев, С.А.Ұзақбаева, А.А.Бейсенбаева, И.Н.Нұғмановтың және т.б. ғалымдардың зерттеулерінде әр қырынан сөз болады .

Балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру үшін әртүрлі балаларға арналған газеттер мен журналдар беттерінде жарық көрген мақалалар кеңінен пайдаланылып, түрлі тәрбиелік іс-шаралар ұйымдастырылып өткізілген, экологиялық мәдениетін дамытып, қалыптастыру нәтижелері берілген.

Экологиялық тәрбие мәселесі – ұрпақтың білімі мен тәрбиесін қалыптастырудың бір бөлігі. Сол арқылы әлеуметтік-экологиялық, мәдени-рухани мәселелерді қоршаған орта мен адам баласының денсаулығына ешқандай зиян келтірмей шешу жолдарын қалыптастыру керек.

Экологиялық тәрбиені қандай да бір халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан салт- дәстүріңіз, әдет- ғұрпыңсыз елестету мүмкін емес.

Көрнекті педагогтар Я.А.Коменский, И.Г.Песталоцци, К.Д.Ушинский, В.А.Сухомлинский тәрбиенің бастау көзін қоршаған орта әсерімен, халықтық тәжірибемен тікелей байланыстырып отырды.

Мәселен, Я.А.Коменский “Тәрбие табиғилығы” еңбегінде кешенді оқу процесін жүргізуде табиғаттың алатын орны ерекше екендігін, сондай-ақ оқыту мен тәрбиелеу жұмыстары қоршаған ортамен салыстырмалы түрде түсіндіріліп, жүргізілсе, нәтижелі болатынын ескертеді.

Педагог В.А.Сухомлинский табиғат құбылыстарының қай-қайсы да адамға әсер ететіндігін, сондықтан оның сырларын білуді бала кезден қалыптастыру керектігін айтқан. Сондықтан, жылдың қай мезгілінде де табиғаттың әдемілігін танытып, сол арқылы бала жанына сұлулық пен тазалықтың нәрін құю керектігін мол педагогикалық жұмысының өзегі еткен

Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінде жүргізіліп жатқан реформалар бір бөлігі білім саласының сапалық және экологиялық, қоғамдық-экономикалық қатынастар тұрғысында жаһандану кезеңіне өтуіне, әлемдік ақпараттық дамумен ықпалдасуына бағытталған.

Балаларға экологиялық тәрбие беру - адамзаттың, тұтасатай қоғамның қазіргі табиғатпен, қоршаған ортамен үйлесімділігінің ең тиімді жолдарын ұрпаққа түсіндіру.

Қазақстанның келешегі бүгінгі күнгі жастардың мектеп қабырғасынан қандай құндылықтармен тәрбиеленіп шыққандығына, санасы мен өмірге көзқарастарының қаншалықты қалыптасқандығына тікелей байланысты.

Осыған орай, ең алдымен жастардың бойында халқына, туған жерге деген сүйіспеншілікті, қамқорлық пен құрметті тәрбиелеу және осы мақсатта экологиялық іс-әрекеттерді ұйымдастыру қажет.

Балаларға тәрбие берудің құралы ретінде балабақшада өтілетін іс-шаралардың мүмкіндігін ұтымды пайдаланудың жолдарын ұсыну, жас ұрпақты жан-жақты тәрбиелеуде ұлттық баспасөз материалдарын кеңінен қолдану - бүгінгі күнгі білім мен тәрбие беруге негізгі мәселелердің бірі.

Қоғамдық өмірдегі қазіргі қайта құрулар, экологияны қорғаудағы жаңа стратегиялық бағдарлар мен бағыттар, қоғамның ашықтығы, оның жедел ақпараттануы мен қарқынды дамуы білім беруге қойылатын талаптарды түбегейлі өзгертті.

Әлемнің жетекші елдерінің көпшілігі білім беру жүйесінде білім берудің мақсатын, мазмұны мен технологияларын оның нәтижесіне қарап бағалайтын болды. Білім берудің қазіргі басты мақсаты білім алып, білік пен дағды-машыққа қол жеткізу ғана емес, олардың негізінде дербес, әлеуметтік және кәсіби біліктілікке иек арту, ақпаратты дербес іздеп табу, талдау және ұтымды пайдалану, өзгерістерге толы бүгінгі дәуірде лайықты өмір сүру және жұмыс істеу болып табылады.

Жалпы, тәрбие берудің саналуан жолдары бар. Өртүрлі жағдайға байланысты қажетті тәрбиенің әдіс-тәсілдерін, түрлерін таңдап алу үшін ең алдымен оқушының ішкі жандүниесін, сезімін, мінезін нақты анықтаған, бағдарлаған абзал.

Тәрбиеші өз іс-әрекетін дұрыс болжап, оқушының қабылдауына, ой-түйсігіне, сана-түсінігіне сәйкес өзіндік ұсынғыстары мен көзқарастарын білдіруі керек.

Экологиялық тәрбиенің мақсаты – қоршаған ортаға экологиялық сана базасы негізінде құрылатын жауапкершілікті қарым-қатынас қалыптастыру. Бұл дегеніміз – табиғатты пайдаланудың құқықтық және адамгершілік принциптерін, оны оптимизациялауды насихаттау идеяларын, өз жерінің табиғатын қорғау және меңгеру бойынша белсенді қызметті бақылау.

Табиғатқа жауапкершілікпен қарау – тұлғаның күрделі мінездемесі. Яғни бұл адам өмірін анықтайтын табиғат заңдарын түсінуді білдіреді. Ол - табиғатты пайдаланудың құқықтық және адамгершілік принциптерін бақылауда, ортаны қорғау және меңгерудің белсенді жасампаз қызметінде, табиғатты дұрыс пайдаланудың идеяларын насихаттауда, қоршаған табиғатта зиянды саналатындардың барлығымен күрес кезінде байқалады.

Осылай оқыту мен тәрбиелеу жағдайында табиғат пен адам арасындағы қарым-қатынасты меңгеруге, жақсартуға бағытталған балалардың өзара байланысқан ғылыми, адамгершілік,

құқықтық, эстетикалық және тәжірибелік қызметтерінің ұйымдары атсалысады. Қоршаған ортаға деген жауапкершілікті арттыру, қалыптастыру - болашақ ұрпақ үшін жасалатын адамгершілік тұрғыдан қамқорлық.

Экологиялық тәрбиенің мақсаты келесі міндеттер бірлігінің шешілуі бойынша жүзеге асады:

Білім беру – қазіргі заманғы экологиялық проблемалар жайында білім жүйелерін қалыптастыру және оның шешілу жолдары;

Тәрбиелік – экологиялық мақсатқа сәйкес іс-әрекеттер мен қызметтің тұтынушылық себептері мен дағдыларын, салауатты өмір салтын қалыптастыру;

Экологиялық тәрбие мазмұнына құндылық бағытынан шығатын нормалар жүйесі кіреді. Құндылықтар жүйесі табиғаттың өзіндік құны мен бірегейлігін түсінуден шығады. Осы жерде адам табиғаттың бір бөлшегі ретінде қарастырылады, ал табиғатты сипаттағанда оның адамға келтіретін көпқырлы құндылықтары ерекше аталады.

Экологиялық тәрбие мазмұнын балалар өздерінің әртүрлі әрекеттерімен меңгереді. Оқу процесін ұйымдастырудың әрбір формасы балалардың танымдық қызметтерінің саналуан түрлерін ынталандырады: әртүрлі ақпарат көздерімен өздігінен жұмыс істеу - фактіге негізделген материал жинауға, проблеманың мәнін ашуға мүмкіндік береді, ойын саналы түрде шешім қабылдау тәжірибесін, шығармашылық қабілет қалыптастырады, сонымен бірге жергілікті экожүйелерді меңгеруге және қорғауға нақты үлес қосуына, құнды идеяларды насихаттауға мүмкіндік береді.

1.2 Халық ауыз әдебиеті үлгілері арқылы экологиялық тәрбие жолдары

Бүгінгі әлемшарлық экологиялық дағдарыс заманында білім-ағарту жүйесін жақсартудың маңызды жолы - өскелең ұрпаққа экологиялық тәрбие беру үрдісінде табиғатты қорғауға бағытталған қазақ халқының ауыз әдебиеті үлгілерінің бай қазынасын теориялық зерттеу, тәжірибеде тиімді қолдану. Қазақ халқының ауыз әдебиеті үлгілерінің түрлі жанрларында көрініс тапқан табиғатқа деген аялы көзқарасын ғасырлар бойы жинақталған бай тәжірибесі халықтың мәдениеті мен қазынасының бір бөлігі болып табылады.

Халық ауыз әдебиеті мұраларында көптеген педагогикалық ойлар жатыр. Қазақ халық философиясының негізінде әрдайым адам және табиғат болды. Адам мен табиғаттың үйлесімділігі халық ауыз әдебиеті үлгілерінде өз таңбасын қалдырған.

Қазақ халқының мәдениетінің тарихы табиғатпен тығыз байланысты. Себебі, Қазақстан – бұл таза бұлақтар мен өзендер, биік таулар мен шөл далалар. Дегенмен осындай сұлулық аясында өмір сүріп отырған адамға үлкен қатер де төнгізіп отырған. Осындай жағдайда тірі қалып, өмір сүруі үшін адам табиғаттың тылсым күштері жайында білімдерді бақылау арқылы меңгерген. Оған үнемділікпен, құрметпен қараған, оның киесін ашуландырмауға тырысқан.

Өскелең ұрпаққа экологиялық тәрбие беруде халық ауыз әдебиеті үлгілерінің жалпы міндетмесіне тоқталайық.

Туған табиғатқа деген сүйіспеншілік пен оған деген үнемді көзқарас халық ауыз әдебиеті фольклорының барлық жанрларында көрініс тапқан. Өлеңдерде, мақал-мәтелдерде, жұмбақтарда, ертегілерде, қазақ халқы жекелеген табиғат құбылыстарына, құстарға, жәндіктерге деген өз көзқарасын білдіріп отырған. Ғасырлар бойғы табиғат құбылыстарын бақылаудың өмірлік тәжірибесі әдет-ғұрыптармен ырымдарда көрініс тауып, атадан балаға мұра ретінде беріліп отырды.

Ал бұл образдық дүниелер балалар есінде жақсы сақталды. Қазақ халқының мақал-мәтелдерінде туған табиғат аясы ерекше орын алады. Мысалы: «туған жерге туың тік», «туған жердің топырағы киелі», «жері байдың - елі бай», «жер - ана, ел - бала», «тозған жерде тоқшылық болмайды», «күте білсең – жер жомарт», «табиғат аң-құсымен ажарлы».

Жас кезінен бастап әке өз баласын атқа отыруды үйретіп, оны күтіп баптаудың қыры мен сырын меңгерткен.

Қазақ баласы үшін қиын-қыстау кезде ат жолдасы да, құтқарушысы да болған, сондықтан да қылқұйрықты тұлпар жолына нағыз жігіт барын құрбан еткен. Яғни, жақсы ат – ердің қанаты.

Табиғатқа деген сүйіспеншілігін, оның құбылыстырын бақылаудың бай өмірлік тәжірибесін қазақ халқы жұмбақ арқылы қалдырған. Жұмбақтарда халық табиғат құбылыстарын өз түсінігінше жеткізуге тырысқан. Балалар жұмбаққа ерекше қызығушылықпен қарайды, себебі, оның тілі жатық, мазмұны ойлануға жетелеп табуға итермелейді. Жұмбақтарда халықтың табиғатқа, жан-жануарларға деген дүниетанымдық көзқарасы, ақындығы жатыр.

Жұмбақтарда өсімдік, жануарлар әлемінің мүшелері анық бейнеленген әрі оларға деген құрмет сезімі де көрініп тұрады. Қазақ халқының жұмбақтары өскелең ұрпаққа экологиялық тәрбие беруде маңызды орын алады. Себебі, олар балада табиғатты бақылауға деген қажеттілікті оятады, әсемдік сезімін тәрбиелейді, түрлі табиғат құбылыстары, өсімдік және жануарлар әлемі жөнінде жаңа ақпаратпен қамтамасыз етіп, білімін кеңейтеді. Сондықтан да балаларға экологиялық тәрбие беруде жұмбақтар бүгінгі күні өз маңыздылығын жойған жоқ. Жасөспірімдерге экологиялық тәрбие беруде үлкен орынды ертегілер алады. Ертегілерді әсіресе балалар сүйіп тыңдайды. Көптеген ертегілерде жан-жануарлар мен құстар адамның нағыз досына айналады.

Сондықтан да балалардың экологиялық мәдениетін тәрбиелеуде табиғат жөнінде жинақталған халық білімін оқу материалына, тәрбие жұмысының мазмұнына енгізудің маңызы ерекше зор болып отыр.

Балалардың экологиялық білімінің қалыптасу өлшемдері, көрсеткіші

Компоненттер

Өлшемдер

Көрсеткіштер

Мотивациялық

Экология туралы мәліметтер

– өскелең ұрпақтың экологиялық мәдениетін қалыптастыруда айналамен танысу сабағының маңызын сезіну;

– табиғатқа саналы қызығушылық қатынас;

– экологиялық тәрбие беруде ертеңгіліктің маңызы мен маңыздылығын түсіну;

(ауыз әдебиетінің мақал-мәтелдер, аңыз, әңгімелер, жұмбақ, жаңылтпаштарға) қажеттілік пен қызығушылық.

Танымдылық

Экология негізінде білімнің болуы

– балалардың экологиялық түсініктерді меңгеруі, сезім мен сананың, мінез-құлықтың қалыптасуы;

– экология құндылықтарын игеру үрдісінде пайдаланылатын пәндерінің маңызын білу;

– жауапкершілікке негізделген, экологияға бағытталған жұмыстарды көбейту.

Мінез-құлық, іс-әрекет

Экология (потенциалын) қабылдау, бағалау және пайдалану

– экология мәселелерін талқылау үрдісінде өз ой-пікірлерін қорғай білу;

– табиғат туралы қызықтыра әңгімелей білу;

– ауладағы серуендеудің пайдасы.

Экологиялық білімнің негізін қалыптастыру балабақша, мектеп қабырғасынан басталатындықтан, экологиялық білім мен тәрбие беру жанашыл педагогикалық шарттарды ойластыруды, оқу-тәрбие үрдісіне тиімді жүйені енгізуді талап етеді. Бұл жүйе балалардың табиғатпен үнемі қарым-қатынаста болуына қажетті ауқымды мазмұнды, жұмыс үлгілері мен әдістерін өзіне кіріктіруі керек.

Экологиялық тәрбие тақырыбындағы осындай жұмыстар баланың табиғатқа деген қамқорлығының бала кезден қалыптасуына жасалатын мол мүмкіндік екендігі сөзсіз.

Балалардың экологиялық тәрбиесі алуан түрлі ықпал ету құралдарының көмегі арқылы іске асырылады:

- саяхат;

- мұражайларға бару;

- максаттық серуендеу;
- телебағдарламалар, бейнефильмдер;
- табиғат туралы көркем әдебиеттер;
- суреттерді, фотосуреттерді, иллюстрацияларды тамашалау;
- музыка тыңдау;
- дидактикалық ойындар, мақалдар, мәтелдер;

Экологияға байланысты қалалық жарыстарға қатысу».

Балалардың экологиялық мәдениетін тәрбиелеуде педагогтың да білікті жан болуы шарт.

2 Мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық білім мен тәрбие берудің ерекшеліктері

2.1 Экологиялық тәрбие берудің ерекшеліктері

Экологиялық білім беру – отбасынан басталады. Жас бала әр нәрсені білгіш келеді. Сондықтан олар үшін ең бастысы экологиялық мәдениет отбасынан басталуы керек. Отбасы - бала тұлғасының негізі қаланатын, оның дамуы мен өмірге бейімделетін шын әлеуметтік орта. Бала тәрбиесінде отбасы мүшелерінің өзара түсінісіп, сүйіспеншілігі мен жауапкершіліктері маңызды рөл атқарады.

Қоршаған ортаны қорғау (ауа, су, топырақ және т.б.) қоғам мен табиғаттың өзара әрекеттес үрдістерін де кешенді тұрғыдан қарауды талап етеді. Өйткені, экологиялық мәселелерді адам мен қоғам үшін пайдалы, тиімді шешуге тырысатын маманның жеке тұлғасының адамгершілік дүниетанымын қалыптастырады. Қоршаған ортаны сауықтырудың объективті қажеттілігін терең түсінуге мүмкіндік береді. Солай екен, негізгі салалар бойынша қажетті кәсіби мамандық беру барысында экологиялық білім мен тәрбиенің де мәні зор.

Экологиялық білім берудің біртұтас жүйесін қалыптастыру Қазақстанда білім берудің жаңа жүйелері мен әлемдік стандартқа сай мемлекеттік оқу жоспарын жасауды, қаржыландыруды, экологиялық білім беретін ұстаздарға қамқорлық көрсетуді, мектепте экологиялық білім мен тәрбие беруді көздейді.

Әалалардың қоршаған ортаға деген жауапкершілігін қалыптастыруда табиғи ортадағы әсемдікті, үйлесімділікті тани білу шарт.

Педагог И.Д.Зверевтың пікіріше: «Тәрбиеленушіге педагогикалық әсердің бірінші кезеңі ретінде ең алдымен оқушының табиғат сұлулығын түйсінуді, осы сұлулықты сақтау үшін адамгершілік, азаматтық борышты ұғынуын қамтамасыз ету керектігіне көңіл аударады. Сондықтан да экологиялық күйзелістердің болуы не болмауы антропогендік факторға, жастардың экологиялық мәдениетіне, сауаттылығына, экологиялық білімінің жоғары деңгейде болуына байланысты».

2.2 Мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие берудің жүйесі

Тәрбие процесінде бала өзінің дамуына қажетті жағдайларды пайдалана білуі қажет. Осыған байланысты тәжірби, мұғалім әр түрлі материалдары арқылы баланың түрлі іс-әрекеттерін тиімді етіп ұйымдастырады, оның дамып жетілуіне қажетті материалдарды іріктеп алады, айналадағы табиғи және әлеуметтік ортаға деген көзқарасын дамытады.

Тәрбие жұмысының жаңа жолдарын табудың нәтижесінде баланың ой-өрісі кеңиді, экологияға деген дүниетанымы артып, адамгершілік сапасы қалыптасады.

Зерттеу барысында экологиялық тәрбие беру теориясының негіздерін, балабақшада жүргізілетін жұмыстардың әдістемесін және алдыңғы қатарлы педагогикалық тәжірибені оқып-үйреніп, тиынақты талдау жасау арқылы балаларға экологиялық тәрбие берудің жүйесін көрсетуді дұрыс көрдік. Біздің пайымдауымызша балаларға қоршаған орта арқылы экологиялық экологиялық беруде бұл жүйе мұғалімдерге, тәрбиешілерге негізгі бағыт-бағдар алуға көмегін тигізеді. Ұсынылып отырған әдістеме өзгеріссіз бір қалыпта қалмайды, ол экологиялық тәрбие деруді жетілдірудің, әр даму кезеңіне негіз бола отырып, үздіксіз жаңартылып қайта құрыла алады.

Жүйеде экологиялық білім мен тәрбие беруде ұстаздың ойын арқылы оқушыға өз ой-пікірін айтқызу үшін оларға барынша еркіндік беруі, шыдамдылықпен жалықпай тыңдауы, қате пікірді бірден жоққа шығармауы, шәкірттің пікірімен тең дәрежеде санасуы құптарлық.

Қазіргі қоғамның тұлғаға қоятын талабы - оның экологиялық санасының және мәдениетінің жоғары болуы, ал қазіргі мектеп тәрбиесі оқушылардың экологиялық дамуын толық

камтамасыз ете алмайды. Бұл қайшылықтың шешілуі мақсатқа бағытталған экологиялық тәрбиеде болуы мүмкін. Ол тұлғаны қалыптастыруда басты тетіктерді қолданғанда нәтижелі болады, яғни табиғатта танымдық, тәжірбиелік іс-әрекетте, табиғи ортаны эстетикалық игеруде.

Жүйенің мақсатына жету үшін біз оқушылардың экологиялық мәдениетін баспасөз құралдары арқылы қалыптастыруды қамтитын бағдарламаны құрастырдық.

Бағдарламаның мақсат, міндеті: Балаларға қоршаған орта арқылы экологиялық тәрбие беру, тәрбиелеу барысында тұлғаның өздігінен дамуға, өздігінен жетілуге жағдай туғызу.

Бағдарламаның негізгі міндеттері:

1) Қоршаған ортамен таныстыру арқылы экологиялық тәрбие беруде балалардың дүниетанымын қалыптастыру.

2) Экологиялық нормалардың, ережелердің қажеттілігін балалардың мінез-құлқында тәрбиелеу.

3) Қоршаған ортаға жауапсыздықпен қарауға жол бермеу.

4) Балалардың бойында қоршаған орта арқылы экологиялық мәдениетті қалыптастыру:

а) тұлғаның мінез-құлқында;

ә) қоғамдық пайдалы еңбек және еңбек тәрбиесі арқылы айналадағы табиғатты қорғауда, күтуде және жақсартуда;

б) экологиялық білімді насихаттауда;

Экологиялық білім – табиғатты қорғау саясаты. Ал адамзат баласы қол жеткізген жетістіктер түрі саналуан десек, солардың барлығын біріктіріп, біртұтас жаңа жүйеге жинақтап отырған сала – экология екендігінде дау жоқ. Экологиялық мәселелердің туу көзінің өзі әлеуметтік-экономикалық факторлар болып отыр.

Экологиялық білім мен тәрбие беру - «Қоршаған орта-адам-қоғам» жүйесіндегі қарым-қатынасты оқушылардың игеруі кезеңінде қалыптасады. Экологиялық тәрбиенің негізгі мақсаты - жастардың экологиялық көзқарасын, санасын, табиғатқа үлкен парасаттылық, жауапкершілік қарым-қатынасын қалыптастыру. Экологиялық мәдениеттілік адамның сезімін тәрбиелеуден, экологиялық сананы қалыптастырудан шығады.

Экологиялық білім мен тәрбие беру - табиғат ресурстарын тиімді пайдалану мен қоршаған ортаны қорғауда белсенді әрекет жасай алатын жеке тұлғаның экологиялық сенімін қалыптастырып, белсенділігін көтеру. Сондықтан, экологиялық білім беру оқушылардың табиғатқа жаңаша көзқарасын тәрбиелеудің негізі болса, әртүрлі формаларда жүргізілетін экологиялық тәрбие жеке тұлғаның эмоциялық-сезімдік әлеміне бағытталады, адамгершілік, жауапкершілік қасиеттерін өсіреді.

Экологиялық тәрбиелеу функциясы балаларды табиғатқа деген жанашырлықты, жауапкершілікті сезінуге баулиды. Экологиялық сана экологиялық білімнен тұрады. Ол балалардың дүниетанымының маңызды құрамдас бөлігі ретінде экологиялық тәрбие беру үрдісінде дамиды.

Күтілетін нәтиже:

Білу керек: Ағаштардың атын (терек, емен, аққайын, жеміс ағаштары, қылқан жапырақты ағаштар). Ағаштардың ерекшеліктерін білу.

Қалыптасатын түсініктер: Қоршаған орта туралы көзқарас. Табиғатқа қамқор бола білу керек.

Орындалушылық қабілеті: Өздері қойылған сұрақтарға жауап бере алады. Ағаштардың суреттерін сала біледі.

Біздің бүгінгі тәрбиелеп отырған бүлдіршіндеріміз – Отанымыздың болашақ азаматтары. Сондықтан оларды өз туған жерін сүюге, туған ел табиғатын күтіп, оның байлықтарын сақтауға, қоғауға тәрбиелеу міндетіміз.

Қорытынды

Бүгінгі күні қоғамда қордаланған көптеген өзекті де өткір мәселелерді оңтайлы шешу көп ретте азаматтық қауымдастықтың даму деңгейін өрістетуге, балаларға экологиялық тәрбие беруге қоршаған ортаға деген құрметін, Табиғат-Анаға азаматтық сүйіспеншілігін қалыптастыруға тікелей байланысты.

Қоғамдық өмірдегі қазіргі қайта құрулар, экологияны қорғаудағы жаңа стратегиялық бағдарлар мен бағыттар, қоғамның ашықтығы, оның жедел ақпараттануы мен қарқынды дамуы білім беруге қойылатын талаптарды түбегейлі өзгертті.

Қазіргі кезде маңызды мәселелердің бірі мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие берудің педагогикалық негіздері.

Қоршаған ортаны танысу арқылы, ойындарды ойнау барысында балалар табиғат сырларын өзіндік ерекшеліктерін танып білу дағдыларын игереді.

Мектепалды даярлық тобында балалардың қызығушылық қабілеттерін арттыруда әр түрлі әдіс-тәсілдер қолданылады. Мектеп жасына дейінгі топта баланың ой-өрісін дамытуға бағытталған жұмыстарды жалпы азаматтық мәдениеттің маңызды компоненті ретінде қарастырған дұрыс. Баланың табиғатты қорғауда өздерінің қоршаған ортасын таза ұстау керек екендігі жиі-жиі айтылады.

Мектепалды даярлық тобында балаларға экологиялық тәрбие беруде сабаққа деген ынтасының жоғарлауы, өтілетін сабақтың оқу-материалын терең ұғына білуге баулу-тәрбиешінің педагогикалық шеберлігіне байланысты екендігі дәлелденді.

Қазіргі кезде уақыт талабына сай балаға бағыт беру, тәрбиенің өзекті мәселесі, қажеттілікке байланысты әртүрлі тәрбие жолдары мен түрлерін, әдістерді пайдалана отырып нәтижеге жетеді.

Бүгінгі заман талабы іскер, белсенді, қандай жағдайда да өздігінен жол таба білуге бейім адам тәрбиелеуді қажет етіп отыр. Сондықтан баланы жеке тұлға деп танып, оның шығармашылық қабілеттерін дамытуға қажетті міндеттерді жасауға мән берілуі тиіс.

Осы жүргізілген тәжірибелік-эксперимент жұмысы барысында алынған нәтижелерден қорытындылар жасадық.

Педагогикалық, психологиялық, әдістемелік еңбектерге жасаған талдау экологиялық білім мен тәрбие берудің педагогикалық негіздерін ашуға, дәлелдеуге мүмкіндік берді.

Мектепке дейінгі мекемеде балаларға экологиялық тәрбие беруде «Қоршаған ортамен танысу, «Сөйлеуді дамыту» ҰОҚ тәрбиелік мүмкіндіктері жоғары екені дәлелденді.

Экологиялық тәрбие беруде ертеңгіліктер, серуенде жүру, айнала қоршаған ортамен танысу кездеріндегі жұмыстар балалардың табиғат туралы түсініктерін жоғарлағаны байқалды.

Әр түрлі суреттер салу, табиғатта арналған ертегілерден көріністер балалардың қоршаған ортаға деген қызығушылығын оятады.

Жұмыста балалардың экологиялық білімінің қалыптасу өлшемдері, көрсеткішін анықтадық. Мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие берудің жүйесін құрастырдық.

Ұсыныстар:

1. Мектепке дейінгі мекемедегі, білім-білік үрдісінде экологиялық тәрбие, табиғатты қорғау ұғымын тәрбие мазмұнына кеңінен енгізу жолдарын іздестіру.

2. Мүмкіндігінше балаларға экологиялық тәрбие берудің тиімді жолдарын қарастыру, себебі қоршаған ортадағы келенсіз әрекеттердің орын алмауын алдын алу, аса зор байлық - денсаулық пен қатар табиғат бір байлықтың екенін ескеру қажет.

3. Сонымен қатар, мектепке дейінгі мекемедегі балаларға экологиялық тәрбие беру негізіне бағытталған тәрбие жүйесін зерттеу, бағдарламаларға, ғылыми-теориялық, практикалық конференциялар мен семинар мазмұнына талдау жасау, бұл салада біраз жұмыстар жасалып жатқанын дәлелдейді.

Әр түрлі бағытта өтіліп жатқан экологиялық тәрбие балалардың алған түсініктерін нақты іс-әрекетте, тәжірибеде қолданып, сол арқылы экологиялық білімдерін жетілдіруге көмектесті. Қай уақытта болмасын экология мәселесі маңызды.

Біз жұмыста мектепке дейінгі балаларға экологиялық тәрбие берудің жолдарын жан-жақты қарастырдық. Сонымен қатар, жұмыстың алға қойған міндеттерді шешуге тырыстық.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан-2030. – Алматы: Білім, 1997. -256 б.
2. Қазақстан-2030» даму Стратегиясы бағдарламасында «Егемен Қазақстан», 2008 ж., 5сәуір.
3. Чигарин А.В. Активизация познавательной деятельности учащихся. –М., 1979. –210 б.

4. Жатқанбаев Ж.Ж. «Экология негіздері» курсы. Авторлық бағдарлама //Биология, география, химия. –№5. –1998. –12 б.
5. Сарманов Қ.А. Экология тазалығы.–Алматы, 1994. –60-61 б.
6. Шілдебаев Ж. Экология және табиғатты қорғау. –Алматы, 2002 –121 б.
7. Байтағұлова Ж.І. Мектептегі тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі. –Алматы, 1993. – 15 б.
8. Дәрібаев Ж. Табиғат қорғау дәстүрлері. –Алматы, 1996. –28 б.
9. Қоянбаев Р.М. Тәрбие теориясы. – Алматы, 1991. – 143 б.
10. Аббасова О. Экология и культура.- М.: Знания, 1989.- 22 с.
11. Владиславлев А. Введение в методологию научного познания.-Л.,1972.- 380с.
12. Махлин В. Экологизация: проблемы и процессы современного развития. Владивосток, 1988.- С.78 – 85.
13. Фурсов А. Человек - живая система: естественно-научный и философский анализ. Минск,1989.- 123 с.
14. Сейтахметова Ж. Даярлық сынып оқушыларының логикалық ойлауын дамыту жолдары // Бастауыш мектеп.-2000.-№8-9.-14-17б.
15. Сейтахметова Ж.,Бақиянова Б. Мектепалды даярлық – бастауыш буын арасындағы сабақтастық // Бастауыш мектеп.- 2006.-№3.-29-30б.
16. Сейтахметова Ж.М. Мектепалды даярлық және бастауыш сынып оқушыларының ақыл-ойын дамытудың сабақтастығы //Отбасы және балабақша.-2004.-№6.-6-7б.
17. ҚұлмағамбетовТ. Табиғат тануды оқыту әдістемесі -Алматы, қ университеті, 1988.

УДК 373.2:908 :502 /504

ОЗНАКОМЛЕНИЕ С ПРИРОДОЙ РОДНОГО КРАЯ ПОСРЕДСТВАМ ОПЫТНО - ЭКСПЕРИМЕНТАЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ С ДЕТЬМИ СРЕДНЕГО ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА

***Байгонова А.Н.,** воспитатель, КГКП «Детский сад - ясли №3 Балбөбек» отдела образования по городу Усть – Каменогорску управления образования ВКО*

Современные дети живут и развиваются в эпоху информатизации и компьютеризации. В условиях быстро меняющейся жизни от человека требуется не только владеть знаниями, но и в первую очередь добывать эти знания самому и оперировать ими, мыслить самостоятельно и творчески. Дети дошкольного возраста — пытливые исследователи окружающего мира. Они познают его в игре, на прогулках, в общении со взрослыми и сверстниками. Ребенок стремится понять, как устроены предметы, узнать что-то новое о мире, получить представления о разных сторонах жизни. Особое значение для развития личности ребенка имеет ознакомление с окружающей действительностью, когда она предстает перед ним во всем многообразии. Ребёнок испытывает интерес ко всему новому, неизвестному, задаёт взрослым множество вопросов. Познание окружающей действительности в целом невозможно без познания природы. Он любит наблюдать за жизнью растений и животных, за явлениями природы. Получение личного опыта в совокупности с доступным рассказом, показом, объяснением поможет ребёнку расширить образовательную сферу, находить взаимосвязи между предметами и явлениями окружающего мира.

Наиболее продуктивным методом зарождения и развития осознано-правильного отношения к природе у ребёнка дошкольного возраста является экспериментирование. Почему мы решили уделить особое внимание опытно – экспериментальной деятельности дошкольников?

Русский естествоиспытатель Климент Аркадьевич Тимирязев сказал: "Люди, научившиеся наблюдениям и опытам, приобретают способность сами ставить вопросы и получать на них фактические ответы, оказываясь на более высоком умственном и нравственном уровне в сравнении с теми, кто такой школы не прошел."

В ходе опытной деятельности дошкольник учится наблюдать, размышлять, сравнивать, отвечать на вопросы, делать выводы, устанавливать причинно-следственную связь, соблюдать правила безопасности.

В ходе эксперимента дети получают возможность удовлетворить свою любознательность, почувствовать себя исследователем, первооткрывателем. Поэтому, мы ведем целенаправленную, продуманную педагогическую работу по теме: "Ознакомление с природой родного края по средствам опытно- экспериментальной деятельности с детьми среднего дошкольного возраста".

Главное достоинство метода экспериментирования заключается в том, что он дает детям реальные представления о различных сторонах изучаемого объекта, о его взаимоотношениях с другими объектами и со средой обитания. Для того, чтобы ребенок как можно лучше познал мир, в нашей группе ведется совместная работа (воспитатель- дети- родители) по технологии экспериментальной деятельности.

Основная цель педагогической идеи: способствовать развитию у детей познавательной активности, любознательности, стремления к самостоятельному познанию и размышлению в процессе опытно-экспериментальной деятельности.

Для достижения поставленной цели мы определили ряд задач:

- Формирование у детей познавательной инициативы, умение сравнивать (различать и объединять) вещи и явления; устанавливать простые связи и отношения между ними, то есть упорядочивать свои представления о мире.
- Развитие у детей умственных способностей: - развитие мыслительных способностей: анализ, классификация, сравнение, обобщение; - формирование способов познания путём сенсорного анализа.
- Социально-личностное развитие каждого ребёнка: развитие коммуникативности, самостоятельности, наблюдательности, элементарного самоконтроля и саморегуляции своих действий.
- Развитие у детей умений пользоваться приборами - помощниками при проведении игр-экспериментов.

Технологию экспериментальной деятельности применяем поэтапно, ее особенность - максимально эффективно использовать в работе с детьми по ознакомлению с явлениями природы благоприятные периоды каждого сезона.

Работа ведётся по разделам:

- ВОДА;
- ВОЗДУХ;
- ПЕСОК, ГЛИНА И КАМНИ;
- ФАУНА И ФЛОРА.

В группе мы оборудовали уголок экспериментирования, для проведения небольших открытий. Работа в уголке предполагает превращение детей в «ученых», которые проводят опыты, эксперименты, наблюдения по разной тематике. Усваивается все прочно и надолго, когда ребенок слышит, видит и делает сам. Исследования предоставляют ребенку возможность самому найти ответы на вопросы «как?» и «почему?».

Обнащением уголка экспериментирования являются:

- Приборы – помощники: увеличительные стекла, песочные часы, компас и магниты, пипетки, вата, воронки, акварельные краски;
- Природные материалы: камешки разного цвета и формы, глина, земля, крупный и мелкий песок (разный по цвету), птичьи перышки, ракушки, шишки, скорлупа орехов, кусочки коры деревьев, сухие листья, веточки, пух, мох, семена фруктов и овощей, шерсть;
- Бросовый материал: кусочки кожи, меха, лоскутки ткани, пробки, поволока, деревянные, пластмасса, металлические предметы и деревянные катушки.

Одно из направлений детской экспериментальной деятельности, которое мы используем - опыты. Они проводятся как на занятиях, так и в свободной самостоятельной и совместной деятельности. В работе по разделам: «Песок, глина», «Вода, воздух» и др. дети с огромным удовольствием проводят опыты с объектами неживой и живой природы: изучают свойства песка, глины, камней, "Как обнаружить воздух", "Что такое радуга?", "Что такое воздух?", "Снег тоже вода", "Выйти сухим из воды", "Что нужно для питания растения?".

В процессе проведения опытов задействуем каждого ребёнка, группы детей, используем коллективную форму работы. Такие опыты чем-то напоминают ребятам фокусы, они необычны, а главное, ребята всё продельвают сами. На занятиях дети учатся задавать вопросы: "Как это сделать?", обращаться с просьбами: "Давайте сделаем так", "Давайте посмотрим, что будет, если...", сравнивать два состояния одного и того же объекта и находить не только разницу, но и сходство.

Детское экспериментирование тесно связано с другими видами деятельности. Связь детского экспериментирования с изобразительной деятельностью двусторонняя. Чем сильнее будут развиты изобразительные способности ребёнка, тем точнее будет зарегистрирован результат природоведческого эксперимента. Не требует особого доказательства связь экспериментирования с формированием элементарных математических представлений. Во время проведения опыта постоянно возникает необходимость считать, измерять, сравнивать, определять форму и размеры.

Исследовательская деятельность развивает речевую активность дошкольников. Дети научились составлять вопросительные и восклицательные предложения, отвечать на вопросы, передавать свои чувства и мысли, понимать и использовать в связной речи различные грамматические категории, обозначающие названия, действия, качества и помогающие анализировать предмет и явление со всех сторон.

Потребность ребенка в новых впечатлениях лежит в основе возникновения и развития неистощимой поисковой деятельности, направленной на познание окружающего мира. Чем разнообразнее и интенсивнее поисковая деятельность, тем больше новой информации получает ребенок, тем быстрее и полноценнее он развивается.

Аналогичные взаимоотношения возникают между экспериментом и трудом. Труд может и не быть связанным с экспериментированием, но экспериментов без выполнения трудовых действий не бывает. Экспериментирование связано и с другими видами деятельности — чтением художественной литературы, с музыкальным и физическим воспитанием.

Познавательная-исследовательская деятельность пронизывает все сферы детской жизни, в том числе и игровую деятельность. Игра в исследовании часто перерастает в реальное творчество.

Мотивом к началу экспериментирования может послужить удивление, любопытство, выдвинутая кем-то проблема или просьба. Мы предлагаем задания детям, в которых проблемные ситуации моделируются от имени сказочного героя-куклы. Эти герои «участвуют» в опытах и экспериментах, решают возникшие проблемы, приносят интересные вещи юным исследователям. Куклы вместе с детьми составляют правила работы с различными материалами, которые очень просты и легко запоминаются. Применение мультимедиа технологий (цвета, графики, звука, современных средств видеотехники) позволяет моделировать различные ситуации и среды. Игровые компоненты, включенные в мультимедиа программы, активизируют познавательную деятельность дошкольников.

В беседах с ребятами и наблюдении за их деятельностью выявляется степень популярности и использования уголков экспериментирования, намечаются пути коррекции воспитательно-образовательного процесса.

Реализация поставленных задач в полной мере возможна лишь при условии тесного взаимодействия детского сада и семьи. С этой целью для родителей проводятся консультации, памятки. Родители помогают в оборудовании уголка экспериментирования в группе и регулярно пополняют его необходимыми материалами, способствуют удовлетворению познавательных интересов экспериментированием в домашних условиях

Для успешной работы в этом направлении мы находим ответы на свои вопросы, занятия в разных источниках, опираемся на опыт других педагогов.

Результаты диагностики показывают, что в образовательной области «Познание» с использованием опытно - экспериментальной деятельности, у детей средней группы значительно повысились и представлены в таблице:

№1 Результаты диагностики

Годы	Высокий уровень	Средний уровень	Низкий уровень
2020-2021уч. г	0 %	37,5 %	62,5%
2021-2022уч. г.	81.2%	18.8%	0%

Таким образом, положительные результаты по итогам диагностики свидетельствуют об эффективности организации опытно-экспериментальной деятельности дошкольников. Дети научились анализировать, делать выводы, могут сами объяснить младшим товарищам некоторые закономерности в природе. Они с большим интересом проводят опыты, сами создают условия для проведения опытов и наблюдений.

На основе анализа проведённой работы, можно сделать вывод о том, что детское экспериментирование имеет огромный развивающий потенциал. Детское экспериментирование является хорошим средством интеллектуального развития дошкольников, оказывает положительное влияние на эмоциональную сферу ребёнка; на развитие творческих способностей, на укрепление здоровья за счёт повышения общего уровня двигательной активности.

Экспериментирование является наиболее успешным путём ознакомления детей с миром окружающей их живой и неживой природы. В процессе экспериментирования дошкольник получает возможность удовлетворить присущую ему любознательность, почувствовать себя учёным, исследователем, первооткрывателем.

Мы уверены в том, что опытно - экспериментальная деятельность, так же как и игровая, является ведущей деятельностью ребенка-дошкольника. Главное, чтобы интерес к исследованиям, открытиям со временем не угас. Быть может, в недалеком будущем «на пыльных тропинках далеких планет» останутся следы наших ребят—любознаек и почемучек.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Дыбина О. В. Незведанное рядом: занимательные опыты и эксперименты для дошкольников /Текст/ О.В. Дыбина, Н. П. Рахманова, В.В. Щетинина. –М.: ТЦ «Сфера», 2013.
2. Организация опытно-экспериментальной деятельности детей 2–7 лет, издательство. – Волгоград: Учитель, 2012.
3. Проекты в ДОУ: практика обучения детей 3–7 лет – Волгоград: Учитель, 2013.
4. Шорыгина, Т. А. Беседы о воде в природе. Методические рекомендации». – М.: ТЦ «Сфера», 2008.
5. Иванова А.И. Экологические наблюдения и эксперименты в детском саду. Мир растений. – М.: ТЦ Сфера, 2004. – 240с. (Серия «Программа развития»)
6. И.Э.Куликовская, Н.Н. Совгир Детское экспериментирование. Старший дошкольный возраст: учебное пособие. - М.: Педагогическое общество России, 2003. -80 с.
7. Дыбина О.В. Незведанное рядом. Опыт и эксперименты для дошкольников. – М.: ТЦ Сфера, 2011г.
8. Рыжова Н. А. Волшебница – вода /Текст/ Н. А. Рыжова. – М.: Линка-Пресс, 1997 .
9. Рыжова Н.А.Игры с водой и песком// Обруч, 1997. — № 2.
10. Интернет ресурсы

ӨЛКЕТАНУ МАТЕРИАЛДАРЫНЫҢ ГЕОГРАФИЯ ПӘНІ ОҚУЛЫҚТАРЫНДАҒЫ БЕРІЛУ СИПАТЫ ОЙЫН ӘРЕКЕТІ АРҚЫЛЫ БАЛАБАҚША ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕРІНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ

Бакирова А. - «Ақбота»шағын орталығының тәрбиешісі, Аякөз ауданы бойынша білім бөлімінің » С.Ғаббасов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

Ойын әрекеті- балабақша тәрбиеленушілеріне экологиялық тәрбие беру құралы. «Баланы ертеңгі күнге қалай даярлау керек? Оған үлкен өмірге өзімен бірге не беру керек?» сұрақтары басты жолға қойылды.Осы сұрақтарды ой таразысынан өткізу әлеуметтік тапсырыстың өзгеруінен туындағанын көруге болады: кеше -орындаушы керек болса, бүгін- белсенді ойлау позициясы бар шығармашылық тұлға, өзіндік қисынды ойлау қабілеті бар тұлға керек. Балалар-қоршаған ортаны сыни зерттеушілер .Ол ерекшелік оларға табиғаттан берілген.Кезінде И.М. Сеченов баланың туа біткен және өте бағалы қасиеті- жүйке санасын психологиялық ұйымдастыруда –қоршаған ортаны қисапсыз түсінуде екенін жазған.Бұл ерекшелікті И.П.Павлов «Бұл не?» деген рефлекс деп атады, оның әсерінен бала заттардың сапасын аңғарып, олардың арасындағы байланыстарды орнатады.

Баланы қоршаған орта-ең алдымен, шексіз байлығы, сипаттауға сөз жетпес сұлулығы бар әлем.Табиғат-бала ой-санасының мәңгі ақылшысы іспеттес.Адам-табиғат бөлшегі: ол одан тысқары өмір сүре алмайды, оны қоршаған ортаның өзіне тән заңдылықтарын бұза алмайды.Тек онымен толыққанды үйлесімде болғанда ғана біз оның құпияларын жақсы түсініп,табиғаттың ең әсем туындысы-Жердегі өмірді сақтай аламыз.Қазіргі уақытта экологиялық тәрбие мектепке дейінгі тәрбиенің басты бағыты болып бағалануда.Педагогтың міндеті:табиғат әлеміндегі алғашқы бағыт-бағдарын қалыптастыру-өсімдік пен жануар әлеміндегі тірі ағза ретінде және олардың өмір сүру жағдайларына байланысты , табиғат байлығын оның несі ретінде білетін, қорғайтын көзқарас қалыптастыру; дені сау бала тәрбиелеу.3-4 жастағы балаларды экологиялық тәрбиелеудің маңызды аспектісі: тірі объектінің ерекшеліктерін түсінуді қалыптастыру,оның өлі табиғаттан басты ерекшеліктерін ұғындыру(оларға керекті жағдай жасауды, қарапайым дағдыларды дұрыс қолдана білуге үйрету).Мектепке дейінгі тәрбиеленушілерге экологиялық тәрбие беруде, оқытуда табиғатты бақылау мен зерттеу әрекетінің байланыстарының кіріктірілуі, қимылды, дидактикалық ойындар , бейнелеу әрекеттері, театрландырылған әрекет, көркем әдебиет оқу, модельдеу, саяхаттар, балалардың өзіндік іс-әрекетін ұйымдастыру, яғни баланың түрлі іс-әрекет қимылдарын экологияландыру .3-4 жасар сәбилерді экологиялық тәрбиелеу жетістігі ең алдымен тәрбиешінің олардың психологиялық- физиологиялық ерекшеліктерін түсінуден басталады.Бұл жастағы балалар үлкендермен тез тіл табысып, оның дұрыс жасаған әрекетіне эмоционалды әсер етеді, оған ілесіп сөз бен әрекетін қайталайды.Балабақша тәрбиеленушілерін экологиялық тәрбиелеу технологиясы мына компоненттерден тұрады:күнделікті өмірдегі бақылаулардың түрлі циклдары (аквариум балықтарын, күзгі гүлден тұрған өсімдіктерді, көктемгі алғаш бұршк жарушыларды, декоративті құстарды, қысқы уақыттағы шыршаны).Әр цикл 3-5 бақылаудан тұрады және балаларға табиғаттың бұл объектілері жайлы алғашқы нақты білім береді.

Ай сайын (1апта бойы) ауа райы құбылыстарын картина-пиктограммалар арқылы күнтізбе жүргізумен бақылайды, қыстап қалатын құстарды тамақтандыру және оларды бақылау, сарымсақ өсіру, оның өсуін бақылау 4-5 апта бойы,өскіндердің суретін салу, бөлме өсімдіктерін табиғат бұрышында күтуде тәрбиешімен бірлескен әрекеті, аквариумды бақылау арқылы балалардың еңбек операцияларына және тіршілік иелерінің әрекетін ұғынуға,халық

ертегілерін оқу, рольдік ойындар, кітап иллюстрациясын қарау 2аптада 1 рет экологиялық сабақ өткізу үлкен жауапкершілік жүктейді. Экологиялық тәрбиеде басты орын алатын – ойын-сюжеттік немесе қозғалмалы ойындар арқылы жануарлар қозғалысын олардың дауысын сала отырып ойнату арқылы актерлік шеберлігі де қалыптасады. Дидактикалық ойындар, пәндік ойындар – түрлі табиғат заттарын қолдану арқылы (жапырақтар, тұқымдар, гүлдер, жемістер, жидектер) жүзеге асады. Кіші бүлдіршіндерге қарапайым «Ағаш жапырағын тап», «Түсі бірдей жапырақтар қайсы?», «Сары түсті жапырақтарды жина», «Жапырақтарды өлшеміне қарай жина» үлкені мен кішісі және т.б. тапсырмалар арқылы әртүрлі заттардың қасиеті, сапасын ажырата білу машықтарын жаттықтырады. Столда ойналатын ойындар – лото, домино, қосылып алынатын және жұбын табатын «Зоологиялық лото», «Ботаникалық лото», «Жылдың 4 мезгілі», «Кішкентайлар», «Өсімдіктер», «Жапырақ» және т.б. Осы ойындар балалардың өсімдік, жануар, өлі табиғат құбылыстары жайлы білімдерін нақтылап, жүйелеуге көмектеседі. Кіші топтағы балалар көбінесе түсі бейнеленген гүлдер, жемістер, жидектер мен жануарларды жұбымен не жалпы картинаға жинауды қалайды. Сөздік (ауызша) ойындар – балаларда бар білімдері арқылы ойналады. Олар қандай да бір заттың қасиеттері, белгілерін бекіту үшін қолданылады. Ауызша ойындар назарын, жылдам ойлауын, сөздің байланысу ретін жетілдіреді. Бұл ойындарға «Бұл қай кезде болады?», «Бұл қай құс?», «Не ұшты, не секірді, не жүгірді?», «Суда, ауада, жерде», «Керек-керек емес» және т.б. Қимыл ойындары көбіне жануарлар тіршілігімен, қозғалысымен байланысты. Кейбір түрлерінде «Күн мен жанбыр», «Қасқыр мен қой», «Тышқан мен мысық» ойындары арқылы білімдерін бекітіп, табиғатқа деген қызығушылығын тереңдетуге көмектеседі. Шығармашылық ойындарын ойнату үшін арнайы ойыншықтар жиынтығы болуы керек. Мысалы, құрылыс ойындары үшін тас, құм және т.б. Осы ойындар арқылы баланың сезімталдығы жетіліп, сонымен бірге заттар мен материалдардың сапасы мен қасиеттерін біледі. Экологиялық тәрбиеге қатысты ойындар үшін «Ряба тауығы», «Шалқан», «Қасқыр мен жеті лак» сияқты ертегілер келтіруге болады. Табиғатты қорғау, оған аяушылықпен қарап, қамқорлық жасауға үйрету тәрбиесі ойын нәтижесінде білімге деген айрықша сенімділік туып, мәңгілік ел құндылықтарына жол ашады.

ӘОЖ 913:373.3

АЙМАҚТЫҚ КОМПОНЕНТТІ БАСТАУЫШ СЫНЫП САБАҚТАРЫНДА ҚОЛДАНУ

***Бейсенбаева М.С.** бастауыш сынып мұғалімі ШҚО білім басқармасы Аякөз ауданы бойынша білім бөлімінің «С.Ғаббасов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ*

«Туған өлкеге, туған тілге деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу-дәлелдеуді қажет етпейтін маңыздылығы жоғары міндет»-деді Д.С.Лихачев

Мемлекеттегі көптеген өзгерістер жайлы сөз қозғағанда реформа жасаушылар назарын жасөспірімдерге, жас өркенге аударған. Өйткені, елді алдыға сүйрейтін, жақсы жаңалықтарға жаны құмар жастарды патриоттық сезімдерге тәрбиелеу, іске жан-тәнімен кірісетін ұлтжанды жастардың болуынан да ойлағаныңды іске асыратын іскер ұрпақта осының сыры жатса керек.

Өзінің кіші Отанына деген махаббатсыз, яғни өзінің туып-өскен жері, маңызды оқиғалары өтетін ауылы не қаласына деген сезімсіз патриотизмге тәрбиелеу мүмкін емес. Осы мәселелерді шешуде аймақтық компоненттің орны ерекше. ШҚО табиғи ерекшеліктері білім берудегі аймақтық компоненттің мазмұнын, мағынасын ашып анықтауда табиғи құндылықтарды тиімді қолдану, қоршаған ортаға саналы көзқараспен қарауды талап ететін жайттарды жас ұрпаққа игертуді қажет етеді. Бастауыш сыныптарда күнтізбелік-тақырыптық жоспарлау кезінде туған өлке ерекшеліктерін, экологиялық ұғымдарды, адамдардың қажырлы

еңбегін, ауылдың табиғи территориясын қорғауға негізделген тақырыптарды жіктеп қоямын. Жылдар бойы аймақтық компонентті енгізудің жеке жүйесі- күнтізбелік-тақырыптық жоспарлау қалыптасты деуге де болады. Бастауыш сыныптарда аймақтық компонентті жүзеге асырудың маңызды әдістерінің бірі-архитектуралық ескерткіштерге, мұражайларға саяхат. Аталған жұмыс ты өткізуге ата-аналарды тартуға болады. Қарт тұрғындармен сөйлесу арқылы ауыл көшелерінің тарихын, ескерткіш тарихын, көшеге берілген есім сырын анықтау арқылы оқушыларға көрнекі құралдар-мұражайдағы мұрағаттарды көру арқылы тарих оқиғаларын тізбектеп көз алдынан өткізу де ешкімді бей-жай қалдырмасы анық. Эскурсия кезінде тарих беттерін парақтап ары қарай зерделегісі келетін жайттар болады. Мектеп мұражайындағы стендте ауыспалы ақпараттар ілінетін тақтадан көп мәліметтер алуға болады. «Олардың атымен көшелер аталған», «Менің ата-тегім», «Ауылымның тынысы» атты рубрикалар енгізілген стендте ауыл тарихына байланысты ерекшеліктерді көріп, соғыс ардагерлерінің ерлігін паш етеін ақпараттармен танысуға болады.

Оқу тақырыптарына байланысты материал оқушының жан-дүниесіне қатысты, яғни таныс ортаға басқа көзқараспен қарауға болатындай тандап алынады. Оқу уақытының басым бөлігі практикалық іс-әрекетке арналады: мектеп оқу үлескісінде жұмыс істеу, табиғатты бақылау күнделігі, жанды объектілермен жұмыс. Оқу материалы табиғат пен қоршаған ортаны қорғау мен тиімді пайдаланудағы адам орнын анықтайды.

Бастауыш сыныптарда дүниетану сабақтарында аймақтық компонентті пайдалану оқушылардың білімін арттырып қана қоймайды, сонымен қатар оқушылардың дербес және шығармашылық ойлауын қалыптастыру дағдыларын жетілдіреді. Сол себепті, сабақтарда оқушылардың шығармашылық әрекеттерін дамытуға көңіл бөлемін.

Балалар ертегілер құрастырып, шағын ребустан р жасап, салған суреттерден «Менің аулам», «Мен тұратын өлке», «Туған өлкенің тартымды сыйлары» сияқты көрмелер ұйымдастырады.

ӘОЖ 373.2.09:502 /504

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕНІҢ МАҢЫЗЫ

***Бекжанова А.К** - тәрбиеші, Шығыс Қазақстан Облысы білім басқармасы Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің «№100 балабақша-бөбекжайы» КМҚК, Өскемен*

Андапта: Бұл мақалада мектеп жасына дейінгі балаларда экологиялық тәрбиенің маңызы жайлы айтылады.

Кіріспе: «Таза болса табиғат-аман болар адамзат, табиғат, сен-тіршілік тұнып тұрған, сен-күнің, көтерілген күліп қырдан, сен-көлсің, сен –ормансың, сен- бұлбұлсың, адамға сұлулықты шын ұқтырған», -деп ақын ағамыз Садықбек Хангелдин жырлағандай, табиғат күллі тіршілік атаулының құтты қоныс мекені, алтын ұя бесігі, құт-берекесі. Халқымыз бала тәрбиесіне қашанда ерекше мән берген, өйткені бала біздің болашағымыз, өміріміздің жалғасы. Сондықтан бүгінгі таңда да балаларды қорғау - әлеуметтік мәні зор халықтық іс болып табылады. Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау, оларды тәуелсіз мемлекетіміздің білімді, білікті, мәдениетті азаматы етіп тәрбиелеу барысында жасалып жатқан тың жұмыстар, өмірімізге еніп жатқан жаңалықтар осыны дәлелдейді.

"Бала тәрбиесі — бесіктен басталады"— деген ұлы қағидаға сүйенсек, 1,5 – 6 жас аралығындағы сәбилерге білім және тәрбие беретін мекемелердің орны да маңызды да ерекше. «Қазақстан -2030» Бағдарламасында Елбасы Н.Ә. Назарбаев «2030 жылы Қазақстан мөлдір сулы, жасыл желекті, ауасы таза аймаққа айналады. Өндіріс қалдықтары мен радиация бұдан былай біздің үйіміз бен бақтарымызға енбейтін болады. Біздің балалар кінәратсыз толыққанды өмір сүретін болады», - деп атап көрсеткен еді. Қазіргі таңда экология өзекті мәселеге айналып

отыр. Сондықтан, қоршаған орта, яғни экологиялық тәрбиені мектеп жасына дейін қалыптастыру үлкен маңызға ие.

«Табиғат адам баласын дүниеге келтіріп, бойындағы бар махаббатын шұғылалы шуағын жүрегімізде ұялатқан - Ана», - деп Мағжан Жұмабаев ағамыз айтқандай, табиғат - бүкіл тіршілік атаулының алтын ұясы, тал бесігі, өсіп-өнген мекені.

Экологиялық тәрбиенің негізгі мақсаты – жас ұрпақтың экологиялық көзқарасын, санасын, табиғатқа үлкен парасаттылық, жауапкершілік, қарым-қатынасын қалыптастыру. Осы тәрбие арқылы адамның мәдениеттілік сезімі, экологиялық санасы қалыптасады. Балаларға экологиялық тәрбие беру - адамзаттың, тұтасатай қоғамның қазіргі табиғатпен, қоршаған ортамен үйлесімділігінің ең тиімді жолдарын ұрпаққа түсіндіру.

Экологиялық білімнің негізін қалыптастыру мектепке дейінгі ұйымнан, мектеп қабырғасынан басталатындықтан, экологиялық білім мен тәрбие беру жаңашыл педагогикалық шарттарды ойластыруды, оқу-тәрбие үрдісіне тиімді жүйені енгізуді талап етеді. Бұл жүйе балалардың табиғатпен үнемі тығыз байланыста болуына қажетті ауқымды мазмұнды, жұмыс үлгілерін, әдістерін өзіне кіріктіруі керек.

Балалардың экологиялық тәрбиесі алуан түрлі іс-әрекеттердің көмегі арқылы іске асырылады:

- саяхатқа шығу;
- мұражайларға бару;
- мақсаттық серуендеу;
- телебағдарламалар, бейнефильмдер көрсету;
- табиғат туралы көркем әдебиеттер оқыту;
- суреттерді, фотосуреттерді, иллюстрацияларды тамашалау;
- музыка тыңдау;
- дидактикалық ойындар, мақалдар, мәтелдер;

Экологиялық білім беру – отбасынан басталады. Жас бала әр нәрсені білгісі келеді. Олар үшін ең бастысы экологиялық мәдениет отбасынан басталуы керек. Отбасы - бала тұлғасының негізгі қаланатын, оның дамуы мен өмірге бейімделетін шын әлеуметтік орта. Бала тәрбиесінде отбасы мүшелерінің сүйіспеншілігі мен жауапкершіліктері маңызды рөл атқарады .

Қоршаған ортаны қорғау (ауа, су, топырақ және т.б.) қоғам мен табиғаттың өзара әрекеттес үрдістерін де кешенді тұрғыдан қарауды талап етеді. Өйткені, экологиялық мәселелерді адам мен қоғам үшін пайдалы, тиімді шешуге тырысатын маманның жеке тұлғасының адамгершілік дүниетанымын қалыптастырады. Қоршаған ортаны сауықтырудың объективті қажеттілігін терең түсінуге мүмкіндік береді. Солай екен, негізгі салалар бойынша қажетті кәсіби мамандық беру барысында экологиялық білім мен тәрбиенің де мәні зор.

Мектеп жасына дейінгі балаға экологиялық тәрбие берудің маңызы зор. Табиғат әлемі таңғажайып және керемет. Дегенмен, барлығы бұл сұлулықты, аспан, су, жапырақ түстерінің алуандығын көре білмейді. Табиғат балаға күнделікті әсер етеді. Бірақ балалар көп нәрсені байқай бермейді, үстірт қабылдайды. Табиғат сұлулығы рухани қайырымдылыққа тәрбиелеуде үлкен рөл атқарады, яғни, балаларды мейірімділікке, адамгершілікке, жақын адамдарға қамқор бола білуге көмектеседі. Балалар үшін табиғат - бұл әр түрлі табиғи құбылыстарды танудың және сөздік қорын байыту көзі. Бұл-балалардың сөйлеу және ойлау қабілетінің дамуына ең қолайлы және пайдалы фактор. Табиғат баланың тұлғалық қалыптасуына зор ықпал етеді.

Қазіргі кезде республикамызда «Халыққа білім беру жүйесіндегі экологиялық оқыту мен тәрбие» мәселесін шешуде жас ұрпаққа, көпшілікке үздіксіз экологиялық білім мен тәрбие беру тұжырымдамасына көп көңіл бөлінуде. Бұл мәселені шешу үшін балалық шақтың, әсіресе мектепке дейінгі балалар үшін экологиялық тәрбиенің мәні өте зор.

Табиғат – ана адамзатты осыншама байлықпен қамтамасыз етіп, өсіріп-өрбітіп отырғанда, адамзат та өз тарапынан оған қамқор болуы парыз. Көл-көсір табиғат байлығын үстемелеп молайтып, ұқыптап пайдалану, көзінің қарашығындай сақтау, жанашырлықпен қорғау әр адамның міндеті.

А. Құнанабаевтің қара сөздерінің бірінде оның табиғат заңдылықтарын терең пайымдап алуымен бірге, оған байланысты ғылыми көзқарастарын да танытады. Ол табиғаттың байлығы адам баласының аузына тосып, таусылмас азық болып отырғандығын көрсете келіп, «Кім өзіне

махаббат қылса, сен де оған махаббат қылмағың парыз» – деп өскелең ұрпақты табиғат аяны сүйе білуге үндеген.

Мектепке дейінгі мекемеде балаларға экологиялық тәрбие беруде «Айналамен танысу, «Сөйлеуді дамыту» сабақтарының тәрбиелік мүмкіндіктері жоғары. Экологиялық тәрбие беруде ертеңгіліктер, серуенде жүру, айнала қоршаған ортамен танысу кездеріндегі жұмыстар балалардың табиғат туралы түсініктерін жоғарлағаны байқалды. Әр түрлі суреттер салу, табиғатта арналған ертегілерден көріністер балалардың қоршаған ортаға деген қызығушылығын оятады

Біз табиғи факторлар - су, ауа, күнді қолдана отырып экологиялық тәрбие мәселелерін шешеміз. Балаларды өсімдіктер және жануарлар әлемімен таныстыру арқылы, оларды күтіп баптаудың жолдарын үйрете отырып, оларды аялай білуге тәрбиелейміз. Балалар тірі және өлі табиғат арасында, тірі организм мен олардың өмір сүру ортасындағы байланыстарды орнатуды үйренеді. Бала дүниеге келгеннен бастап табиғатпен байланыста болады. Табиғат баланың ақыл - ойының балалық деңгейден нақты түсініктер бойынша қалыптасқан жоғары деңгейге жеткізетін қор болып табылады. Ол әртүрлі табиғи құбылыстарды жете түсінуді, өз ойын жеткізе білу өнерін дамытады.

К.Д. Ушинский «Баланы табиғатпен жетастыра дамыту, оның өзіндік логикалық ойлауын, сөздік қорын, санасының жетілуіне әсері мол екенін атап көрсеткен. Логикалық ойдың, пікірдің дамуы баланың келешекте рухының жоғары болуына, батыл пікір, нақты шешім айтуына және оны дәлелдеп беруге жетелейді.

«Таза болса табиғат-аман болар адамзат, табиғат, сен-тіршілік тұнып тұрған, сен-күнсін, көтерілген күліп қырдан, сен-көлсің, сен-ормансың, сен- бұлбұлсың, адамға сұлулықты шын ұқтырған», - деп ақын ағамыз жырлағандай, табиғат күллі тіршілік атаулының құтты қоныс мекені, алтын ұя бесігі, құт-берекесі. Адам үшін табиғат ең қасиетті де қастерлі ұғым. Өйткені, адамның өзін дүниеге әкелетін аяулы да, қадірлі жан-анасы болса, адамның табиғатты «Ана» деп құрметтеуінде өте үлкен мән жатыр. Адам - табиғаттың бір бөлшегі әрі ғажайып туындысы. Адамның табиғатсыз өмір сүруі мүмкін емес. Себебі, адам өміріне қажетті заттардың барлығын табиғаттан алады.

Мектепке дейінгі тәрбие бағдарламасында балаларды табиғатпен таныстырудың саяхат, серуен, мақсатты серуен, бақылау, ұйымдастырылған оқу әрекеті сияқты бірнеше түрі берілген. Ұйымдастырылған оқу әрекеті балаларға экологиялық тәрбие берудің басты формасы. Бақылау - мақсатқа бағытталған қабылдау, сезім мен тиімділіктің бірлігі көрінетін танымдық күрделі процесс. Серуен - балалармен мұндалық күннің І,ІІ жартысында жүргізілетін жұмыс түрі. Экскурсия және саяхаттар ересек тобының балаларымен арнайы жоспарланып, ұйымдастырылады

Қазіргі таңда балабақшаларда балаларға экологиялық тәрбие беру міндеттерін шешу үшін жоспар бойынша жоспарланған жұмыстар ғана жүзеге асырылып қана қоймай, сонымен қатар, экологиялық жобалар да қолға алынууда. Экологиялық жобалар – балаларға экологиялық тәрбие берудің ең тиімді формасы болып табылады. Ал, экологиялық тәрбие адамның жалпы білімінің айрылмас бөлігі. Мектепке дейінгі ұйым – балаларға экологиялық тәрбие беру жүйесінің нағыз ортасы.

Балаларға экологиялық тәрбие беруде өлі және тірі табиғатпен одан әрі таныстырып, табиғат құбылыстары жайында бастапқы жалпылама түсініктерді нақты түрде меңгеру ұсынылады. Жыл мезгілдерінің ерекшелігіне орай күзгі табиғат құбылысы (жанбырдың жаууы, адамдардың пайдалы іс әрекеті, ауладағы жапырақтарды жинау, жылы жаққа ұшатын құстарды бақылау, т.б.). Қыстап қалған құстарға қамқорлық, табиғат бұрышындағы құстар мен өсімдіктерді күту, балыққа жем беру. Ерте көктемде ұшып келетін құстарға үлкендер көмегімен дайындалған ұяларға жем шашу, ауладағы гүл, көкөніс өсімдіктерін өсіруге жәрдем беру. Бүршік жарған ағаш бұтақтарын (бұтақ, бүршік, өсімдік) т.б. мағынасына сай түсіндіру. Наурыз мерекесінің қарсаңында жас шыбықтар отырғызып, оны күтуді күнделікті әдет дағдыға айналдыру. Көктемнің әдемі келбетін жырлайтын өлең жолдарын әнге оқу, сөз жұмбақтар шешу, дидактикалық, қимылды ойын түрлерін пайдалану, өз ойларын табиғат көрінісінің суретін салып, әңгімелеп айтып беру. Жаз кезінде тәрбиешілердің ұйымдастыруымен өзен-көл

жағасына, баққа, гүл алаңына барған кезде айналаның тазалығына мән беру. Бұл әр баланың жауапкершілік дағдысын, ұжымдық бірлігін арттыруда, балалардың ойлау тұтастығын, яғни табиғатты қорғау көзқарасын дамыту үшін, жыл мезгіліне сай мақсат-міндеті айқындалған экологиялық тәрбие жұмысы оқу жылының өн бойында жүргізіліп отырады. Экологиялық тәрбие берудің басты мақсаты бала бойында азаматтың барын, білім, көзқарас пен сенім жүйесін орнықтыру болып табылады. Бұл қоршаған ортамен қарым-қатынаста тәрбиелік, ұқыптылық ережелерін орындау, табиғатты аялап, оған қамқорлық таныту қабілетін дамытуда негізделеді

"Ғаламның ғажайып көркі де сонда, сыры да сонда, мақамы да сонда...ғылымы да сонда, адамның өмірі де сонда",-демекші тілсіз табиғаттың тылсымын түсініп, оны аялау, қорғау және көркейтту - әрбір адамның міндеті әрі борышы. Себебі, табиғат пен адам - егіз. Біз жас ұрпақ табиғаттың қорғаны. Атадан балаға мирас болып келе жатқан табиғатымызды көздің қарашығындай сақтап, анамыздай аялап, келер ұрпаққа таза күйінде қалдыруымыз керек. Табиғат адамның бойына қуат, көңіліне шабыт, сезіміне ләззат шапағатын ұялататын сұлулық пен әсемдік әлемі. Сол сұлулықты, әсемдікті жоғалтпай қастерлеуіміз керек. Бұл жайында халқымыздың қалдырған тағылымдық, тәрбиелік мәні зор: «Атаңнан мал қалғанша, тал қалсын», «Бұлақ көрсең, көзін аш», «Бір тал кессең, он тал ек» тағы да басқа ұлағатты сөздері, табиғатқа сүйіспеншілікпен, қамқорлықпен қарап, үйлесімділік сақтағанда, адамзат баласы үшін табиғат кең сарай, мәңгі тозбас құтты қоныс болады. Жер бетіндегі барлық тіршілік атаулы Табиғат-Анаға қарыздар. Сондықтан да табиғатқа немкетті қарау, онымен санаспау ана сүтін ақтамағанмен пара - пар.

Қорығандылай келе, мектеп жасына дейінгі балаларға өз табиғатымызды сақтап, оның әсемдігімен таныстыра отыра, өзіміздің өмір сүруімізге зор әсер ететіндігін, табиғат пен адамдар тығыз байланыста екендігін, бір-біріңіз тіршілік болмайтынын түсіндіре отыра қоршаған ортаға деген қызығушылықтарын арттыруға, қамқор болып, қорғауға тәрбиелеуіміз керек. Сонда ғана табиғатымыздың ауасы таза, берер күдіреті көп болмақ деген ойдамын.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың жолдауы. - Астана, 2012.
2. Әубәкірова Ә. Экологиялық мазмұны бар тәрбие
3. Жас ұрпаққа экологиялық тәрбие берудің бағыттары //Ұлт тағылымы. -2003. №2. 19-21 б.
4. Қоқанбаева И.Р. Экологиялық тәрбие беру. Оқу құралы –А, 2006

ӘОЖ 373.3.09:913

ТЕХНОЛОГИЯ САБАҒЫНДА АЙМАҚТЫҚ КОМПОНЕНТТІ ҚОЛДАНУ

Бирликбаева Ж.К. бейнелеу өнері және сызу мұғалімі, ШҚО білім басқармасы Аякөз ауданы бойынша білім бөлімінің «С.Ғаббасов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі»КММ

Қоғамның қай кезеңінде болмасын, адамзат баласының алдында тұрған басты міндет, ұлы мақсат-мұраттарының негізгісі-өз халқының, өз ұлтының іс-тәжірибесін келешек ұрпаққа жеткізетін салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Оқушыларға қоғамдағы соны өзгерістер мен өз халқының тарихымен дәстүрі жайлы ойлау жүйесінің рухани негізін дамыта отырып, білімді меңгертуге, еңбек пен кәсіптік бағдар алуына, өмірге бағыт алуына, еңбек етуге үйрету қажет. Осыған орай, қазақ халқының қолөнерін дамыту, мектеп оқушыларын баулу, шеберлігін арттыруда жергілікті материалды тиімді қолдану қажеттігін өмір өзі дәлелдеп отыр.

Заман ағымына сай кей оқушылар мектеп бітірген соң, өз өлкесінде жеке шаруа қожалықтарын ашып, жұмыс істейді. Сондықтан оларға еңбек ету және өмір сүру үшін жан-жақты білім керек. Осы тұрғыда оларға өз өлкесінің табиғи байлықтарымен танысуы, олардың

өңделуі және ауылшаруашылығында қолданылуы, оқушылардың эстетикалық талғамы мен этнографиялық ерекшеліктері туралы ұғым-түсінігін кеңейтіп, туған өлкесінің табиғатына деген сүйіспеншілігін арттырады. Қолөнер түрлерінің талай ғасырлық тарихы бар. Қазақ халқы өзінің күнделікті тіршілігіне қажетті там соғуды, қим-кешек тігуді, азық-түлік өңдеуді, өндіруді, киімге қажетті әсем әшекейлер жасауды өз өнерімен жасай білген. Орта мектептегі оқыту мен тәрбиелеудің негізгі міндеттері білім беріп қана қоймай, функционалдық сауаттылық арқылы өмірге, қоршаған ортаға, еңбекке, адамдарға дұрыс көзқараспен адами қарым-қатынас жасай білу. Технология сабағында ұлттық тәрбие берудің міндеті жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру болғандықтан, әдістемелік маңызы зор мәселе-ұлттық қолданбалы қолөнерді кеңінен қолдана білу. Бұл талапты орындауды еліміздің бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясында «Келер ұрпақ алдында үлкен жауапкершілік жүгін арқалап келе жатқан мектептің жұмыскер жүрегі – мұғалім уақыт талабына сай білім беру керек» деген. Уақыт өзгерісіне сай оқушы шеберлігін, іскерлігін қалыптастыруда қазіргі техниканың өркендеп дамыған кезеңінде өңірлік білімді пайдаланып, қолдана білгені арқасында жасаған дүниелердің орны бөлек. Халық қолөнерін игеру-оқушыны еңбексүйгіштікке, әдемілікке үйретіп, әсемдікке талпындырып, халқының тарихын біліп, мәдени мұрасын қастерлеп, дәстүрін жалғастыра білуге баулиды. Қолөнердің қайнар көзі-еңбек. «Еңбек-адамды ұлы да, данышпан да ететін ұлы күш». Оқушының шеберлігін қалыптастыру мақсатында халықтың қолөнерін оқытуды ұйымдастыруда ғалым Ж.М. Кудериннің төрт түлік малдың бірі-қойдың жүнін тазарту, иіру сияқты ерекшеліктеріне мән беремін. Жүнді шайырдан тазарту, жуу, иіруде жүннің жуандығы, жұмсақтығы, сұрыптары сияқты қасиеттеріне ерекше мән беру керек. Өйткені, ғалым Кудерин жүннің ерекшеліктеріне қарап, оның қолданылу аймағын анықтауға болады, яғни мықтылығы, созылғыштығы, шыдамдылығы, түсі, ажары ескеріліп барып өнім жасау керектігін ескертеді. «Өнер жұтпайды» демекші, қазақ халқы мал шаруашылығының шикізатын пайдаланып, қолөнер бұйымдарын жасауды кәсіп еткен, жастарға үйреткен. Ендеше, осы өнерді менгерген жастар - баға жетпес қазына. «Өнер түрі елде мол, өнер сыры жерде мол»-деп, бағзы заманнан ұрпақтан ұрпаққа келе жатқан өнер оқушылардың танымдық қызығушылығын оятып, шығармашылық жұмыстар істеуге ықпал етеді.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТ:

1. Ж.М. Кудерин. Құғын-сүргінде аман қалған еңбектер. Алматы «Демей» 1995ж.

ӘОЖ 373.2:502 /504

«БАЛАБАҚШАДА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕНІҢ ТИІМДІЛІГІ»

Жазнаева М.М. – тәрбиеші, ШҚО білім басқармасы Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің «№100 балабақша-бөбекжайы» КМҚК, Өскемен қаласы

Аңдатпа – балабақшадағы ұйымдастырылған оқу – қызметінде экологиялық тәрбиені әр – түрі іс – әрекеттерде қолдану және балалардың түсініктерін кеңейту

Егемендік алып, дербес мемлекетке айналған Қазақстан Республикасының білім мен тәрбие беру саласында тың өзгерістер енгізіліп, жаңа талап пен міндеттер қойылып отыр. Соның бірі-жеткіншек ұрпақтың болашақта экологиялық таным-түсініктерін, табиғатқа деген қамқорлық сезімдерін дамытып, мәдениетті азамат тәрбиелеу болады

Қазақстан Республикасының тәлім-тәрбие тұжырымдамасында өскелең ұрпаққа экологиялық білім мен тәрбие беру бүгінгі күн тәртібіндегі бірден-бір қажетті, кезек күттірмейтін мәселе екендігі айтылған. Ендеше, келешек ұрпақтың қоршаған ортаны қорғау, табиғи қорларды тиімді пайдалану жөніндегі іс-әрекеттері отбасынан және мектепке дейінгі

ұйымдардан бастау алса,балаларды таным-түсініктерін дамыту мынандай кағидалардың негізінде жүргізілсе деп ойлаймын.

Біріншіден:

Балаларды өсімдіктер мен жануарларды күтіп-баптауға баулу,соған орай, бойларындағы қабілет пен икемділікті орнықтыру;

Табиғаттың қызықты да құпия сырлары жөнінде эстетикалық және ұлтжандылық сезімдерін дамыту;

Табиғаттағы барлық нәрселердің бір-бірімен өзара байланыста болатынын және оны күнделікті өмірде ескеріп отыру қажеттілігін түсіндіру;

Табиғат жайындағы қарапайым білім түрлерін меңгеріп, тірі және өлі табиғаттағы құбылыстар жөніндегі жалпылама ұғымдарды нақты түсініктермен ұғындыру.

Екіншіден:

Экологиялық тәрбие беруде пайдаланылатын даналық ұғымдар,тыйым сөздер,аңыз әңгімелер-кейінгі ұрпаққа өнеге боларлық асыл мұралар. Мәселен , «Атаның мал қалғанша,тал қалсын», «Ағаш ексең аялап, басыңда болар сая бақ», «Балалары еккен шынарды балалары саялайды.» деген өсиет сөздерді педагогткр күнделікті жұмыстарында пайдаланып , мағынасын балаларға қарапайым мысалдармен түсіндіріп отырулары тиіс.

Экологиялық білім беру мектепке дейінгі педогогиканың қазіргі кезеңде бөлінбес бір бөлшегі болып саналады. Сонықтан да тәрбиеші педагогтардың санасында көптеген сұрақтар туындайды. Балабақшада экологиялық білім берудің тиімді жүйесін қалай құруға болады? Оны интеграциялау негізіне қалай кірістіруге болады?

Экологиялық білім берудің идеялары баланың әртүрлі іс-әрекеттерінде жүзеге асыруға болады.

Мысалы:бақылау,енбек,ойын,тәрбиелер,музыка,бейнелеу өнері және дене шынықтыру.

Экологиялық тәрбиені жүзеге асырудың ең тиімді жолдарының бірі сабақ процесі арқылы болады.Мектепке дейінгі мекемелерде Экологиялық білім беруді өз дәрежесінде жүргізу үшін мен сабақтарды арнайы экологиялық бөлмелерде ұйымдастыруды ұсынамын. Ол бөлмелер өзінің көлеміне қарай бірнеше атқарушы орталықтарға бөлінеді.

I. Оқыту зонасы,мұнда бөлменің терезе тұсы,жарық жағы қамтылады. Оқыту зоналарында үстелдер мен орындықтар,тәрбиешінің үстелі орналастырылады.

II. Жинақтау зонасы,балаларды әр түрлі табиғи объектілермен (нүктелер) таныстыру үшін жинақталған құралдар көрнекі құрал жинақталған құралдар көрнекі құрал ретінде пайдаланады.

Жинақтар арнайы шкафтарда сақталады немесе сөрлерге қойылады. Олар баланың көзінен көру деңгейінде орналасуы қажет.

Балабақша жинақтарын балалардың өздері және ата-аналары жинау мүмкіндіктері бар үлгілерді құрайды: тастар , әртүрлі өсімдіктердің тұқымдары,кепкен ағаш жапырақтары мен бұтақтары,қабығы, құм, саз, түрлі су тастары,т.б.

Балаларды табиғаттан бөлмей,ағаштармен,өсімдіктермен,жануарлармен таныстырып алып,оны бекіту үшін слайд, бейнетаспалар,түрлі-түсті суреттер пайдалану керек.

III. Релаксация зонасы.Бұл зонада әр түрлі бөлме гүлдері,аквариум,фонтан болуы қажет. Осы зонада балалар демалып,өз беттерімен ойындар ұйымдастырып ,өсімдіктерге,гүлдерге күтім жасайды.

IV кітапкана зонасы. Бұл зонада түрлі-түсті әдемі кітаптар, балаларға арналған энциклопедия, экологиялық журналдар,глобус, атлас, ертегі кейіпкерлерінің қуыршақ үлгілері және мынандай техникалық жабдықтар:

телевизор,унтаспа,слайдтар,диапроектр,проектр,аудиотаспалар,пластикалар орналастырылады.

Экологиялық бөлменің қабырғасына дүниежүзінің физико-географиялық картасы ілінеді.

Бөлмеде әртүрлі үлгілер,соның ішінде мектепке дейінгі мекеме аумағының үлгілі,көрнекілікті табиғат күн тізбесіне ілінеді, экологиялық бөлменің безендірілуі бөлмені қауыпсыз безендіру үлгісі бола білуі қажет.

Ол үлкендер мен балалардың тұрмыста салауатты экологиялық қимыл-әрекет жасай білу қабілетін қалыптастыруға ықпал етеді. Осы мақсатпен тек қана табиғи таза нәрселерді

пайдаланған жөн. Мүмкіндігінше , жасанды гүлдер, синтетикалық құрал жабдықтарды пайдаланбаған дұрыс.

Балаларды туған өлеке табиғатына сүйіспеншілігін арттыра отырып, табиғатқа деген қамқорлық сезімдерін ояту, аяушылық қасиеттері мен қайырымдылыққа жол ашу экологиялық тәрбиенің бөлінбес бөлігі деп есептеймін.

Сондықтан айналамыздағы орман-тоғайларды, теңіз бен көлдерді, жан – жануарларды қорғап, аялай білуді үйретуді балабақшадан бастау керек.

Елбасы Н. Ә. Назарбаев ұсынған «Жасыл ел бағдарламасының іске асуына көмектесе отырып, «Ағаш ек, гүл ек, туған жерді түлет!»»

Ұранын алға ұстап, Табиғат-анамызды қорғайық, аялайық, сүйейік!

Ендеше, жас ұрпаққа экологиялық тәрбие беру-бұл баланың өмірге деген құрметін арттыру.

Тірі және өлі табиғат

Тапсырма : Суреттерді топтап, арасын сызықпен қостырыңыз. Мысалы, адамдарды көк сызықпен, жануарларды—қызыл, өсімдіктерді- жасыл сызықтармен қоссын.

«Тіршіліктегі адам мен жануардың, жануар мен өсімдіктің, адам мен өсімдіктің арасында қандай байланыс бар? Ойлан !» дей отырып, осы туралы білімін жетілдіріңіз. Күнделікті өмірде кездесетін осы байланыстарды бақылаңыздар.

Балаларыңызға көмектесіңіз.

Бұлардың бәрі де тірі табиғатқа енеді. Себебі, олар қоректенеді, өседі, тұқым таратады, өледі. Сондықтан олардың тіршілігінде ұқсастық бар, айырмашылықтары да көп.

Сұрақ-жауап

Жануарлар мен өсімдіктердің тіршілігі туралы не білесің?

Өлең оқып беріңіз

Құлын.

Құлдырайды құлын, Дөңгелетіп жерде

Желбірейді тұлым. Айналады көлді.

Желігеді жүйрік, Секілді ұшқыр сұңқар,

Төгіледі құйрық. Болғалы тұр тұлпар.

Әбдірахман Асылбеков

Қызыл күлгін ақ сары Көп ел егіп күтеді

Шешек атқан шақтағы Сатады әр гүл дүкені

Хош иісі сүйсінткен Аларыңды абайла,

Ең әсем гүл бактағы Сабакта бар тікені.

Экология әліппесі

Үй гүлдерін күтуге көмектес. Суын құйып, топырағын қопсыт, шіріген жапырақтарыннан тазарт.

Балаңызбен әңгімелесесіңіз.

Шөп тірі табиғатқа, тас өлі табиғатқа жатады. Ойлан , табиғатты неге тірі табиғат және өлі табиғат деп бөлеміз? Түсіндір

Су , тау, тас, құм , топырақ – өлі табиғат. Өйткені олар қоректенбейді, өспейді, көбеймейді және өлмейді.

Суреттен өлі табиғат заттарын тауып ата . тірі табиғатқа жататын заттар суретте барма? Тауып көр.

Олардың неліктен өлі немесе тірі табиғатқа жататынын түсіндіруге тырыс.

Көркем сөз : Қоршаған орта біздің ортақ үйіміз. Оны таза сақтау керек.

Тиым сөз: Кез келген жерге қоқыс тастама.

Жаңбыр

Әңгімелесу .

Жаңбыр қандай күндері жауады? Жаңбыр жаумас бұрын аспаннан қандай өзгерістерді байқауға болады? Жылдың қай мезгілінде жаңбыр көп жауады? Қай кезде жылы жаңбыр жауады? Жаңбырдың қандай түрлерін білесің ?

Тапсырма : жаңбырлы күннің суретін салдыру.

Сөздік жұмыс:

Нөсер, өткінші жаңбыр ақ жаңбыр, жылы жаңбыр, салқын жаңбыр.
Жұмбақты жаттау:
Көтеріліп теңізден аспанға биік барамын.
Биіктен қайта түскенде, өңі кірер даланың.
(жаңбыр)
Мақал-мәтелдерді айтып мағынасын түсіндіру.
«Жаңбыр жауса жер ырысы,батыр туса ел ырысы»
«Жаңбырмен жер көгерер, батамен ел көгерер»
«Сәуір болса ,күн күркірер, күн күркіресе көк дүркірер»
«Сәуірдегі жауын, сауып тұрған сауын»
Адамдар суды қалай пайдаланады?
Сөйлем құрастыру.
Сумен гүлді суарамыз. Суды ыдысқа құямыз. Сумен ас әзірлейміз.
Сумен жуынамыз. Өзендегі суға шомыламыз.
Орманшы орманға қалай қамқорлық жасайды?
Жабайы аңдар мөлшерден тыс көбейіп кетсе, атады.
Ормандағы тазалықты қадағалайды.
Жас ағаштар отырғызады.
Орманды өрттен қорғайды.
Енелерінен айырылған аңдардың балаларына көмек көрсетеді.
Сөздік қорларын молайту.
Құстар қалай ұшады.
Ретсіз тізбекпен,түзу, тығыз тізбекпен, тырналар тізбегі.
Грамматикалық тұлғада дұрыс сөйлеуге үйрету.
Құстарды жіктеуге арналған сызба арқылы үйрету.
Мысалы: тұмсық басымен, денесі қауырсындармен жабылған.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан-2030. – Алматы: Білім, 1997.-256 б.
2. Жатқанбаев Ж.Ж. «Экология негіздері» курсы. Авторлық бағдарлама //Биология, география, химия. –№5. –1998. –12 б.
3. Сарманов Қ.А. Экология тазалығы.–Алматы, 1994. –60-61 б.
4. Шілдебаев Ж. Экология және табиғатты қорғау. –Алматы, 2002 –121 б.
5. Дәрібаев Ж. Табиғат қорғау дәстүрлері. –Алматы, 1996. –28 б.
6. ҚұлмағамбетовТ. Табиғат тануды оқыту әдістемесі -Алматы, қ университеті, 1988.

УДК 373.2:78:502/504

МУЗЫКА КАК СРЕДСТВО ВОСПИТАНИЯ ЭКОЛОГИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ ДОШКОЛЬНИКОВ

Жақупова Ж.А. - музыкальный руководитель, КГКП «Детский сад-ясли №100» отдела образования по г.Усть-Каменогорску управления образования ВКО, Усть – Каменогорск

Аннотация: -экологическое воспитание детей по средствам использования музыкальных произведений, прививая уважение и бережное отношение к природе.

В настоящее время в дошкольной педагогике уделяется огромное внимание экологическому воспитанию детей. Более двадцати парциальных программ посвящено этой проблеме. В своё время выдающийся педагог В. А. Сухомлинский придавал особое значение

влиянию природы на нравственное развитие ребенка. По его мнению, природа лежит в основе детского мышления, чувств, творчества. Он отмечал, что сама природа не воспитывает, а активно влияет на взаимодействие с ней, и чтобы ребенок научился понимать природу, чувствовать ее красоту, это качество нужно прививать с раннего детства. В соответствии с Федеральными государственными требованиями к структуре основной общеобразовательной программы дошкольного образования одним из основных условий построения воспитательно-образовательного процесса является интеграция образовательных областей, которая дает возможность избежать мозаичности восприятия, способствует воссозданию целостной картины мира. Например, давая детям полное представление о животных, педагог знакомит их с образом жизни, ролью животных в жизни человека, а во время организации музыкально-художественной, продуктивной деятельности и чтения — с образами животных в произведениях писателей, поэтов, народного фольклора, а также с передачей этих образов в творчестве композиторов, художников. Музыкальное воспитание — это не воспитание музыканта, а прежде всего воспитание человека. Посредством музыки воспитываются положительные качества личности, доброе отношение к природе родного края, эмоциональная отзывчивость. Одним словом, музыка оказывает огромное влияние на формирование основ общей культуры человека. Я — человек эмоциональный, творческий, всегда чувствовала связь природы и музыки. Поэтому взяла за основу своей деятельности высказывание В. А. Сухомлинского о том, что если мы сумеем научить ребенка ощущать красоту, изумляться дивным творениям человеческих рук, красоте природы, то воспитаем человека с высокой культурой чувств, а открывать красоту мира возможно через музыку. Я поставила перед собой цель: формирование у воспитанников экологической культуры (или иначе говоря, развитие у детей умения видеть красоту природы и формирование осознанно-правильного отношения к ней) посредством музыки. Для достижения данной цели мною решались следующие задачи: Обогащать представления детей о природном мире; Воспитывать осознанно-бережное отношение к природе; Развивать у детей чувственное восприятие красоты природы и эмоциональную отзывчивость. В своей работе я придерживаюсь следующих педагогических принципов: системность; наглядность; доступность; учет возрастных и индивидуальных особенностей; сезонность. Начала применять на практике разнообразные формы работы в данном направлении. Это различные типы образовательных мероприятий, праздников, развлечений.

Широко применяю в работе комплексный подход к организации непосредственной образовательной деятельности, включая продуктивную деятельность (рисование, лепку, аппликацию). Детям интересны экскурсии на свежем воздухе (например, «Подарки осени», «Встреча с апрельским ручейком», «Братишки-муравьишки» и др.), когда можно услышать шорох листьев, шум ветра, пение соловья, дружное чириканье воробьев, стук каблучков по асфальту, звон капели и т. д., понаблюдать за поведением жука, повадками домашних животных, птиц, и тут же послушать в аудиозаписи соответствующую музыку и обсудить, как композитор передал данный образ или явление природы с помощью музыкальных выразительных и изобразительных средств. Например, наблюдаем совместно с детьми за цирковой собачкой и слушаем пьесу Ф. Лемарка «Пудель и птичка»; рассматриваем гусеницу на листочке и слушаем «Две гусеницы разговаривают» Д. Жученко; наблюдаем за котенком и его мамой-кошкой и слушаем пьесу Б. Берлина «Сонный котенок»; прислушиваемся к звукам приближающейся грозы за окном и слушаем музыку «Гром и дождь» Т. Чудовой и др.

Интегрированные, тематические, комплексные образовательные мероприятия — это творческое дело педагога, ведь их можно организовать по-разному, интересно. Они помогают развить у детей тонкое, чувственное, бережное отношение к миру природы. Я думаю, что представления о природе, полученные в повседневной жизни, могут быть расширены, углублены, систематизированы не только во время организации познавательно-исследовательской деятельности, но и в процессе музыкально-художественной. При совместном восприятии музыки я широко применяю методы наглядности, такие как рассматривание иллюстраций, детских рисунков, фотоэтикеток, репродукций картин художников, а также найти путь к детскому сердцу помогает метод художественного слова, т.

е. читаем с дошкольниками стихи современных детских поэтов, русских поэтов-классиков, обсуждаем созвучность поэтических строк данному музыкальному произведению. Наглядность, поэтическое слово в совокупности с эмоциональными пояснениями, рассуждениями, уточнениями помогают восприятию детьми новых музыкальных образов, связанных с явлениями природы, ее сезонными изменениями, и обеспечивают успешный результат. Также в беседах со старшими дошкольниками предлагаю им не только высказать свои чувства, мысли, ощущения, возникшие под впечатлением услышанной музыки, но и придумать сюжет к ней. Нередко дошколята выражают свои музыкальные впечатления в рисунках. Мы периодически оформляем выставки детских творческих работ «Мы рисуем музыку», где помещаем рисунки, аппликации к полюбившимся детям музыкальным произведениям, песням.

Познакомиться ближе с повадками животных, птиц, насекомых, с особенностями их образа жизни помогают различные пластические этюды, музыкально-образные движения. Дети учатся передавать в движении, пластике образы живой природы (например, березка, склонившая веточки, хомячок, набивший зерном щечки, котенок, свернувшийся клубочком на коврик, и др.). Подобные задания содействуют не только развитию детского музыкально-двигательного творчества, но и формированию представлений о роли человека в жизни природы, о правилах поведения в лесу, у водоемов, в городских парках, воспитанию гуманного отношения к природе. Импровизируя на детских музыкальных инструментах, дети находят различные способы передачи звуков окружающей природы (голоса птиц, весенняя капель, скрип снега под ногами, шелест листья, шаги медведя, и т. д.). Игра — ведущий вид деятельности в дошкольном возрасте. Пальчиковые игры, связанные по тематике с природой (например, «Гриб-грибок», «Паучок», «Апельсин» и др.), народные подвижные и хороводные игры («Васька-кот», «Ворон», «Репонька-репка» и мн.др.), а также музыкально-дидактические игры («Осьминожки», «Птица и птенчики», «В лесу» и мн.др.) помогают мне в решении задач не только музыкального плана (развитие звуко-высотного, тембрового слуха, чувства ритма), но и экологического направления.

Содействуя воспитанию экологической культуры дошкольников, я провела немало праздников, развлечений, досугов с детьми, а также совместно с их родителями. Это различные КВНы, турниры, конкурсы, посиделки, марафоны, театральные постановки (например, праздник «День Земли», «Весенние посиделки в клубе любителей природы», «Птицы — наши друзья», «Кто как от дождя спасается», «Как звери лесные к зиме готовились» и мн.др.) По итогам диагностики дети стали более чуткими к природе, эмоционально отзывчивыми. Диагностика уровня сформированности представлений о природе показала положительную динамику; повысился уровень осознанно-бережного отношения к природе; дети стали более глубоко и осознанно воспринимать образы природы в музыке.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Булкин А. П. «В дружбе с людьми и природой»: — М: Просвещение, 1991.
2. Рыжова Н. А. «Экологическое воспитание в детском саду»: — М: «Карапуз», 2000.
3. Шишкина В. А. «Проблемы и перспективы экологического воспитания в дошкольных учреждениях»: — М: ВООП, 1998.

УДК 37.01 :502 /504 :51

ФОРМИРОВАНИЕ ЭКОЛОГИЧЕСКОЙ ГРАМОТНОСТИ НА УРОКАХ МАТЕМАТИКИ

Жапарова А.М., учитель математики высшей категории, педагог-исследователь КГУ «Средняя школа имени Динмухамеда Кунаева» село Прапорщицково Глубоковского района

Сколько бы человек не изучал природу, не пытался постигнуть все ее тайны, природа вновь и вновь преподносит нам свои сюрпризы и загадки. Нам кажется, что что-то интересное и необычное происходит где-то там, далеко в экзотических странах, на чужих материках или в глубинах океана, и мы не замечаем того, что случается у нас где-то рядом, где все привычно и знакомо.

Радиоактивность - это отнюдь не новое явление: новизна состоит лишь в том, как люди пытались использовать. Радиоактивность и ионизирующие явления существуют на земле до возникновения жизни.

Экологическое образование должно решать следующие задачи:

- учить понимать взаимосвязи в природе; понимать, что природа – это непреходящая ценность, а среда обитания и дом человека;
- развивать потребность общаться природой, наслаждаться её красотой и величием;
- овладевать практическими знаниями и умениями, позволяющими правильно строить свои взаимоотношения с природой.

Экологический компонент в математике может быть реализован при:

- решении задач с экологической тематикой;
- составлении задач учащимися на основе справочно-информационного материала о состоянии окружающей среды;
- построении и чтении графиков о динамике развития экосистем разных уровней;
- проведении измерительных практических работ;
- проведении уроков с экологической направленностью;
- проведении интегрированных уроков;
- проведении внеклассных занятий по математике.

Математические задачи могут быть направлены на сохранение природных богатств, здоровья человека, развитие экологической культуры, в том числе любовь к природе, через возможность увидеть красоту окружающего мира. После решения таких задач необходимо проводить небольшое обсуждение или дискуссию, в ходе которых у обучающихся формируется экологическое сознание.


Каждый курс математики может вносить вклад в формирование экологического сознания. Наиболее благоприятные темы: «Натуральные числа», «Десятичные дроби», «Проценты», «Пропорции», «Положительные и отрицательные числа», «Графики функций», «Степень», «Прогрессии».

Приведу ряд задач экологического содержания для использования на уроках математики.

Инструкция: «Вам предлагается контексты. По текстам нужно определить объем выборки, моду, среднюю дозу, размах, наибольшую и наименьшую дозы радиации».

1. Были проведены замеры радиационного фона в поселке Асубулак Уланского района ВКО и первый объект исследования - хвосты ЦДФ (центральная доводочная фабрика). Хвостохранилище центральной доводочной фабрики (ЦДФ) расположено на западной части поселка Асубулак, состоит из переработанных концентратов, площадь составляет 1000 квадратных метров. На графике приведены результаты. По оси X (м) измерения расстояния каждые 10 метров, по оси Y (мк.ренген)

Первый объект исследования - хвосты ЦДФ



1. Определите объем выборки
2. Найдите моду радиационного фона
3. Найдите размах радиационного фона
4. Найдите среднее значение радиационного фона
5. Определите медиану фона
6. Определите количество участков повышенной радиации(допустимо 50 мк.рентген).

2.Второй объект исследования – Сушилка (место где сушили отработанные концентраты)

Сушилка концентратов расположена на северо-восточной части поселка, представляет собой небольшое здание общей площадью 50,4 квадратных метров.

Измерения проводились на трех участках объекта и результаты приведены в таблицах.

1)

X(м)	10	20	30	40	50	60	70	80	90	110	120
Y(мк.р)	28	38	40	40	56	90	150	28	30	20	18

По таблице определите :

1. Определите объем выборки
2. Найдите моду радиационного фона
3. Найдите размах радиационного фона
4. Найдите среднее значение радиационного фона
5. Определите медиану фона
6. Определите количество участков повышенной радиации(допустимо 50 мк.рентген).

2)Результаты исследования приведены в таблице

X(м)	10	20	30	40	50	60	70	80	90	110	120
Y(мк.р)	38	40	44	40	74	74	84	34	18	18	20

По таблице определите :

1. Определите объем выборки
2. Найдите моду радиационного фона
3. Найдите размах радиационного фона
4. Найдите среднее значение радиационного фона
5. Определите медиану фона
6. Определите количество участков повышенной радиации(допустимо 50 мк.рентген).

3) Результаты исследования приведены в таблице

X(м)	10	20	30	40	50	60	70	80	90	110	120
Y(мк.р)	36	40	42	48	180	170	150	60	20	18	18

По таблице определите :

1. Определите объем выборки
2. Найдите моду радиационного фона
3. Найдите размах радиационного фона
4. Найдите среднее значение радиационного фона
5. Определите медиану фона

6. Определите количество участков повышенной радиации(допустимо 50 мк.ренген).
3.Третий объект исследования-водосбор(место пастбища возле карьера)

Карьер расположен на южной части поселка, недалеко от проезжей части дороги. Местность вокруг карьера используют жители под пастбища.

1)

Результаты исследования водосбора приведены в таблице

X(м)	10	20	30	40	50	60	70	80	90	110	120
У(мк.р)	18	18	18	28	34	20	22	17	17	17	15

По таблице определите :

1. Определите объем выборки
2. Найдите моду радиационного фона
3. Найдите размах радиационного фона
4. Найдите среднее значение радиационного фона
5. Определите медиану фона
6. Определите количество участков повышенной радиации(допустимо 50 мк.ренген).

2)

Результаты исследования на карьере приведены в таблице

X(м)	10	20	30	40	50	60	70	80	90	110	120
У(мк.р)	15	14	16	16	16	18	12	14	14	16	15

По таблице определите :

1. Определите объем выборки
2. Найдите моду радиационного фона
3. Найдите размах радиационного фона
4. Найдите среднее значение радиационного фона
5. Определите медиану фона
6. Определите количество участков повышенной радиации(допустимо 50 мк.ренген).

УДК 373.2:796.01:502 /504

ИНТЕГРАЦИЯ ЭКОЛОГИЧЕСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ И ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ ДЛЯ ФОРМИРОВАНИЯ У ДОШКОЛЬНИКОВ ЗНАНИЙ О ПРИРОДЕ

Жолдотаев Т. В., инструктор по физической культуре, КГКП «Детский сад - ясли №3 Балбөбек» отдела образования по городу Усть – Каменогорску управления образования ВКО

В статье рассматривается интеграция физической культуры в экологическое образование дошкольников. Определяется необходимость внедрения в процесс физического воспитания новых форм организации и содержания, что позволит повысить качество формирования экологических знаний у детей.

В связи с увеличением требований к качеству педагогического процесса детей в рамках дошкольного образовательного учреждения (ДО) возрастает роль всех его компонентов, включая экологическое образование и физическое воспитание. Экологическое образование является ключом к росту экологического сознания и формированию экологической культуры. Эффективность такого вида образования начинается с обучения детей в сфере природопонимания. Основным в рамках экологического образования является формирование у ребенка правильного отношения к природным явлениям и объектам, а наиболее благоприятный период для этого – время посещения дошкольного образовательного учреждения. В то же

время одной из важнейших задач ДО является сохранение и укрепление здоровья детей, что реализуется, в первую очередь, в процессе их физического воспитания. Правильно выстроенная физкультурная работа в ДО позволяет повысить уровень психофизического состояния детей за счет доступности, универсальности и высокой эффективности проводимых занятий, создает привычку у них выполнять физические упражнения в повседневной жизни, способствует формированию ценностного отношения к собственному здоровью и жизни.

В последние годы активизировался поиск путей совершенствования физического воспитания дошкольников, разрабатываются новые подходы к его организации, формам и содержанию. Применение средств физической культуры в экологическом образовании является одним из перспективных направлений деятельности ДО, в рамках которой возможно решение одной из наиболее важных задач воспитания дошкольников – понимание ценности собственной жизни и здоровья через формирование экологической и физической культуры личности. В дошкольных образовательных учреждениях сегодня реализуется большое количество методик и технологий, связанных с формированием у детей знаний в области физической культуры и экологического образования как нового интегрированного направления деятельности. Анализ календарно-тематических планов показал, что в ДО практически не используются средства физической культуры (подвижные игры и йога) в экологическом образовании детей младшего дошкольного возраста. В своей работе специалисты в основном применяют наблюдение, непосредственно образовательную деятельность, чтение художественной литературы и дидактические игры. Между тем, многие средства физической культуры имеют экологическое содержание и поэтому способны эффективно повлиять, в рамках образовательной деятельности в ДОУ, на уровень экологической культуры дошкольников:

1. Физические упражнения позволяют формировать положительное отношение к животному и растительному миру. В процессе выполнения имитационных физических упражнений у детей формируется представление о природе, отдельных представителях растительного и животного мира, особенностях их внешнего вида, повадках, уклада жизни. Дети знакомятся с характером взаимодействия растений и животных. Кроме того, освоение физических упражнений помогает детям развить гибкость, правильную осанку и координацию движений и улучшить общее состояние организма.

2. Подвижные игры ролевого и имитационно-ролевого характера, так же имеют экологическую направленность. Игра, является способом осмысления окружающего мира и места ребенка в нем, освоения поведения, соответствующего различным ситуациям. В процессе игры детьми усваиваются правила поведения в природе и нравственные нормы, развиваются чувства ответственности и сострадания. Примеряя на себя роли животных и растений, воссоздавая их действия и состояния, ребенок проникается к ним чувством сопереживания, что способствует развитию у него экологической этики. Игры помогают ребенку увидеть неповторимость не только определенного живого организма, но и экосистему в целом, осознать невозможность нарушения ее целостности, понять, что неразумное вмешательство в природу может повлечь за собой существенные изменения как внутри самой системы, так и за ее пределами. В процессе общения с природой в игровой форме у детей воспитывается эмоциональная отзывчивость, формируются умение и желание беречь природу, видеть живые объекты во всем их многообразии, участвовать в создании необходимых условий для нормальной жизнедеятельности живых существ, находящихся в пределах детской досягаемости, понимать важность охраны природы, осознанно выполнять нормы поведения в природе. Кроме того, подвижные игры хорошо влияют не только на **физическое состояние детей**, но и улучшают память. Дело в том, что нагрузка на мышцы позволяет контролировать эффективную работу областей мозга, которые отвечают за запоминание новой информации. Таким образом, **экологические** игры являются наиболее эффективной формой воспитания детей.

Таким образом, учитывая все изложенное выше, можно сделать вывод, что для повышения качества экологического образования детей дошкольного возраста помимо общепринятых средств обучения необходимо активно применять также средства физической культуры

(физические упражнения и подвижные игры), которые позволяют перевести процесс обучения из теоретической плоскости в практическую, приблизив ребенка непосредственно к объекту изучения – природе, во всем ее многообразии.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Коновалов И. Е., Бекчиндаева Э. И. Подвижные игры, как эффективное средство экологического образования детей младшего дошкольного возраста // Успехи современного естествознания. – 2013. – № 5. – с. 68-69;
2. Магомедов Р. Р. Азбука физической культуры для детей старшего дошкольного возраста : Учебно-методическое пособие. – Ставрополь: СГПИ, 2011.
3. Тиркашева М. Б., Абдувалиев Х. А., Кирйигитов Х. Б. Проявление **экологических** знаний и навыков на уроках физкультуры // Молодой ученый. — 2014. — №5. — С. 558-560.
4. Шпотова Т. В., Кочеткова Е. П. Цепочка жизни: Эффективные приемы и методы работы с детьми в экологическом образовании и просвещении. – М. : ЭкоЦентр «Заповедники», 2005.

ӘОЖ 373.2.01:502 /504

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРҒА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ МЕН БІЛІМ БЕРУДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Журсынова А.С. -тәрбиеші,ШҚО білім басқармасы Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің №100 балабақша-бөбекжайы» КМҚК, Өскемен қаласы.

Аңдатпа: Бұл мақалада мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие мен білім берудің маңыздылығы жөнінде айтылады.

Табиғат Ананы қорғап, аялау барша адамзаттың борышы, Сондықтан да бүлдіршіндерді айналадағы табиғи ортамен үнемі қарым-қатынаста болуға үйрету, олардың ұғымдарын қалыптастыру, табиғатқа деген жанашырлыққа тәрбиелеу қазіргі балабақшадағы тәрбие ісінің өзекті тармақтарының бірі болып табылады Табиғатпен таныстыру -балалардың танымын дамытудың басты құралдарының бірі. Балабақшадағы тәрбиенің мақсаты - табиғатты аялап,оны қамқорлыққа алып күту,табиғат жөнінде қарапайым білім бере отырып,тірі және өлі табиғаттағы құбылыстар жөнінде қарапайым ұғымдар қалыптастыру. Мектеп жасына дейінгі балаға экологиялық тәрбие беру маңыздылығы табиғаттың әсемдігін ғажаптығын көре білу. Дегенмен, барлығы бұл сұлулықты, аспан, су, жапырақ түстерінің алуандығын көре білмейді. Табиғат балаға күнделікті әсер етеді.Бірақ балалар көп нәрсені байқай бермейді. Табиғат сұлулығы рухани қайырымдылыққа тәрбиелеуде үлкен рөл атқарады, яғни, балаларды мейірімділікке, адамгершілікке, жақын адамдарға қамқор бола білуге көмектеседі. Балалар үшін табиғат-бұл әр түрлі табиғи құбылыстарды танудың және сөздік қорын байыту көзі. Бұл-балалардың сөйлеу және ойлау қабілетінің дамуына ең қолайлы және пайдалы фактор. Табиғат баланың тұлғалық қалыптасуына зор ықпал етеді. Баланың қандай болып өсуі бізге, ересектерге байланысты. Балабақша балаларының экологиялық тәрбиесі алуан түрлі ықпал ету құралдарының көмегі арқылы іске асырылады: саяхат; мұражайларға бару; мақсаттық серуен; телебағдарламалар, бейнефильмдер; табиғат туралы көркем әдебиеттер; суреттерді, фотосуреттерді, иллюстрацияларды тамашалау; музыка тыңдау; дидактикалық ойындар, мақал-мәтелдер. Мектепке дейінгі жастағы балаларға адам мен табиғат арасындағы қарым - қатынасты анықтайтын экологиялық тәрбие беруге байланысты мектепке дейінгі тәрбие мекемелердің алдында негізінен мына төмендегі міндеттер тұр.

Атап айтқанда:

-педагогтардың экологиялық тәрбие беру жөнінде білім деңгейін көтеру;

-балаларды айналамен таныстырудың бағдарламасын, олардың ата- аналарына насихаттау;

-әртүрлі жастағы балалар топтарындағы оқу-тәрбиелік жұмыстар;

Қоршаған ортаны аялауға деген адамның саналы көзқарасын қалыптастыру оның бала кезінен ерте басталуы тиіс. Жаңа ғасырда табиғатсыз баланы тәрбиелеуді көз алдымызға елестете алмаймыз. Сондықтан да балабақшамыздағы тәрбие ісінің негізгі міндеттерінің бірі "Балаларды айналамен таныстыра отырып, оларға экологиялық тәрбие беру" болып табылады. Баланы өз туған өлкесінің табиғатын сүюге, оны аялай білуге, оны қорғауға қызығушылығын арттырып, жауапкершілігін күшейтуге, табиғатпен бірге өмір сүретінін сезінуге үйрету мақсат. Балалармен жұмыс істеу барысында сабақ өтілетін бөлме ғана емес, сонымен қатар мекеме орналасқан ғимарат та әсем болуы керек. Егер балалар сұлулықты өмірден өз көздерімен көре отырып, оның өмірімен байланысын сезіне білсе, онда олар сұлулықтың бар екеніне сенеді. Балаларды табиғатқа деген сүйспеншілікке тәрбиелеу барысында оларды сұлулықты көріп қана қоймай, сол сұлулық жолында еңбектене білуге үйретудің маңызы зор. Біз табиғи факторлар - су, ауа, күнді қолдана отырып экологиялық тәрбие мәселелерін шешеміз. Балаларды өсімдіктер және жануарлар әлемімен таныстыру арқылы, оларды күтіп баптаудың жолдарын үйрете отырып, оларды аялай білуге тәрбиелейміз. Балалар тірі және өлі табиғат арасында, тірі организм мен олардың өмір сүру ортасындағы байланыстарды орнатуды үйренеді. Бала дүниеге келгеннен бастап табиғатпен байланыста болады. Табиғат баланың ақыл ойының балалық деңгейден нақты түсініктер бойынша қалыптасқан жоғары деңгейге жеткізетін қор болып табылады. Ол әртүрлі табиғи құбылыстарды жете түсінуді, өз ойын жеткізе білу өнерін дамытады. Табиғатты танып, білу мектепке дейінгі жастағы баланың бойында табиғатпен эстетикалық қарым қатынас жасаудың базасын құрайтын экологиялық тәрбиені бере отырып, сонымен бірге оны қорғай, аялай білуге үйретеді.

Мектепке дейінгі жастағы балаға экологиялық мәдениеттің алғашқы түсініктерін қалыптастыру үшін:

1. Мектепке дейінгі мекемелерде балаларға экологиялық тәрбие берудің алғы шарттарын құру;

2. Балалардың экологиялық сауығуының дамуы үшін атқарылатын жұмыстарға көгалдандырылған зоналар құру және ұйымдастыру;

3. Тірі объектілерді күтіп-баптауға қолайлы ортаны іс жүзінде құру үшін іс-шаралар ұйымдастыру;

4. Сабақта көркем құралдарды, әдістемелік және материалдық құралдарды, ойыншықтарды, түрлі ертегі кейіпкерлерін жүйелі түрде қолдану;

5. Педагог мамандардың білім деңгейі мен олардың біліктілігін арттыру.

Тәрбиеші-педагогикалық үрдістің ең басты тұлғасы және экологиялық тәрбие берудегі шешуші фактор болып табылады. Ол экологиялық ақпараттар және арнайы материалдармен кең көлемде таныс болуы тиіс, сонымен қатар балаларды тәрбиелеу тәсілдерін қолдана білуі керек. Бала жүрегіне табиғаттың әсері өте зор, сол себептен де ол тәрбиелеу мен дамыту әрекетінде кеңінен пайдаланылады. Дегенмен, табиғат өздігінен бала бойына қажетті жеке тұлғалық сапаларды қалыптастыра алмайды, оған міндетті түрде ересектер тарапынан басшылық жасау қажет. Балалардың табиғатқа қызығушылығы оның құбылыстары арасындағы өзара байланыс пен олардың пайдасын жете түсінгенде ғана арта бастайды. Балабақшадағы тәрбие бағдарламасына сәйкес балаларды табиғатпен таныстыру барысында өзара байланысты білімділік және тәрбиелік міндеттер жүзеге асырылады. Балаларды табиғатпен таныстыру және шынайы қамқорлыққа алу жағдайында адамгершілік және эстетикалық тәрбие беру мақсатында өтіледі. Балабақшада балалардың өздері бақылап, бағып-баптап жүрген жануарлар мен өсімдіктердің болуы оларды қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға, еңбекке деген сүйіспеншілікке және соған дағдылануға үйретеді, сондай-ақ бала бойында бәртіндеп тапсырылған іске жауапкершілік сияқты қасиеттер де қалыптаса береді. К.Д. Ушинский "Баланы табиғатпен жастай таныстыра дамыту, оның өзіндік логикалық ойлауын, сөздік қорын, санасының жетілуіне әсері мол екенін атап көрсеткен. Логикалық ойды, пікірдің дамуы баланың келешекте рухының жоғары болуына, батыл пікір, нақты шешім айтуына және оны дәлелдеп беруге жетелейді. Балабақшадағы экологиялық тәрбие жұмысы, тәрбиенің негізгі салалары болып есептелетін адамгершілік, эстетикалық, еңбек тәрбиелерінің желісінде және

халықтық педагогиканың қайнар бұлағын пайдалана отырып жүргізсе, айналадағы орта, табиғат жайындағы жалпылама ұғымдар нақтыланып, қалыптаса береді. Экологиялық тәрбие жұмысына орай көрнекіліктерді қолдана отырып, табиғат бұрышының жабдықталуына байланысты конкурстар ұйымдастырылып экология проблемалары туралы, жағымды және жағымсыз әрекеттер бейнеленген картиналар пайдаланылғаны, ата-аналар мен тәрбиешілердің бірлескен жұмысының нәтижесінде табиғат туралы шағын кітапхананы өлі және тірі табиғатпен жабдықтау арқылы көрме ұйымдастырылғаны дұрыс. «Күз сыйы», «Құстарға көмектесейік», «Табиғатты сүйеміз», т.б ертеңгіліктер бала еңбегімен ұштасып, әр педагогтың ізденімпаз әрекеті ғана болашақ табиғат жанашырын тәрбиелей алады дей келіп, тәрбие жұмысын жүргізудің мынадай екі нысанасына назар аударамыз: а) балалардың айналадағы табиғатқа деген сүйіспеншілігін оятып, ұғымын кеңейту, оның әсемдігін нәзік сезінуге, өсімдіктер мен жануарлар дүниесін қамқорлыққа алуға баулу. ә) балабақшада табиғат жайында алғашқы ұғымды қалыптастыра отырып қарапайым білім беріп, осының негізінде тірі және өлі табиғаттағы құбылыстар жөнінде нақты және жалпылама таным-түйсік қалыптастыру. Өсімдіктер туралы ұғымдары кеңейтіліп, оның ішінде күнбағысқа т.б өсімдіктерге тоқтала, оның күнге қарап өсуіне байланысты аталатын және дәнінен май сығып алып, күнделікті өмірде пайдаланатындығын айтып әңгімелеу, олардың сондай-ақ өсуі үшін белгілі бір жағдайлар-топырақ, ылғал, күннің нұры, жылуы керек екені түсіндіріледі. Кейбір жануарлардың өсіп дамуы жөнінде балалардың білімі толықтырылады, құстар жұмыртқалайды, балапан басып шығарады, оларды азықтандырып асырайды және түйе ботасын, сиыр бұзауын, ит күшігін, мысық баласын өз сүтімен асырайтындығы түсіндіріледі. Балалардың жабайы хайуандар (қасқыр, аю, түлкі, қоян, кірпі) олардың тіршілігі, қорек табу әрекеті жөніндегі ұғымдары кеңейтіледі. Адамгершілік тәрбиесінің мәнісі баланың адамдарға, айналадағы ортаға, туған өлкеңіз табиғатына деген сүйіспеншілігін, қамқорлығын арттыруды көздейді. Туған өлкеге сүйіспеншілікті тәрбиелеудің негізгі құралы-ұлттық тілі, мәдениеті, көркем өнер туындылары, әдеби шығармаларды: өлең, ертегі, жұмбақ, жаңылтпаш, мақал-мәтел, аңыз-әңгіме, батырлар жырын тыңдау арқылы ана тілінің құдіреттілігін сезінумен қатар, оны сүюді үйренеді. Адам табиғат пен өмірдің бар өзіндігін ән-жырға қосып, оның әдемі де сұлу көріністерін бала санасына ән арқылы жеткізе білген. Халқымыздың қандай ән - әуені болмасын мейірім -шапағатқа, мәнді мазмұнға, ұлағатты тәлім-тәрбие, терең философияға негізделіп жазылған. Сондықтан да ол сезімге әсер етіп, балалардың мінез-құлқы мен адамгершілік қасиеттерін, эстетикалық талғамын дамытуға ықпал етеді. Халық балаға табиғаттың құпия сырларын ән арқылы жеткізуге бірге, өмір сүрудің негізгі көзі адал еңбекке де баули білген. Эстетикалық тәрбие нысанасы-баланың бойындағы әдемілік, әсемдікке іңкәрлігін оятып, табиғат сұлулығын сезіне білу, сүйсіне білу қабілетін ұстарту, көзін ашқан бұлақтай талғам қиялын ұштау. Осы тұрғыдан алғанда табиғат балаларға эстетикалық тәрбие берудің бірден-бір құралы болып есептеледі. Айналадағы орта, орман, су, тау, тас, жайқалған жасыл желек, құстардың сайраған әсем дауысы, жануарлар дүниесі, олардың барлығы бала жанына әсер етіп назарларын қытықтап, табиғат әсемдігі туралы түйсігін тоғайтады. Тәрбиеші балаларды табиғат құбылыстарымен таныстырып қана қоймай, әдемілікті түсініп, сезе білуге, күн сәулесінің шуағын, жанбырдың нұрын, ормандағы құстардың сайрағанын зерделеп түсінуге баулиды. Балалардың зейінін табиғат жанашырларының іс-қимылына аударып, олардың қимыл әрекеттерін бақылатады, мұның бәрі балалардың эстетикалық сезімін оятып, еңбектену білуге, табиғат байлығын жанашырлықпен қорғауға үйретеді. Табиғатта болып жатқан алуан түрлі болып жатқан құбылыстар желісі, алуан түрге енетін әуе кеңістігі, қызылды-жасылды ағаштар жемісі бәрі-бәрі адам баласын таңқалдыратыны сөзсіз. Міне, адам баласының табиғатты жырлау шеберлігі, табиғатпен сырласуы-осының айғағы. Қалай десек те, табиғаттың күйін, әсемдігін, қазынына толы қоймасын көрсек жанымыз тойғысыз, жырласақ тіл жеткісіз. Яғни, адамзат өмір бойы барлығын табиғаттан үйренді, үйреніп келеді. Міне, сондықтан да табиғатқа адамзаттың қыруар өлшеусіз қарыздылығы оның табиғат тынысын тазартып, аялай білумен қатар, көркем бейнесін қалпына келтіріп, әлемнің жеті кереметін жетпіс кереметке жеткізумен өлшенбек. Себебі, табиғат пен адам - егіз. Біз жас ұрпақ табиғаттың қорғаны. Атадан балаға мирас болып

келе жатқан табиғатымызды көздің қарашығындай сақтап,анамыздай аялап, келер ұрпаққа таза күйінде қалдыруымыз керек. Табиғат адамның бойына қуат,көңіліне шабыт, сезіміне ләззат шапағатын ұялататын сұлулық пен әсемдік әлемі. Сол сұлулықты,әсемдікті жоғалтпай қастерлеуіміз керек.Бұл жайында халқымыздың қалдырған тағылымдық, тәрбиелік мәні зор: " Атаңнан мал қалғанша,тал қалсын" " Бұлақ көрсең,көзін аш" ," Бір тал кессең,он тал ек" тағы да басқа ұлағатты сөздері, табиғатқа сүйіспеншілікпен,қамқорлықпен қарап, үйлесімділік сақтағанда,адамзат баласы үшін табиғат кең сарай, мәңгі тозбас құтты қоныс болады. Жер бетіндегі барлық тіршілік атаулы Табиғат-Анаға қарыздар. Сондықтан да табиғатқа немкетті қарау,онымен санаспау ана сүтін ақтамағанмен пара- пар. Адам баласы Табиғаттың ең ұлы перзенті болумен бірге,ең ұлы қамқоршысы да екенін ешқашан естен шығармауымыз керек. Табиғат озбырлықты көтермейді. Оны мәпелеп баптап, мейіріммен аялау арқылы ғана қажетті үлесінді үзбей ала аласың. Табиғат қазынасын қастерлеген адам ғана ұлы мұратқа жетеді. Өз адамгершілігінің салмағын өлшегің келсе, табиғаттың сыр сипатын түсіне білуге әрекет жасап көр. [2] Адам табиғаттың ең сенімді, айнымас досы, қамқоры, қорғаушысы. Туған жеріміздің баға жетпес қазынасын ысырап етпей, еселеп артыра беру жолында талмай, жалықпай еңбек ету барлық үлкен- кішінің абырайлы борышы, мүлтіксіз атқаратын міндеті. Табиғат-адам үшін жайлы мекен, барлық игіліктің бастауы. Адамзаттың басты міндеті табиғи қуат көздерін орнымен пайдалану, табиғат әсемдігін сақтау, қоршаған ортамен үйлесімді өмір сүру,мейірімділік нұрын шашу екенін ұмытпайық." Адам табиғатқа тәуелді болса, табиғат та оған тәуелді", демекші,барша байлықтың анасы - Жер. Жерді күтіп баптай білу, оның қойнауынан қазба байлықтарын игеріп ала білу, табиғат пен қоршаған ортаны түлетіп гүлдендіре беру өз қолымызда.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Балабақшадағы экологиялық тәрбие /Отбасы және балабақша-1996. №11-12/
2. Көбеева Н «Бала және табиғат» || Үйелмен және балабақша. – 1993. № 5.
3. Құлшанова С Табиғатты қорғау. || Отбасы және балабақша. – 1993. № 6.
4. Керімбаева Р Табиғат. Бала. Тәрбие.|| Отбасы және балабақша. – 1997. № 1 – 3.
5. Жұмабекова Ф.И Көркемдік тәрбиені ұйымдастыру ерекшеліктері. || Бақшадағы көркемдік тәрбие.

ӘОЖ 373.01:502 /504 :17

ОРТА БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІН ЖАҢА RTУ- ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЭТИКАҒА ЖОЛ АШУ

Заманбекова Ж.А., қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәні мұғалімі,ШҚО білім басқармасы Аякөз ауданы бойынша білім бөлімінің «С.Ғаббасов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі»КММ

Бүгінгі таңда білім беру саласы жеке тұлғаны дамытуға бағытталып,оқыту мазмұнының құрылымына басқа көзқараспен қарауды қажет етеді, яғни оның біртұтастығы,жеке тұлғаның қажетін қанағаттандыруға бағытталуы.Оқушының жеке тұлға болып қалыптасуына негізделген функционалдық сауаттылық арқылы ой-өрісін дамытып,тәрбие құндылықтарын қалыптастыру-оқу үрдісінің негізгі мүддесі.

Бүгінгі таңдағы білім беру жүйесіндегіжанашыл,заманауи жобалардың бірі-«Спиральді оқыту» бағдарламасы.Д.Брунердің пікірінше,оқушы тақырыпты қайталап оқыған сайын есте сақтайды әрі тың ой қосып,материал жинақталады.Сөйтіп ,құрделенген тақырып алдыңғы алынған біліммен байланысты болып, арнасы кеңейе түседі.Барша адамзаттың алдында тұрған ауқымды мәселе-табиғатты қорғау мәселесі,Табиғат-Ананың берген ресурстарынтіімді пайдалану, күннен күнге маңыздылығы артып отырған экологиялық проблеманың көкейкестілігі күн санап арта түсуде.Біртұтас,үздіксіз білім беру процесінде қоршаған орта мен адам денсаулығын сақтау-маңызды құндылықтардың бастысы.

Қазіргі таңда еліміздің білім беру жүйесіндегі реформасына түрлі жаңалықтар енгізілуде, жаңашыл, заманауи жобалар жасалуда. Солардың бірі — «Қазақстан Республикасы орта білім беру мазмұнын жаңарту» аясындағы жаңартылған білім беру жобасы. Бұл жоба «Спиральді оқыту» бағдарламасы деп те аталады.

Спиральділік қағидаты бойынша құрылған білім беру бағдарламасы Джером Брунердің «Білім беру үдерісі» (1960) атты еңбегінде қарастырылған танымдық теорияға негізделеді. Оның пікірінше, ең күрделі материалдың өзі дұрыс құрылымдалып, дұрыс ұсынылатын болса, оны тіпті кішкентай балалар да түсіне алады.

Брунердің жұмысына негізделген спиральді білім беру бағдарламасының негізгі ерекшеліктері:

- оқушы мектепте оқыған кезде тақырыпты немесе пәнді бірнеше рет қайталап оқиды;
 - әрбір қайталап оқыған сайын тақырыптың немесе пәннің күрделілігі арта түседі;
 - жаңа білім алдыңғы біліммен тығыз байланысты және бұған дейін алынған ақпарат тұрғысынан қарастырылады.
- Спиральді білім беру бағдарламасын жақтаушылар оның төмендегідей басымдықтарына назар аударады:
- оқушы пәнді қайталап оқыған сайын ақпарат толықтырылып бекітіліп отырады;
 - спиральді білім беру бағдарламасы жеңіл идеялардан анағұрлым күрделі идеяларға қисынды жолмен ауысуға мүмкіндік береді;
 - оқушыларды соңғы оқу мақсаттарына қол жеткізу үшін бұрын алған білімдерін қолдануға жетелеу ұсынылады.

Орта білім беру жүйесінде оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру қажеттілігі өмірдің өз талаптарынан туындап отыр. Осы ретте жеке пәндердің ролі арта түсуде. Дүние тану « бастапқы курсында экологиялық білім негізі қалыптасса, «Өлкетану «курсында өз туған өлкесінің проблемаларының бірі және бірегейі ретінде теориялық білімдерін арттырып, экологиялық мәдениеті қалыптаса бастайды. Алған білімдерін география пәнінде қайталап әрі материал қосып байыта түседі. Табиғатпен етене байланыста болған адам оның » айтуға тілі жоқ сезімдеріне» жауапкершілікпен қарайды.

10сыныпта қазақ тілі пәні мұғалімі ретінде « Қазақ тілі « пәнінен «Адамзат әлемі және құндылықтар» атты сабақта қандай да бір нәрсенің объективті және субъективті бағалану деңгейіне қарай материалдық, табиғи, көркем, адами деп оқушыларды 4 топқа бөлу арқылы тірек сөздер: қалып, жіктеу, адамзаттық, ұлттық, құндылық сөздерін қолдану аясында бұрынғы оқыған тарих пәніндегі тақырыптардан , әдебиет сөзінен Абайдың өлеңдерінен адамның әлеуметтік болмысын талдауға үйрету, пікірталасқа даярлауға ой-көкпар өткіздім. Өмірдегі құндылықтарды Абайдың «Сен де бір кірпіш дүниеге...» өлеңі негізінде ақынның өлеңін талдау барысында құндылықтарға салыстырмалы талдау жүргіздім. » Дүниеге қалану « ұғымын дәстүрлі, мәдени, рухани құндылықтардың ізгілікке бастайтын, қоғамды, «адамды сүйі, бауырым деп « деу арқылы адам-адам арасындағы қарым-қатынасты дамыту, адамның бойына шынайы кісілік қасиеттерді сіңіретін , сыйлауға ықпал ететін рухани қайнар көз ретіндегі мәнін аштым. Осы ретте адамның басты фактор ретіндегі өзі үшін қажет құндылықтарды айшықтай түсетін –адамның ары, денсаулығы, адалдығы, өмірі, тіршілігі үшін қажет экологиялық мәдениетін өмірдегі барлық маңызды экологиялық проблемалармен сипаттадым. Бұл жерде «экологиялық мәдениеттің» жеке ұлттық, ұлтаралық деңгейде емес, бүкіл дүниежүзілік деңгейдегі адамзатқа әсер ететін проблемалар қатарында сипаттадым. Оқулықта келтірілген даналардың интонациялық сөздеріне мән бере, лайықтап жеткізуге тырыстым. Финалдық құндылық ретінде экологиялық және психологиялық процестердің тепе-теңдігін бұзылуына әкеп соғады. Осы тұрғыда ғалым Э.А. Тұрдықұлов: «Білім-тұлғаның экологиялық мәдениетін қалыптастыруының негізі болып табылады. Оқушы оны мектеп дәуірінде, ақпарат құралдарынан өз туған елі, жері туралы кітап қорларынан үйренеді. Табиғат пен қоғам жайында

ғылымда жинақталған білім,білік,дағды жүйесін жеке тұлға мектепте сабақ барысында меңгереді және оны өмірде тиімді етіп қолдана алады.

Тұлғаның экологиялық мәдениеті басқа мәдениеттермен тығыз байланысты.Олар интеллектуалдық-танымдық мәдениет,жаратылыстану ғылыми-білімділік,табиғат заңдылықтарын таныу олардың өзара заңды байланыстарын қамтамасыз етеді» Экологиялық тәрбиенің мақсат-мүддесі-субъектінің экологиялық мәдениетін қалыптастыру жаратылыстану,тарих,құқықтық білімдерді кешенді қолдану табиғатқа деген жаңа экологиялық этикалық қатынас орнату.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Жанартылған білім беру бағдарламасы
2. Ж.Дәулетбекова ,Қ.Рай,Л.Жұмекенова .10 сыныптың «Қазақ тілі оқулығы».Алматы»Атамұра»2019
3. Ғаламтор материалдары

ӘОЖ 373:57:908

БИОЛОГИЯ САБАҚТАРЫНДА ӨЛКЕТАНУ МАТЕРИАЛДАРЫН ҚОЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Исинова М.О., биология пәні мұғалімі, «Өрел орта мектебі» КММ, Өрел ауылы, Катонқарағай ауданы

Жаңа технологиялар ғасырында біз өткен өміріміз бен қазіргі және болашақ арасындағы сабақтастықты жоғалтпауымыз керек. Бұл жұмыста биология сабақтарында жергілікті жердегі өлкетану материалдарын қолдану арқылы оқушылардың өзі өсіп – өнген аймаққа деген сүйіспеншілігін арттыру, мақтаныш сезімін тудыру арқылы өз елінің патриотын тәрбиелеудің бір жолы екендігі жайлы сөз қозғалады.

Мектепте өлкетану материалдарын кіріктіру жұмысы негізгі үш түрде:

Пән сабақтарының мазмұнын аймақтық компонент арқылы жетілдіру

Өлкетану жеке факультатив сабақ ретінде

Сабақтан тыс уақытта мектептің тәрбие жұмыстарының құрамында

Биология сабақтарында өлкетану материалдарын оқыту оқушылардың туған жерге деген сүйіспеншілік сезімін арттырады. Оқушыларды қоршап тұрған табиғат пен өмір ешбір суреттермен және коллекциялармен ешқашан теңдестіруге болмайтын тамаша көрнекі құрал. Жергілікті жердегі аймақтық компонент материалдарын оқыту арқылы оқушылардың ізденімпаздығын, байқампаздығын, сезімталдығын, белсенділігін, логикалық ойлау, іске шығармашылық көзқарасын тәрбиелеуге болады. Туған өлкенің өткенімен, қазіргі кезімен және жорамалды болашағымен, табиғи, тарихи, экономикалық, мәдени және басқа да ерекшеліктерімен танысу оқушылардың дүниетанымын қалыптастыруға жағдай жасайды. Сондықтан да аймақтық компонент элементтерін мүмкіндігінше әр сыныпқа енгізіп отыруға тырысамын, кестеде кейбір тақырыптарға қолдану барысы көрсетілген. (Кесте 1)

Кесте 1- Биология сабақтарына аймақтық компонент енгізу

№	Сабақтың тақырыбы	Сын ып	Өлкетану материалдарын пайдалану
1	«Қазақстанда ерекше қорғалатын аймақтар. Жергілікті жердің ерекше қорғалатын аймақтары»	7	КМҰТП аумағындағы табиғи, мәдени ескерткіштер
2	Қазақстан Республикасының экологиялық проблемалары. Себептері	8	ШҚО ауа экологиясы ШҚО су экологиясы

	мен салдарлары. Оларды шешу жолдары.		
3	Қазақстанның экологиялық проблемалары және оларды шешу жолдары	11	КМҰТП өсімдіктер экологиясы КМҰТП жануарлар экологиясы
4	Зертханалық жұмыс «Жергілікті жердің экожүйелерін зерттеу (мектеп ауласы мысалында)».	7	“Бұқтырма жағалауы” немесе кез-келген су экожүйесіне топсеруен
5	Өсімдіктердің өсімді жолмен көбеюі, оның түрлері және табиғаттағы биологиялық маңызы. Зертханалық жұмыс «Өсімдіктердегі вегетативті көбею тәсілдері».	7	Қысқы бақтағы немесе сынып бөлмесіндегі бөлме өсімдіктерін көбейту түрлерімен танысу Мектеп ауласында телу жұмыстарын жүргізу
6	Зертханалық жұмыс «Тағамдық заттар құрамынан С дәруменді анықтау»	8	Энергетикалық сусындар мен ЖЖ қарақат, мойыл, көкбою өсімдіктерінің химиялық құрамын зерттеу
7	Қазақстан Республикасының Қызыл кітабы. Жергілікті өңірдің ҚР Қызыл кітабына енгізілген жануарлары мен өсімдіктері.	7	Тик-ток челлендж: Менің туған жерім-Катонқарағайдың табиғат байлығы
8	Сирек кездесетін және жойылып бара жатқан өсімдіктер мен жануарлардың түрлерін қорғау	11	Видео: Катонқарағай аумағының флора мен фаунасы
9	«Хромосоманың құрылымы. Генетикалық материалды сақтаушы және тасымалдаушы ДНҚ жайлы түсінік. Адамда белгілердің тұқым қуалауында гендер мен ДНҚ рөлі»	7	Берел қорғанындағы табылған адам сүйектерінің ДНҚ сараптамасы
10	Экологиялық жағдайлар мен экологиялық есептер шешу	11	ЖЖ экологиялық сұрақтар мен есептер

Мысалы, 7-сыныпта «Қазақстанда ерекше қорғалатын аймақтар. Жергілікті жердің ерекше қорғалатын аймақтары» тақырыбын өткенде Катонқарағай ұлттық паркі туралы мәлімет беріледі. Парк аумағы, шекарасы, қорғалатын флора, фаунасы менің сабақтарымның ажырамас бір бөлігіне айналған. Атап айтсам, 7-сынып бағдарламасында өсімдіктер мен жануарлар туралы әр сабақта өлкетану материалын енгізу мүмкіндігі зор. Ұлттық паркте қорғалатын, сирек кездесетін, Қызыл кітапқа енген өсімдіктер мен жануарлар туралы әр сабақта мәліметтер беріледі. Жыл сайын наурыз-мамыр аралығында халықаралық «Парктер шеруі» акциясы өтеді. Сонымен қатар, сыныптан тыс шаралар, тәрбие жұмыстары, ғылыми жоба жұмыстары Катонқарағай аумағындағы өсімдіктер мен жануарлар әлемімен тығыз байланысты. Мектепішілік және аудандық, облыстық экологиялық бағытта ұйымдастырылған шараларға оқушылар белсенді қатыстырылады. Аудандық және облыс көлеміндегі мектептерге экологиялық туризм жұмыстары үнемі ұйымдастырылып отырады, туристерді тарихи-мәдени орындарға барып қайтуына мектеп оқушылары өз үлестерін қосуға мүмкіндіктері мол.

Біздің оқушыларымыз жергілікті жердегі/ЖЖ/ өлкетану материалдарымен етене жақын таныс деп айтуға болады. Біздің жергілікті жердегі маңызды тарихи мәдени орын – Берел қорғандары, бұл маңызды өлкетану материалы ретінде менің сабақтарыма таптырмас бағалы

көрнекіліктер болып отыр. Өткен ғасырдың аяғында археологтар ашқан әлемдік деңгейдегі үлкен жаңалықтардың бірі -Алтайдағы осы Берел қорғандары. Соңғы уақытта Берел қорымынан табылған заттарды зерттеуде алғаш рет жаратылыстану ғылымдарының әдістері пайдаланылды. Бұл зерттеулердің нәтижесінде ерте көшпелілердің ДНҚ-сын анықтауға болатын, сонымен қатар Берел даласының палеоэкологиясы, палеозоологиясы мен антропологиясы бойынша құнды мәліметтер алынды. Антропологтардың зерттеулері бойынша қорымда табылған сүйектердің қалдықтарынан алынған митохондрия ДНҚ-сының талдауы жерленген екі адам бір-біріне туыстық қатынасы бар екені және монголоидты нәсіл белгілері бар еурпеоидты бет-әлпет анықталды. Молекулалық-генетикалық зерттеулер нәтижесінен ЖЖ бұрынғы және қазіргі тұрғындарының атаегі ортақ екендігі жайлы гипотеза ұсынылып отыр. Бұл мәліметтерді 7-сыныпта «Хромосоманың құрылымы. Генетикалық материалды сақтаушы және тасымалдаушы ДНҚ жайлы түсінік. Адамда белгілердің тұқым қуалауында гендер мен ДНҚ рөлі», 10-сыныпта «Дезоксирибонуклеин қышқылы молекуласының қызметі» тақырыбында қолданып тарих пәнімен кіріктірілген сабақ өткізуге болады. Оқушылар қызығушылықпен сабаққа құнды мәліметтерімен келуге тырысады.

7-сыныпта «Қазақстанда ерекше қорғалатын аймақтар. Жергілікті жердің қорғалатын аймақтары» тақырыбын өткенде «Эйзенхауер матрицасы» әдісі бойынша оқушылар жергілікті жердегі шұғыл және шұғыл емес қорғалатын табиғи, мәдени ескерткіштерді зерттеумен айналысады, сабақтан тыс уақыттарда экскурсияға шыға отырып, ерекше қорғалатын аймақтарды қалай қорғауға болатынына болжамдар ұсынып, экотуризмді дамытуға өз үлестерін қосуға тырысады.

8-сыныпта «Қазақстан Республикасының экологиялық проблемалары. Себептері мен салдарлары. Оларды шешу жолдары» және 11-сыныпта «Қазақстанның экологиялық проблемалары және оларды шешу жолдары» тақырыбын өту барысында жергілікті жердегі экология мәселелеріне/ауа, су, топырақ/ және КМҰТП өсімдіктері мен жануарлары экологиясына тоқталып кетуге болады. Жеке оқушыға немесе топқа экологиялық тақырыптағы проблема ұсынылады. Оқушылар өз проблемасының туындау себебін, салдарын және шешу жолдарын инфографика, сызба, кластер түрінде ұсынады, «Зигзаг әдісі» бойынша оқушылар жұмыстарымен алмасады, өз идеяларын қосады. Жалпы қорытындысы шығарылады.

7-сыныпта «Жергілікті жердің экожүйелерін зерттеу (мектеп ауласы мысалында)» тақырыбында зертханалық жұмысты орындау үшін оқушыларды сабақтан тыс уақыттарда: 1. Бұқтырма жағалауының экожүйесіне немесе кез-келген су экожүйесіне топсеруен жасай отырып, кездескен өсімдіктер мен жануарлар түрлерімен таныстыруға болады. Өзен шетіндегі қолжетімді тоқтау сулардың қауіпсіз тұстарынан жасыл балдырларды көруге болады және оның біраз мөлшерін кабинетке әкеліп препарат жасап /көбінесе спирогира балдыры/ микроскоптан қарауға мүмкіндік бар. 2. Оқушыларға үйге ЖЖ кез-келген экожүйені мысалға ала отырып, моделін жасап келуге тапсырма беруге болады.

7-сыныпта «Өсімдіктердегі вегетативті көбею тәсілдері» зертханалық жұмысын орындау барысында мектептегі қысқа бақта немесе сынып бөлмесіндегі бөлме өсімдіктерін көбейту түрлерімен танысады, көктем мезгілінде мектеп ауласында телу жұмыстарымен айналысады. Катонқарағай ұлттық паркінде барлық өсімдіктер мен жануарлар қорғалатындықтан, тұрғындардың қолданып жүрген табиғат өнімдерінің пайдалану мөлшерлемесі бар/ағаш кесу, жеміс-жидек теру т.б./ Биылғы жылы осы мәселенің шешу жолын қарастырып отырмыз, яғни жабайы табиғат тепе-теңдігін бұзбау үшін мәдени өсімдік түрлерін қолдан өсіруді жалғастырып, қызыл және қара қарақаттың қалемшелерін дайындап көбейтуді жөн көрдік. Өсімдіктерді көбейтудің әр түрлі заманауи әдістері бар екенін білеміз, дегенмен біз ауыл жағдайында қолжетімді қарапайым әдісін таңдап алдық. Кабинетте қарақат қалемшесін тамырландырып, күтіп-баптап күн жылына сала мектеп үлескісіне отырғызамыз. Биылғы жылы барлығы 65 түп қызыл және қара қарақат қалемшесі отырғызылады деп жоспарланып отыр. Бұданғы отырғызылған жеміс бұталарының жемісі алынып, оқушылардың тамақтануына қолданылып отыр. Қарақаттан басқа Алтай рауғашы, танқурай, алма ағашы да өз жемісін беріп отыр.

Осы бағытта 8-сыныпта «Тағамдық заттар құрамынан С дәруменді анықтау» тақырыбымен зертханалық жұмыс берілген. Бұл жұмысты орындау үшін оқушылар энергетикалық сусындар мен ЖЖ қарақат, мойыл, көкбояу өсімдіктерінің химиялық құрамын зерттеумен айналысады. ЖЖ табиғи өнімдерден сусындар жасап ғылыми жоба қорғаған оқушылар бар. «Жасыл аптека» үйірмесінің мүшелері жергілікті жердегі дәрілік өсімдіктерді жинаумен айналысып, жемісі, тұқымы, жапырағы, сабағы сияқты мүшелерінен әр түрлі фито чайлар әзірлеумен айналысады. Мектепке әр түрлі шараларға келген оқушылар мен ұстаздарға және туристерге фитобар ұйымдастырылып отырылады.

11-сыныпта «Сирек кездесетін және жойылып бара жатқан өсімдіктер мен жануарлардың түрлерін қорғау» және 7-сыныпта «Қазақстан Республикасының Қызыл кітабы. Жергілікті өңірдің ҚР Қызыл кітабына енгізілген жануарлары мен өсімдіктері» тақырыптарын өту барысында оқушылардың өздеріне шығармашылық тапсырмалар беруге болады. Оқушылардың қазіргі таңда цифрлы сауаттылықтары жоғары деңгейде деуге болады. Сол себепті мысалы, «Менің туған жерім-Катонқарағайдың табиғат байлығы», «Катонқарағай аумағының флора мен фаунасы» тақырыптары бойынша Тик-Ток челлендж, видеолар, презентациялар жасап келуге тапсырма беріліп отырылады. Бұл тақырыптармен проблемалық сабақтар өткізуге болады, оқушыларға проблемасы бар мәтін беріледі, сол мәтінді оқи отырып, F1A4 толтырады./фактілер, идеялар, оқыту сұрақтары, іс-әрекет/

«Экологиялық жағдайлар мен экологиялық есептер шешу» тақырыбы арқылы 11-сыныпта аймақтық компонент кеңінен қолданылады, экологиялық есептердің шешуін тауып, экологиялық жағдайлардың шешу жолдарын ұсына алады. Мысалы, ойлануға арналған тапсырмалар: 1.Алтай тауының түкпіріне жол тартқан жаралы бұғыны аңшы қуа береді. Бұғының соңынан қуып жеткен аңшы оның буы бұрқыраған батпақты бұлаққа шомылғанын көргенде қатты таң қалады. Кейін бұл бұлақ осы аңшы атымен аталады. Бұл қай бұлақ? /Рахманов бұлағы/ 2.Бұл көлдің орта тұсы қап-қара болып, иірімденіп жатады. Көлге түсіп шомылуда адам өзінен-өзі жүрексінеді. Тағы бір қызығы – көлдің қарсы жақ жағалауларының арасының алыс еместігіне қарамастан, кейде келесі жағадағы адам көрінбейді. «шайтан алып кетті ме, қайда кетті?» дегеннен көл атауы қалыптасқан. Яғни бұл тапсырмалар арқылы оқушылар ойланып жауабын анықтайды және өз жерлеріндегі табиғат құрауыштарының шығу тегі, атауының тарихы, ерекшеліктері, флорасы мен фаунасының алуантүрлілігі жайлы білімдері толығырақ түседі.

Жанартылған білім мазмұнына сай биология пәні бағдарламасы толықтай өзгерді деуге болады. Дегенмен өлкетану материалдарын күнгізбелік жоспарға байланысты кіріктіруге мүмкіндік өте көп, тіпті биология пәнінің әр сабағы аймақтық компонент элементінсіз өтпейді деуге болады. Аймақтық компонент енгізілген сабақ күтілетін нәтижеге, функционалдық сауаттылыққа, экологиялық сауаттылыққа бағыттайды, сол себепті мүмкіндігінше әр сыныпқа қолданып отыруға тырысамын.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. «Биология және салауаттылық негізі» ғылыми-педагогикалық журналдарының басылымдары, 2019-2022 жж.
2. «Жасыл әлем сырлары» Қ.Сыбанбеков. Алматы, Рауан
3. Катон-Карагайский государственный национальный природный парк. Сборник. Усть-Каменогорск.
4. Өлкетану.Жалпы білім беретін мектептің 5-7-сыныптарына арналған оқулық. Ж.С.Әубәкірова, А.С. Жанбосынова, Э.О.Столярова.-Алматы: «Атамұра», 2018.
5. «Редкие и исчезающие виды растений Казахской части Алтай-Саянского экорегиона» Информационный проект. Усть-Каменогорск.
6. Интернет материалдары.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ АРҚЫЛЫ БАЛАЛАРДЫҢ ТАБИҒАТҚА ДЕГЕН ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

Исканова Д.Е. - тәрбиеші, ШҚО білім басқармасы Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің «№100 балабақша-бөбекжайы» КМҚК, Өскемен қаласы.

Андатпа: Бұл мақалада экологиялық тәрбие арқылы балалардың табиғатқа деген қызығушылығын арттыру туралы айтылған.

Табиғат – біздің ортақ үйіміз. Табиғатқа деген сыйды жоғалту адамзаттың адамгершілік құндылықтарын жоғалтуға әкеліп соқтырады. Қазіргі уақыттағы әлемдегі экологиялық жағдай адам көзқарасының өзгеруін талап етеді. Өсіп келе жатқан ұрпақта жаңа экологиялық сезім қарастырылуы керек деп санаймын. Келешекте балалар кім болса да, олар қоршаған ортада рөлдерін бөліп, табиғат заңдылықтары бойынша өз түсініктері болуы керек. Экологиялық тәрбие мен білім беру – қазіргі таңдағы айқын бағыттардың бірі. Экологиялық мәдениеттілікке тәрбиелеу неғұрлым ерте басталса, соғұрлым оның болашағы зор болмақ. Баланың сәби кезінен экологиялық мәдениеттілік санасын тәрбиелеу – осы мәселелердің шешілу жолдарының бірі болып табылады. Мектепке дейінгі ұйымдардағы экологиялық тәрбие берудің маңызды міндеті – балаларды табиғаттың әсемдігін көріп түсіне білуге, тірі табиғатқа қамқор бола білуге үйрету және экология саласы бойынша нақты білім беріп, аймақта қолданылатын ресурстары шектеулі екенін түсіндіру керек. Біз баланы табиғатты пайдаланып қана қоймай, оған қамқор болуға, оны күтіп аялауға үйретуіміз керек. Экологиялық білім берудің басты міндеттері:

- өсімдіктермен жануарларды күте білу дағдыларын қалыптастыру.
- қоршаған ортада алған әсерлерін жеткізе білу, эмоциялық көңіл-күйлерін басқара білу дағдыларын жетілдіру.
- қоршаған ортаны сүйе, табиғатты қорғай білуді жүйелі түрде жүзеге асыру. табиғат пен бала арасындағы оңтайлы қарым-қатынас орнату.
- адамның табиғаттағы тіршілік әрекеті және жеке гигиена жайындағы білімдерді тиімді жолдарымен жеткізу.

Экологиялық тәрбие жұмысын жүргізу, оқытудың негізгі формалары бақылау, қызықтау, серуен болып табылады. Тәрбиешінің табиғи нысандары мен табиғат құбылыстарын бақылауды ұйымдастыруы, балаларды табиғатпен таныстырудың негізгі мәселесі болып есептеледі. Қызықтау кезінде балаларды таза ауада , көз тартар әдемі гүлдер мен ағаштар арасында болуы көтеріңкі көңіл- күймен қатар табиғат сұлулығын сезіне білуіне зор әсер ететіні анық. Ал серуен кезінде, тәрбиеші балаларды табиғатпен таныстырып, өсімдіктерге су құю, құрғақ жапырақтарды бірге жинау, ағаш түптерін тазалау т.б. сияқты қарапайым еңбек түрлеріне қатыстырады. Мұндай еңбек түрлерін орындау, балалардың еңбекке деген жауапкершілік сезімдерін дамытып, ынтасын арттырады. Экологиялық тәрбие жұмысын ұйымдастыруда тәрбиенің негізгі салалары болып табылатын адамгершілік, эстетикалық еңбек, имандылық тәрбиелерімен сабақтаса жүргізу басшылыққа алынады. Балаларға мазмұнда көрсетілгендей өлі және тірі табиғатпен одан әрі таныстырып, табиғат құбылыстары жайында бастапқы жалпылама ұйымдарды нақты түрде меңгеру дайындалған ұяларға жем шашу, ерекшелігіне орай күзгі табиғат құбылысы (жаңбырдың жаууы, адамдардың пайдалы іс әрекеті, ауладағы жапырақтарды жинау, жылы жакка ұшатын құстарды бақылау, т.б.). Қыстап қалған құстарға қамқорлық, табиғат бұрышындағы құстар мен өсімдіктерді күту, балыққа жем беру. Ерте көктемде ұшып келетін құстарға үлкендер көмегімен дайындалған ұяларға жем шашу, ауладағы гүл, көкөніс өсімдіктерін өсіруге жәрдем беру. Бұршік жарған ағаш бұтақтарын (бұтақ, бұршік, өсімдік) т.б. мағынасына сай түсіндіру. Наурыз мерекесінің қарсаңында жас шыбықтар отырғызып, оны күтуді күнделікті әдет дағдыға айналдыру. Көктемнің әдемі келбетін жырайтын өлең жолдарын әнге қосу, сөз жұмбақтар шешу, дидактикалық, қимылды ойын түрлерін пайдалану, өз ойларын табиғат көрінісінің суретін салып, әңгімелеп айтып беру.

Жаз кезінде тәрбиешілердің ұйымдастыруымен өзен-көл жағасына, баққа, гүл алаңына барған кезде айналаның тазалығына мән беру. Бұл әр баланың жауапкершілік дағдысын, ұжымдық бірлігін арттыруда, балалардың ойлау тұтастығын, яғни табиғатты қорғау көзқарасын дамыту үшін, жыл мезгіліне сай мақсат-міндеті айқындалған экологиялық тәрбие жұмысы оқу жылының өн бойында жүргізіліп отырады. Экологиялық тәрбие берудің басты мақсаты бала бойында азаматтың барын, білім, көзқарас пен сенім жүйесін орнықтыру болып табылады. Бұл қоршаған ортамен қарым-қатынаста тәрбиелік, ұқыптылық ережелерін орындау, табиғатты аялап, оған қамқорлық таныту қабілетін дамытуда негізделеді. Балаларды мектепке дайындауда экологиялық тәрбие жұмысы мынадай міндеттердің негізінде жүзеге асырылады:

* Балаларды өсімдіктер мен жануарларды күтіп баптауға баулу, олардың бойында қабілет пен икемділікті орнықтыру.

* Табиғаттың сан алуан сырлары мен байлықтары жөнінде эстетикалық және ұлт жандылық сезімдерін дамыту.

* Табиғатта барлық нәрсенің бір-бірімен өзара байланыста болатынын түсіндіру және оған байланысты күнделікті өмірде ескеру қажеттігін үйретіп отыру.

* Балабақшада табиғат жөнінде қарапайым білім бере отырып, осының негізінде тірі және өлі табиғаттағы құбылыстар жөнінде жалпылама және нақты түсініктерді меңгерту.

К.Д.Ушинский “Баланы табиғатпен жастай таныстыра дамыту, оның өзіндік логикалық ойлауын, сөздік қорын, санасының жетілуіне әсері мол екенін атап көрсеткен. Логикалық ойдың, пікірдің дамуы баланың келешекте рухының жоғары болуына, батыл пікір, нақты шешім айтуына және оны дәлелдеп беруге жетелейді”, – деген. Сондықтан мектеп жасына дейінгі балаларға табиғат жайлы білім берген маңызды. Балаларды әр жыл мезгілімен таныстыра келе, оның әр бір өзгерістері жайлы, сонымен қатар әсемдігі мен әдемілігі жайлы, сұлулығы мен бір-біріне ұқсамайтын ерекшеліктері жайлы, жануарлардың түрлері мен өсімдіктердің сан алуандығы, тіпті тастар мен құмдар, ауа, су, бұлт, барша ғаламға жылу мен жарық сәулесін шашқан күн мен қараңғы аспанда өз сұлулығымен әрленген жұлдыздар мен ай жайлы, жалпы өлі табиғат пен тірі табиғат жайлы түсініктер, тіпті олардың адам өміріне пайдасы мен зияны жайлы серуен кезінде ұйымдастырылған оқу қызметі кезінде білім берудемін.

Балабақша өміріндегі экологиялық тәрбиені отбасындағы қалыптасқан дәстүрлі тағлымдарды башылыққа ала жүру. Міне, осы міндеттердің барысында балалардың экологиялық таным-түсінігін тереңдетіп, олардың табиғатқа деген жаңа мәдени қарым-қатынасын бекіту. Мұндай жұмыс түрі балалардың физиологиялық даму, психологиялық жас ерекшеліктерін ескеріп, әдіс-тәсілдерді шебер пайдаланып, шығармашылықпен жұмыс істейтін біздер сияқты тәрбиешілер басшылығымен жүргізіледі. Оқу жоспарында экологиялық тәрбие жұмысын аптасына бір рет, айналамен таныстыруды бір рет өткізілу көзделген. Экологиялық тәрбиенің психологиялық аспектілеріне орай бала табиғатқа жанашырлық, қамқорлық және еңбекқорлық, белсенділік, ұқыптылық сияқты дағдыны меңгереді. Экологиялық тәрбие тақырыбына сай іріктеліп, бала жасына сай алынуды тиіс, мұндай шығармаларды тәрбиешінің қарапайым тілмен жеткізе білуі баланың табиғатқа деген жауапкершілік қарым-қатынасын арттырып, әрекет түрлерін меңгеруге мүмкіндік береді. Тәрбие жұмысы кезінде ұлттық ерекшелікті сақтай білу, ертегіні кейіпкерлендіру, қызықты сәттер, проблемалық жағдайлар, ойын түрлерін, ырым-тыым сөздерді пайдалану, баланың обал-сауап туралы түсінігін кенейтіп, өз бетінше дербес шешім қабылдай білуіне баулиды. «Жер, су, ауа», «Жапырағына қарай анықта», «Кім жылдам?», табиғат құбылыстарына байланысты сөз жұмбақтарды шешу т.б. ойын түрлері арқылы бала қоршаған орта туралы түсінік алады, дүние сырларын түсініп, аңғара бастайды. «Табиғат – бүкіл тіршілік атаулының алтын ұясы, тал бесігі, өсіп-өнер мекені», яғни табиғатты қорғау экологиялық тәрбие жұмысымен ұштастырумен табылады.

Қорытындылай келе мектеп жасына дейінгі балаларға өз табиғатымызды сақтап, оның әсемдігімен таныстыра отыра, өзіміздің өмір сүруімізге зор әсер ететіндігін, табиғат пен адамдар тығыз байланыста екендігін, бір-біріңіз тіршілік болмайтынын түсіндіре отыра қоршаған ортаға деген қызығушылықтарын арттыруға, қамқор болып, қорғауға тәрбиелеуіміз керек. Сонда ғана табиғатымыздың ауасы таза, берер құдіреті көп болмақ деген ойдамын. Осы

әсем табиғатымызды келешек ұрпақтан-ұрпаққа мұра етіп қалдырып отыру керектігі жөнінде болашақ тәлімгерлерге білім беріп отырмын. Адам баласы Табиғаттың ең ұлы перзенті болумен бірге, ең ұлы қамқоршысы да екенін ешқашан естен шығармауымыз керек. Табиғат озбырлықты көтермейді. Оны мәпелеп, баптап, мейіріммен аялау арқылы ғана қажетті үлесінді үзбей ала аласың. Табиғат қазынасын қастерлеген адам ғана ұлы мұратқа жетеді. Өз адамгершілігінің салмағын өлшегің келсе, табиғаттың сыр сипатын түсіне білуге әрекет жасап көр. Адам табиғаттың ең сенімді, айнымас досы, қамқоры, қорғаушысы. Туған жеріміздің баға жетпес қазынасын ысырап етпей, еселеп арттыра беру жолында талмай, жалықпай еңбек ету барлық үлкен-кішінің абыройлы борышы, мүлтіксіз атқаратын міндеті. Табиғат – адам үшін жайлы мекен, барлық игіліктің бастауы. Адамзаттың басты міндеті табиғи қуат көздерін орнымен пайдалану, табиғат әсемдігін сақтау, қоршаған ортамен үйлесімді өмір сүру, мейірімділік нұрын шашу екенін ұмытпайық”. Адам табиғатқа тәуелді болса, табиғат та оған тәуелді”, демекші барша байлықтың анасы – Жер. Жерді күтіп баптай білу, оның қойнауынан қазба байлықтарын игере ала білу, табиғат пен қоршаған ортаны түлетіп гүлдендіре беру өз қолымызда.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Құлшанова С Табиғатты қорғау. \\ Отбасы және балабақша. – 1993. № 6.
2. Керімбаева Р Табиғат. Бала. Тәрбие. \\ Отбасы және балабақша. – 1997. № 1 – 3.
3. Жұмабекова Ф.И Көркемдік тәрбиені ұйымдастыру ерекшеліктері. \\ Бақшадағы көркемдік тәрбие.

ӘОЖ 913:37.01

АЙМАҚТЫҚ КОМПОНЕНТТЕРДІ ГЕОГРАФИЯ САБАҒЫНДА ҚОЛДАНУ

Казбекова Г.Ж., география пәнінің мұғалімі ШҚО ББ Глубокое ауданы бойынша білім бөлімінің «Д.Қонаев атындағы орта мектебі» КММ, педогог-модератор

Аймақтық білім беру - сол аймақтың тарихын, табиғатын, экономикалық және экологиялық, географиялық жағдайын, халықтың ұлттық құрамын анықтау, сипаттау болып табылады. Ол жан – жақты ізденісті, көлемді түрде зерттеу жүргізуді, экологиялық білім мен тәрбие беруді талап етеді. Осы орайда өзіміздің туған өлкеміз Өскемен қаласына тоқталып өтер болсақ. Өскемен – Қазақстанның көрікті қаласы және түсті металдар орталығының бірі. Экономикалық жағдайы жылдан жылға дамып, өсуде. Өлкемізде биік таулар мен ұзын өзендер, көлдер, қорықтар жалпы географиялық нысандардың барлық түрі кездеседі. Табиғатына қараса көз тоймайтын, сөзбен айтып жеткізе алмайтын керемет көріністерді байқауға болады. Мысалы: табиғаттың тылсым күші әсерінен пайда болған «Қиын керіш» шатқалы. Ол қызыл топырақты құлама жарлардан, өркештелген адырлардан, қызғылт сары, ақ, көк және басқада сан түрлі топырақты мұнаралардан тұратын ерекше сипатқа ие. Марқакөл қорығы - республикамызда құрылған алтыншы мемлекеттік қорық. Бұл қорықтың ұйымдастырылғандағы негізгі мақсаты - маңайда сирек кездесетін бағалы аңдарды, құстарды, өсімдіктерді және көктемде балық уылдырық шашатын өзендер арналарын қорғап, сонымен бірге орман мен айдын көлдерін, тау, өзендердің әсем табиғатын табиғи қалыпта сақтау. Ал экологиялық жағдайы ірі өнеркәсіп орындары көп болғандықтан, ең лас қалалардың қатарында. Сондай-ақ өлке табиғатының нашарлауына антропогендік факторларда әсер етуде. Жер, су ресурстарын бей-берекет пайдалану, ормандарды отау мен балықтарды заңсыз аулау, сату және т.б. Сол себепті география сабағында аймақтық компоненттерді қолдану арқылы өлкеміздің ластануына қарсы күресу туралы, экологиялық білім мен тәрбие беру өте қажет деп ойлаймын. Оқыту барысында оқушыларды табиғатын, туған жерді, қоршаған ортаны қорғауға, отанға деген сүйіспеншіліктерін арттыруға баулу.

География сабақтарында аймақтық компонентті қолдану оқушылардың танымдық, практикалық және шығармашылық білімдерінің қалыптасуында маңызды рөл атқарады. География сабағында аймақтық компонентті қалыптастыру түрлерін былай жіктеуге болады:

1) Оқушылардың болашақтық, экологиялық-картографиялық біліктерді кезең бойынша игеруі;

2) Жеке тұлға ретінде қалыптасуында күрделі, сарамандық жұмыстарды кіріктіру;

3) Оқу процесінде барлық ұйымдастыру формаларын қолдану;

4) Көрнекі құралдар мен әр түрлі оқыту әдістерін кеңінен қолдану;

5) Сыныптан тыс жұмыстарды география сабағында қолдану.

Оқушыларда алғашқы экологиялық білімі осы география пәні арқылы қалыптасады. Сондықтан мен өз сабағымда біріншіден оқушыларға жалпы аймақ туралы мәліметтер жинауды, оны өңдеп, қарапайым жоспар құруды, өз бетінше жұмыстар орындауды, дайындық кезінде сол жоспар негізінде жұмыс жасауды үйретемін.

Екіншіден өлкетанушылық бағытта, аймақтың физикалық, экономикалық, экологиялық, түсініктерін қалыптастыру арқылы аймақтық компонент моделін құрастыру. Яғни, жобалау әдісі арқылы теориялық білімдерін тәжірибе жүзінде пайдалануға мүмкіндік беремін. Бұл оқушылардың пәнге деген қызығушылығы мен ынтасын арттыруға көмектеседі.

Үшіншіден аймақтың жағдайын ғаламдық мәселелермен салыстыру арқылы қорытынды жасау. Аймақтың ауасын ластаушы факторларды анықтау, өсімдіктер мен жануарлар экологиясын зерттеу, оларды тіршілік ету ортасына қарай бөлу т.б. Ол жалпы өлке табиғатын сақтап қалу жолдарын, құрып бара жатқан өсімдіктер мен жануарларды қорғауға, өз өлкесінің табиғатын бағалауға баулиды.

География сабағында аймақтық компоненттерді пайдалану – үздіксіз зерттеулер мен тәжірибелерді, жан-жақты ізденісті талап ететін күрделі мәселе. Сол мәселелерді шешу барысында жергілікті жердің материалын оқыта отырып, әр мұғалім Қазақстанның патриоттарын, елін, жерін құрметтей білетін азамат тәрбиелеп шығарары сөзсіз.

Жалпы алғанда аймақтық компонентті география сабағында қолданудың тиімділігі - оқушылардың бойында өз өлкесі, оның табиғаты, табиғат ресурстары, ауыл шаруашылығы, белгілі адамдары, өлкенің аудан, облыс, аймақ және республика үшін маңызы жайлы білім жүйесін қалыптастыру, оқушыларға өз өлкесі жайлы толық және нақты мәліметтерді беру болып табылады. Әр сабақта аймақтық компонентті пайдалану тиімді екеніне көзім жетті.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Жаратылыстану ғылымдары саласындағы қазіргі заманғы зерттеулері , Өскемен 2015 ж.
2. География және табиғат – 2012 ж.

ӘОЖ 591.5 :913

ТАБИҒАТ СЕҢІҢ ҚОРҒАНЫҢ, ҚОРҒАНЫҢДЫ ҚОРҒАЙ БІЛ! БЕРЕГИ, СОХРАНИ ПРИРОДУ ЗЕМЛИ. LET IS CARE NATURE!

Кенжебаева А. Т. - ШҚО ББ Өскемен қаласы бойынша ББ «№45 бейінді орта мектебінің» биология пәні мұғалімі;

Дабинава А. Т. - ШҚО ББ Өскемен қаласы бойынша ББ «№46 орта мектебінің» биология пәні мұғалімі

Экологиялық мәдениет пен тәрбие беру бүгінгі күннің өзекті мәселесіне айналып отыр. Жас ұрпақты туған жерін және тұрған жерінің табиғатына алаңдауы тиіс. Десекте осы заманғы техниканың дамып отырған кезінде жастардың ой өрісін интернет желісінен бір уақыт болса да көңілдерін табиғатқа бұрып, саналарына ата-бабалары қалдырған асыл сөздермен тәрбиелеуден жалықпаған мұғалімдерге мың алғыс деп бастасам дұрыс болар.

Мектебіміз құрылғанына бес жыл көлемінде ауламызды гүлдендірумен көгалдандыруды бірінші күннен қолға алған мектеп басшымызға келген қонақтар ризашылықтарын білдіріп алғыстарын жаудыруда.



С помощью иллюстративно-наглядного материала можно формировать знания об объектах и явлениях природы, которые в данный момент или в данной местности наблюдать невозможно (например, показать диких зверей или домашних животных других климатических зон можно только на картине).

ДИКИЕ ЖИВОТНЫЕ ДОМАШНИЕ ЖИВОТНЫЕ



Для успешного освоения программного материала в группе созданы необходимые условия:

В группе оформлена **мини-библиотека**. Здесь собрана разнообразная литература тематической направленности, детские энциклопедии растительного и животного мира для **детей дошкольного возраста**. Литературу известных детских писателей природоведов Пришвина, Бианки использую на занятиях, тематических чтениях. В свободное время с детьми разучиваем стихи о природе известных наших поэтов А. С. Пушкина, Н. А. Некрасова, И. А. Бунина и других.



Иллюстративно-наглядный материал позволяет дать детям представление о длительно протекающих в природе явлениях (например, рост и развитие растений и животных, сезонные явления природы). С помощью иллюстративно-наглядного материала удается успешно обобщать и систематизировать знания детей. Особую роль здесь следует отвести демонстрации моделей, с помощью которых появляется возможность углубить знания детей, помочь им понять сущность явления, установить связи и отношения.

Реализация поставленных задач в полной мере возможна лишь при условии тесного взаимодействия детского сада и семьи. С этой целью для родителей проводятся консультации, памятки. Родители помогают в оборудовании уголка природы где регулярно пополняют его необходимым

материалом. Результаты диагностики показывают, что в образовательной области «Познание» с использованием содержания программы, у детей старшей группы значительно повысились и представлены в таблице:

№1 Результаты сравнительной диагностики освоения содержания программы ОО «Познание»

Годы	Высокий уровень	Средний уровень	Низкий уровень
2020-2021уч. г	68%	32%	0%
2021-2022уч. г.	92%	8%	0%

В результате цель работы и уровень экологического знание успешно увеличился на 24%, показывает хорошие результаты.

Планирование работы на будущее.

1. Продолжить поиск новых источников и новых технологий по экологическому воспитанию.
2. Разработать перспективное планирование по экологическому воспитанию в старших группах.
4. Разработка и внедрение долгосрочного проекта.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Азбука экологического воспитания // Дошкольное воспитание. – 1995. – № 5.
2. Веретенникова С. А. Ознакомление дошкольников с природой. – М. : Просвещение, 1993.
3. Николаева С. Н. Как приобщать ребенка к природе : метод. мат-лы для работы с родителями учреждений. – М., 1993.
4. Николаева С.Н. Юный эколог М.2005г.
5. Программа «От рождения до школы» под редакцией Н.Е. Вераксы 2012 г.
6. Рыжова Н.А. Наш дом- природа. М.206 г.
7. Соломенникова О.А. Экологическое воспитание в детском саду. Программа и методические рекомендации. М.2008г.
8. Шиленок Т. Помощь педагогу в работе по экологическому воспитанию дошкольников
9. Дошкольное воспитание. –1992. – № 7–8

ӘОЖ 37.01:913

АЙМАҚТЫҚ КОМПОНЕНТТЕРДІ САБАҚТА ҚОЛДАНУ

Нығызбаева Г. Ж., химия-биология пәндері мұғалімі ШҚО білім басқармасы Глубокое ауданы бойынша білім бөлімінің «Дінмұхамед Қонаев атындағы орта мектебі» КММПраторицикова ауылы

Қазіргі білім беру жүйесінде алдыңғы орынға қойылған өзекті мәселенің бірі-сабақта аймақтық компоненттерді жергілікті ерекшеліктерді пайдаланып, оқушыларға экологиялық білім ме нтәрбие жайлы айтылады.

Оқытудың негізгі міндеттердің бірі – жас ұрпақтың экологиялық білімі мен көзқарастарын қалыптастыру, оларды табиғатты қорғау, табиғи қорларды тиімді пайдалану және өмір сүрген ортасы мен еңбектенетін жерінде жоғары, саналы, экологиялық білімді пайдалана білетін азамат ретінде тәрбиелеу.

Елбасының - 2050 жылға дейінгі стратегиялық даму бағдарламасында “Қоршаған ортаны ластауға экологиялық қалыпты жағдайды бүлдіруге жол бермеу, оқушыларға экологиялық білім беріп, табиғатты қорғау, тәрбиелеу бүгінгі күннің кезек күттірмейтін өзекті мәселелерінің бірі” делінген.

Экологиялық білім беру дегеніміз – адамзат қауымы, қоғам, табиғат және қоршаған орта үйлесімділігінің ең тиімді жолдарын жеткіншек ұрпаққа түсіндіру.

Экологиялық білім мен тәрбие берудің ең негізгі мақсаты:

- Табиғи қорларды тиімді пайдаланумен қорғауда жеке адамның жауапкершілігін күшейту;
- Қоршаған орта мен адамзат араларындағы үйлесімділікті сәйкестендіру;
- Экологиялық білім, әдеп, сана мен мәдениетті қалыптастыру.

Сондықтанда бүгінгі таңда біздің аса жауапты міндеттеріміздің бірі-оқушылардың қоршаған ортаға, туған өлке табиғатына, жергілікті флораға сүйіспеншіліктерін арттыру. Қоршаған ортаны қорғап, аялай білетін адамгершілігі мол туған өлке табиғатының байлығын сақтап және молайта түсуге алдағы уақытта ат салысатын азаматтарды тәрбиелеу болып табылады.

Қоршаған орта мен табиғатты тиімді пайдалана отырып, соны сақтау үшін келенсіз әрекеттер жасамау – осы кездегі ең басты бағыт. Табиғаттың байлығын қажеттілігімізге жүйелі жаратудың орнына оған жаппай үлкен қауіп төндіретін ормандардың оталуы, аң мен құстардың есепсіз жойылуы, адамның ақыл ойын аздыратын арақ пен есірткінің таралуы осы экологиялық апаттың көзі болып отыр. Шынында, біз табиғатқа деген тұтынушылық көзқарастың тұтқынында отырмыз, оған ештеңе бермей, бәрін алуға тырысамыз. Табиғат бізсіз өмір сүре алады, ал біз одан тыс өмір сүре алмаймыз. Аймақтық компоненттерді пайдалану сабақты жетілдіре түсуге бүгінгі таңда жаппай үздіксіз экологиялық білім мен тәрбие беру мәселесі мемлекеттік деңгейде қойылып отыр. Химия сабақтарында жергілікті материалды тиімді пайдалану білімнің күнделікті тұрмыспен байланысын арттырады, туған өлке ерекшелігімен танысып, оқушылардың сапалы білім, саналы тәрбие алуына көмегін тигізеді

Мектептегі экологиялық білім мен тәрбие берудің орталығы – сабақ. Сабақ арқылы мұғалім мен оқушы арасында барлық оқу-тәрбие жұмыстары, әдіс-тәсілдер арқылы жүзеге асырады. Химия пәнінде экологиялық бағытта жүргізілетін жұмыстар оқушылардың дүние танымын кеңейтіп, экологиялық санасын қалыптастырып, мәдениетін көтереді, оқушылардың елжандылық сезімдерін тәрбиелеуге әсер етіп, экологиялық біліктіліктерін арттырады.

Экологияны оқыту барысында оқушыларға берілетін оқу-тәрбиелік жұмыстарының ең маңызды мақсаттары мен міндеттерін басшылыққа алу керек. Олар:

оқушылардың қоршаған орта туралы білімін кеңейтіп, олардың ғылымға деген қызығушылығын арттыру;

ой-өрістің шығармашылық белсенділігін дамыту;

зерттеушілік қабілетін дамыту, экологиялық мәселелерді түсіндіру және өз бетінше шешуге дағдыландыру;

оқушылардың практикалық іс-қабілетін дамыту және оны өміршең етуге баулу;

оқушылардың жергілікті жердің экологиялық проблемаларын шешудегі жеке басының жауапкершілігін қалыптастыру.

Химия пәні оқушыларға үздіксіз толық экологиялық білім мен тәрбие беру құралы. Төменгі сыныптарда алған білімі арқылы дүние танымы біршама қалыптасады.

«Жану», «Қышқылдар», «Оксидтер» тарауында экологиялық мәселелер өте көп. Әсіресе, ауаның ластану көздері, қышқыл жаңбырлар, озонның жұқаруы туралы мәліметтер беру арқылы пәнаралық, күнделікті өмірмен байланысты жүзеге асыра отырып, олардың экологиялық көзқарастарын қалыптастырамын. Мысалы: 9 сыныпта «Көміртек қосылыстары» тақырыбын өткен кезде отынды жағу және өзге өндірістік әрекеттердің нәтижесінде соңғы 100 жыл ішінде ауаға 400 млрд т. көміртегі(IV) оксиді барып, оның ауадағы қанықпасы 18% -ке артқан. Жыл сайын ауаға 200 млн.т көміртегі (II) оксиді (иіс газы) 50 млн.т. азот оксидтері (улы газдар) барады. Ауыр өнеркәсібі дамыған біздің қаламызда, яғни Өскемен қаласында осындай газдар бөлінуін жиі сеземіз. Сондай-ақ «Су» тақырыбын өткенде судың құрамында кейбір химиялық элементтер шектен тыс көп болуы адам денсаулығына зиянды екенін түсіндіремін. Мысалы: суда кадмий көп болса-қан айналымы бұзылады, асбест-ісік ауруын, хром-бүйректі құртса, сынап-ішек ауруын тудырады. Бұлар холестеринмен бірігіпқан тамырлары мен тамырша көздерін бітей бастайды. Нәтижесінде адамдарда-скелероз, инсульт, инфаркт ауруларына шалдығады.

Өсімдік-тіршілік тірегі. Ғаламшардағы өсімдіктер жылына 400 млн.т оттегін бөліп шығарады. Жылына 1 адам тыныс алу үшін 173 мың литр оттегі қабылдайтындығы анықталған.

Жасыл желектер ауаны шаң мен улы газдардан тазартады. Өсімдіктер ауаға ауру тудыратын бактериаларды жоятын ерекше зат бөліп шығарады, айналадағы шуды да бәсеңдетеді. Ал шу адамның жүйке жүйесіне әсер етіп, қан қысымын көтереді. Сондықтан

өсімдіктің қызыметін бірде-бір жетілген механизм атқара алмайды. Қазақ әрқашан жасыл әлемді аялап, құрметтеп, «көкті жұлма, көктей соласың» деп ұрпақтарға даналық сөздермен тәрбиелеген. Сондықтан сабақтарда көбінесе мақал-мәтелдерді қолданамын.

Аймақтық компоненттерді пән сабақтарында, тәрбие сабақтарында, сондай ақ мектепшілік шараларда да баса назарда ұсталып, қолданылады.

Аймақтық компонентті оқытудың мақсаты:

— Оқушылардың бойында туып өскен жеріне, туған жердің табиғатына, мәдени орындарына, тарихына деген құрметті арттыру.

Аймақтық компонентті оқытудың міндеті:

— Өз еліміздің табиғаты, тарихы туралы мәліметтер жинақтау, өз еліміздің намысын қорғайтын патриоттар дайындау.

Экологиялық білім беруде аймақтық компоненттерді пайдалану арқылы оқушылардың ізденімпаздығын, байқампаздығын,

белсенділігін, қызығушылықтарын арттыруға болады.

Туған жерін, оның табиғатын сүйіп өскен әрбір жеткіншек болашақта ел тізгінін қолына ұстай алатын мықты тұлға болып қалыптасары анық.

Табиғат – сұлулықтың өмір бақи таусылмас қайнар көзі. Табиғатты қорғау барлық адамзаттың міндеті, әрі парызы екенін бір сәтке де естен шығармағанымыз абзал.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. «Адам және қоғам мәдениеті». Алматы 2000ж
2. «Экология және бала денсаулығы». 1991 ж
3. «Биология және салауаттық негізі» журналы 2013,2015ж
4. «Химия мектепте» журналы №1,2-2016

ӘОЖ 373.2 :502 /504

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРҒА БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕНІҢ МАҢЫЗЫ

*Сабырбаева М.С., – тәрбиеші, Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы
Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің «№3 «Балбөбек» балабақша-бөбекжайы»
КМҚК, Өскемен қаласы*

Мақалада мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбиені бойына сіңіру, экологиялық мәдениеттің құндылығын арттыру туралы айтылған.

21-ғасыр жаһандану заманында тіршіліктің көзі табиғатқа аса көңіл бөлінуде. Мұнда қоршаған орта мен адамзат арасындағы үйлесімділік маңызды рөл атқарады. Адам табиғаттың бөлшегі болса, керегіміздің барлығын осы табиғаттан алатынымыз рас. Сол үшін де бүкіл жер бетіндегі адамзатты қатты ойландыратын және кезек күттірмейтін тақырыптардың бірі — қоршаған ортаны қорғау, табиғатты тиімді пайдалану. Соңғы кезде қоршаған ортаның ластануы барынша көкейкесті проблемаға айналып отыр, өйткені техникалық прогрестің және адамның ойланбай жасаған әрекетінің салдарынан өмір сүруге қажетті нәрселердің бәрі ластануда. Сондықтан да, бүгінгі күні экологиялық тәрбие өзекті мәселелердің қатарында және де оны адамзаттың бойында бала кезінен оқытып, тәрбиелеу қажет. Экологиялық тәрбиені меңгерген бала ғана болашақта табиғатты аялауға, оны сақтауға ат салысады.

Дамыған кезінде өмір сүріп жатқандықтан, әрбір отбасы ұзақ жұмыстан кейін таза ауада дем алғысы келеді, отбасымен табиғат аясына шығады. Тәрбиенің тал бесіктен екенін ескеретін болсақ, жап-жасыл әдемілікпен, саф ауамен тыныс алған соң, артында қызық қалдырмауды кішкентай баланың санасына құя беруіміз керек. Осындай кішкене жұмыстар күнделікті әдет болып қалыптасатын, экологиялық тәрбиенің дінгегі болар еді. Оған әсер ететін қоршаған

ортасы, ата-ана, ұстаз. Санасы әлі де ғажайыпқа сенетін, зұлымдығы жоқ бала табиғаттың тылсым күштеріне қызыға қарайтын, соған өз үлесін қосқысы келетін уақыт – мектепке жасына дейінгі кезеңі. Менің тәрбиеші-ұстаз ретіндегі міндетім барынша осы кезеңді сәтті пайдалану. Ол дегеніміз, қызықты бақылаулар жүргізіп, әдеби, ғылыми-әдістемелік нұсқаулармен жұмыс жасау. Көп жағдайларда балалар табиғатта кездесіп жатқан көптеген жағдайларды көріп, оларға жауап таба алмай жатады. Әр сұраққа жауап тапқан сайын олардың көп білсем, оқысам деген қызығушылығы арта түседі.

Мектеп жасына дейінгі балаларға берілетін білім барлық ақпараттың фундаменті. Сол себепті аймақтық компонентті мақсатты әрі тиімді пайдалануға тырысамын. Алдымен баланың қоршаған ортамен эмоционалды-практикалық жолмен байланысы орын алу керек:

- әр түрлі ойындар арқылы, мысалы «Мен білетін қала, ауыл» ойыны. Мақсаты: туған өлкенің тарихымен етене танысады. Балалар өздерінің болған аймақтарын сипаттайды, табиғаты, ауа-райы қандай болғанын, қандай өзен-көл, орман алқаптары бар екендігін жарысып айтады. Өздерінің көзбен көрген құбылыстарын сипаттайды. Өзге сол жерде болмаған баланың қызығушылығын арттырады.

- ұлттық ойындар арқылы

Мақсаты: қазіргі кезде ұмыт болып бара жатқан ұлттық ойындарды жандандыру. Асықпен ойнап, салт-дәстүрлерді түсіндіреді. Көкпар туралы ақпарат беріп, баланың бойындағы жігер, жеңіске ұмтылу, көшбасшылық қасиетін арттырады.

-театр өнері

Мақсаты: қызықты көрініс арқылы топтағы балалардың бір-бірімен жұмыс жасау дағдысын қалыптастырып, сан түрлі рөлдерді сомдағанда ырым-тыйымдарды, мақал-мәтелдерді, аңыздағы батырлардың бейнесін көру арқылы тарихын, табиғаттың тылсым күшін таниды.

- сәндік-қолданбалы өнер арқылы

Мақсаты: балабақшадағы балалардың барлығы дерлік сурет салуға, әр түрлі заттардан бұйымдар жасауға әуес келетінін білеміз. Соны тиімді пайдалана отырып, табиғат ресурстарын қолданып, сәндік заттар жасау.

- өлкетану базалық бағдарламасы арқылы

Мақсаты: тұлғалық дамуына әсер ететін тарихи-мәдени факторларды қолданып, туған өлкесін, тарихи тұлғаларды тану.

- танымдық даму арқылы

Мақсаты: далада серуендеу, экскурсия арқылы туған өлкенің табиғатымен таныстыру. Ойын технологияларын пайдалана отырып, өлкемнің көрнекі жерлері деген фото-көрме құрастырады.

- сөйлеуді дамыту арқылы

Мақсаты: әңгімелесу форматында көркем әдебиетпен жұмыс жасау. Ауыз екі тараған ертегілер, аңыздар арқылы, өлкеміздегі ақын, жазушы тұлғалармен танысу.

- шығармашылық-эстетикалық даму арқылы

Мақсаты: ұлттық аспаптармен, әндермен танысады. Табиғаттың қай мезгілі болмасын керемет екенін сезініп, тауларға да, жаңбырға да, аң-құс, барлық қоршаған ортаға арналған әндермен танысады.

Осындай ойын форматында алынған ақпарат ұзаққа дейін баланың жадында сақталатыны сөзсіз. Өлкетануға байланысты ең қызықты болған ойын түрлерін ұсынғым келіп отыр.

«Туған қаламның көрнекі жерлері»

Балалар екі топқа бөлінеді. Алдын ала дайындалған фото-суреттер арқылы өзінің ауылын және қаладағы көрнекі жерлердің суретін тиісті орынға реттілікпен орналастырады. Көз алдына елестету арқылы құрылысшы сияқты бір қаланы тұрғызғандай әсер алады. Әр көрнекілікті, мысалы ескерткішті алса, сол туралы баяндап айту керек. Кімнің ескерткіші, не үшін сонда тұрғаны туралы айтады.

«Қайда өмір сүреді?»

Әр түрлі жан-жануарлардың қайда мекен ететінін, немен қоректенетінін табу керек. Өсімдіктер де болады. Олардың қайда өсетінін анықтайды.

«Ұқсас суретті тап» ойыны

Тәрбиешінің алдында қос-қостан бірнеше суреттер болады. Олар: екі шырша, екі қайық, екі жапырақ, екі өсімдік, екі жануар сияқты. Осы суреттердің бірнешеуін тақтаға іліп, осыған ұқсас геометриялық пішіндерді қораптан таңдап алып салыстырып, ұқсастығын, пішінін тұр-түсін сипаттап әңгімелеп береді. Өртүсті заттар. Тәрбиеші балаларға белгілі бір түсті атайды. Балалар сол түске сәйкес заттың атын атап беруге тиісті. Шеңбердегі отырған балалар кезекпен жауап беріп отырады. Мысалы: қызыл алма, сары балапан.

«Ғажайып дорба» (көкөністер)

Мақсаты: балалардың қолмен сипап сезу әрекеттерін дамыту, көкөністер жайлы білімін жетілдіру. Ойын мазмұны: балалар кезекпен келіп қолын ғажайып дорбаға салып, сипап сезу арқылы көкөністі таңдайды. Қолын дорбадан шығармай тұрып, сол көкөністің атын атайды және одан не жасауға болатынын әңгімелейді.

Заман ағамына қарай психологтар айналандағы қоқыс, миындағы қоқыспен тең дейді. Расымен де, қоршаған орта ластанып жатса, біздің қосар үлесіміз де артуы керек. Жеке тұлғаның бойындағы экологиялық мәдениетті дамыту дегеніміз осыдан бастау алады. Білім берудің мақсаттары жалпы адамзаттық идеалға, ұлттық дәстүрлерге, білім беру жүйесіндегі нақты жағдайларға байланысты. Мұндай нақты мақсаттар экологиялық мәдениеттің қалыптасу кезеңдері мен тәсілдерін анықтайды.

Экологиялық білім мен тәрбиеде ең маңыздысы экологиялық мәдениетті қалыптастыру. Онда қоршаған ортаға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу қарастырылады. Мәдени-зеректік принциптері экологиялық білімнің келесі жүйесінің қалыптасуын талап етеді, өткеннің және болашақтың мәдени құндылықтарын ескере отырып, экологиялық білімді қалыптастырады. Экологиялық білім мәдени зеректік принципі тұрғысынан жеке тұлғаның мәдениетке енуін, оқу бағдарламаларының және экологиядан оқу материалдарының экологиялық мәдениетті қалыптастыратынын аңғартады. Экология ғылымын және экологиялық білімді мәдениеттің құрамдас бөліктері ретінде қарастыруды түсіну маңызды.

Қорыта айтқанда, экологиялық білім берудің басты мақсаты — жеке тұлғаның бойында экологиялық мәдениетті қалыптастыру, табиғатпен өзара гармониялық байланысты нығайту. Экологиялық білім беру негізінде табиғатқа жаңашырлықты тудырып, тәрбиелеу астарында туған жерге деген патриоттық жатыр. Бүгінгі таңда экологиялық білім берудің маңыздылығы артты. ХХІ ғасырдың жастарында табиғатты қорғау, аялау принциптері ең басты мақсатқа айналуы керек. Тұлға ретінде баланың жеке басының іс-әрекетін дамыту теориясы негізінде белсенді әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, тәрбиелеу мен білім беру жұмысын жетіліп келеді. Баланың рухани-адамгершілік, интеллектуалдық, өмірі мен өз денсаулығы үшін әлеуметтік құзыреттілігін көтеруді ұйымдастыруға барлық жағдай жасалынып жатыр. Отбасы қарым-қатынасындағы үлгі-өнегенің тәрбиелік ықпалын арттып, ұлтжандылық пен халқымыздың мәдени-тарихи дәстүрлері негізінде тәрбиелеу арқылы бала бойына жалпыадамдық, мәдени және адамгершілік құндылықтарды дарыту басты мақсаттарымыздың бірі. Ал оны жүзеге асыру үшін:

- Қоғамға, қоршаған ортаға, табиғатқа деген позитивті көзқарас қалыптастыруға ықпал ететін әлеуметтік – педагогикалық жағдай жасау.

- Балаларды халық ауыз әдебиетінің үлгілерімен таныстыру.

- Халық дәстүрінің элементтері бар ойындарды қолдану.

- Халық салт-дәстүрінің қолдануымен мерекелер, ойын-сауықтар ұйымдастыру және өткізу.

- Ұлы тарихи тұлғалармен таныстыру арқылы отаншылдыққа тәрбиелеу.

Өз тілін білетін, интеллектуалды, жан-жақты, үйлесімді дамушы тұлға, өзінің салт-дәстүрін, Отанын сүйетін, шығармашылық әлеуетін айқындай алатын, қоғам мүддесіне сай, ертенгі қоғам иегері боларлық, егеменді еліміздің айыбын асқақтатар өнегелі ұл-қызы. Сіз бен біз тәрбиелейтін балалардан табиғатты аялайтын, экологиялық мәдениетті меңгерген жастар шығады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Дерябо С.Д., Ясвин В.А. Экологическая педагогика и психология. — Ростов н/Д.: Феникс, 1996. — 480 с.
2. Зверев И.Д. Экологическое образование школьников. — М.: Педагогика, 1983. — 160 с.
3. Бейсенова Ә.С. Экология: Оқулық. — Алматы: Ғылым, 2001. — 23-б.

ӘОЖ 37.01 :502 /504

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ САБАҚТАРЫНДА ЖӘНЕ САБАҚТАН ТЫС ШАРАЛАРДА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Сайлыбаева Г.Т. химия,биология пәні мұғалімі.Аягөз ауданы бойынша білім бөлімінің «К.Бозтаев атындағы қазақ мектеп-гимназиясы»КММ

Қоғамдық өркениетті дамытудағы маңызды мәселелерді шешуде міндетті түрде экологиялық білім мен тәрбиесіз алдыға жылжу мүмкін емес.Өркендеген әлемнің аса маңызды ғылымы –экология. Күрделенген техника дамыған қоғамда адамзаттың дамуын экологиямен ғана байланыстыратын шақ туды.Саясаткерлер баяндамасында,ақпарат әлемінде,тұрмыстық қарым-қатынаста, тіршіліктің кез келген саласында «экология «сөзі өте маңызды.

«Демографиялық жарылыс» деп аталатын планетадағы халық санының тез өсуі,заманауи қоғамдағы техникалық күштердің дамуы табиғаттың күйзеліске ұшырауының басты себебі болып табылады.Бұл өзгерістер тек жекелеген аудандарды ғана емес,бүкіл биосфера атаулының барлық аймағынан көрініс табады.Адамзат атаулыға қауіп төнетін шекке жақын қалды.

Арнаулы экология пәні оқытылмайтын болғандықтан, аса қажетті аспектілерді химия сабағында қарастырамыз.Оқушылар әрбір тірі ағзаның қоғамда алатын орны, оны жоғалту,биосфераны жоғалтумен тең екенін білуі керек.

Экологиялық мәдениетті сабақта және сабақтан тыс іс-шараларда қалыптастыру –әр мұғалімнің міндеті. «Экологиялық мәдениет « ұғымы жеке адамның ғана емес, адамның жан-жақты дамуы үшін қолайлы жағдайды қарастыруға,қоғамның материалдық және рухани өміріндегі барлық салаларға ғылыми және практикалық іс-әрекеттерге тиесілі.Экологиялық мәдениет үздіксіз білім беру үрдісі нәтижесінде жеке тұлғаның сапасы ретінде қалыптасуы керек.Оның негізгі буындары :

*отбасы

* мектепке дейінгі мекемелер

*мектеп

*мектептен тыс тәрбие беру мекемелері

*жазғы мектептегі тәрбие жұмыстары

*бұқаралық ақпарат құралдары

*өзін-өзі тәрбиелеу болып табылады.

Кез келген тәрбиелеу процесінің басы алдыға дұрыс мақсат қоюдан басталады десек, экологиялық мәдениет қалыптастыру үдерісінде де қойған мүдденің межесіне жету үшін нақты мақсаттар қою керек.Сабақ пен қатар сабақтан тыс іс-шараларды да қамтитын экологиялық мәдениетті ұйымдастыруда жасөспірімдерді тәрбиелеудегі басты орында сөзсіз,мектеп тұрады. Осы тұрғыда биолог ретінде қандай да бір нәрсенің мәнділігі,маңыздылығы,пайдалылығы жөнінде ,яғни құндылық туралы ұғымдарын кеңейту мақсатында 10 сыныпта биология пәнінен «Селекция ғылымына жалпы шолу.Селекция

әдістері» тақырыбында жергілікті ғалым,биолог Ж.М.Кудериннің өсімдіктер іріктемелері мен жануарлар қолтұқымдарын жақсарту мақсатында атқарған еңбектерін зерделеу , ағадан шығатын мал қалдықтарын органикалық тыңайтқыш ретінде қолдану тиімділігі арқылы қоршаған ортаны таза ұстау арқылы ізгі ниетті адамдарға айналдыру көзделді. Қазіргі өмірдегі ғана емес,келешек ұрпақ үшін де қоршаған ортаны қорғауды күнделікті ағымдағы іске айналдыратын жаңа бағытты өскелең ұрпақтың санасына сіңіруді басты мақсат етіп қою- бүгінгі әрбір ұстаз алдында тұрған негізгі міндет. Бұл міндеттен туындайды:

- табиғаттың байлығы мен әдемілігіне ойлы көзқарас қалыптастыруға тәрбиелеу;
- белсенді көзқарас қалыптастыру;
- табиғатқа жауапсыздық көрсететін қимылдарға төзімсіздік таныту;
- экологиялық ой-идеяларды насихаттау;
- экологиялық тиімді іс-әрекетті жүзеге асыруды қолдау;

Адам ағзасы мен қоршаған ортаның ағзаға түрлі факторлардың әсер етуі, оның белгілі бір аралға бейімделуі ,заттардың химиялық құрамының әсері «адам-табиғат-қоршаған орта» ықпалдастығында бөлек қарастырылмайтындығы белгілі.Жаратылыстану пәні,әсіресе химия пәні практикалық жұмыстарсыз , оның нәтижесінде бөлінетін заттардың зауытта,өндірісте алу жолдарындағы қоршаған ортаға келтіретін орасан зор зиянының алдын алу шаралары, яғни қалдықты пайдалы затқа айналдыру туралы пікірлерімен бөлісу керек.Осыдан :

- Өтілген тақырыпты жақсы есте сақтауға арналған мысалдар келтіру арқылы үйлестіру,
 - оқушылар бейімділігіне қарай жеке тұлғалық тәрбиелеуді жүзеге асыру;
 - оқушы берілген тапсырмаға сай өзіндік ізденіс жұмыстарын жасауы;
 - ақпарат жинау,өңдеу барысында зерттеушілік әдістерін игеруі;
 - табиғаттағы байланыстарды көрсету арқылы эстетикалық көзқарасқа тәрбиелеу.
- Жаңартылған білім беру бағдарламасы жаңа талаптар жүктейді.Бүгінгі сабақты қай деңгейде өткізген жағдайда ,қызықты,өзіндік іс-әрекеті бар,шығармашыл ойлау қабілеті қалыптасқан тұлға даярлауға үлес қосатын сабақ ете аламын ?

9 сыныпқа «Күкірт қышқылы және оны алу » тақырыбы мен «Аммиак өндірісі» тақырыбында

Салыстыру әдісі арқылы екі топқа бөлініп, өндірістік маңызы зор химиялық заттарды алу жолдары мен процесі тиімді ұйымдастыру жоспарларымен ,ойларын тыңдау арқылы ортақ пікірлерін Венн диаграммасы арқылы өрнектедім.

Ауаның мемлекеттік шекарасы болмағандықтан,ауаны қорғау ғаламдық мәселеге айналып отыр.

Адамзат баласының ғаламдық мәселелері арқылы өркениетті мемлекеттерді бір ортаға жинақтайтын,өзара **консенсусқа**,түсіністікке жетелейтін іргелі,өзекті мәселеге ақпараттың шын,жалған (дұрыс не бұрыс) екендігін тексеру арқылы нақтылайды.Ғаламдық мәселенің аймақта да көрініс алуына байланысты шағын қала Аякөздегі мәрмәр зауытынан шығатын шаң-түтінге жергілікті халық тұншықпас үшін арнайы сүзгілерді және ауаны тазарту қондырғыларын орнатуы туралы ойларын жеткізді. Әр аймақтың тағдыры өз тұрғындарының қолында десек, болашақ өлкемізді өркендету сендердің еншілерінде , -демекпін.

ӘОЖ 591.5 :913

ТУҒАН ӨЛКЕНІҢ ҚЫСТАП ҚАЛАТЫН ҚҰСТАРЫ

*Садыкова Г.А., Байжайлауова Б.С. – тәрбиешілер, ШҚО білім басқармасы
Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің «№100 балабақша-бөбекжайы» КМҚК,
Өскемен қаласы*

Аңдатпа: Қыстап қалатын құстар туралы түсініктері кеңейеді, құстардың сыртқы бейнелері, дауыстары бойынша ажыратып үйренеді. Балаларға құстар туралы

тақпақтар айтқызып, әртүрлі сұрақтарға жауап беру, дидактикалық ойындар арқылы сөздік қорлары, ой-өрістері дамиды. Құстарға қамқорлық жасауға үйренеді.

Құстар дене тұрқы әртүрі, мамықты, қанатты, ұшып жүріп тіршілік ететін, еті, жүні пайдалы жылықанды омыртқалы жануарлардың ішіндегі жоғары сатыдағы дамығандардың бірі. Денесі қауырсынмен жабылып, алдыңғы аяқтары қанатқа айналған. Құстар юра дәуірінде, өрмелеп өмір сүретін рептилиялардан пайда болған. Жалпы құстардың ұшуы оның денесіне көптеген өзгерістер тудырады. Дүние жүзінде құстардың 8500 түрі тіршілік етеді. Және оның арасында ұшу қабілеті жоқ құстар да кездеседі.

Құстар сулы жерлерді, орман-тоғайды, далалықты, тау бөктерлерін мекендейтін жабайы-дала құстары және қолда ұстайтын асыранды -үй құстары түрлері бар. Дала құстары екі топқа бөлінеді; жыл құстары және аяздан қорықпайтын қыстап қалатын құстар.

Жыл құстары көктем туа келіп ұя салады, жұмыртқалап балапан басады, қанаттанған соң қоңыр күзде, қыс түсе жылы жаққа қоныс аударады. Мектеп жасына дейінгі мектепалды даярлық жасындағы балаларды өлкемізде мекендейтін құстармен, қыстап қалатын құстармен таныстырып, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтата білуге, табиғатқа, адамдарға пайдасын білуге, оларға қамқорлық жасау керектігін үйретеміз.

Шығыс Қазақстан өлкесінде мекендейтін қыстап қалатын құстар; қара қарға, ала қарға, сауысқан, торғай, шымшық, тоқылдақ, көгершін.

Сауысқан – ала қанатты, ұзын құйрықты құс. Ұясына — жұмыртқа салып, балапан басып шығарып оларды қауіп - қатерден сақтайды. Кез келген тамақты қорек етеді. Қауырсындары бірінғай қара емес, жасыл реңкті келеді, бүйіріндегі қауырсыны аппақ. Ол өте сақ. Ерекшелігі – жылтыр, әшекейлі заттарға әуестігі. Оның ұғымталдығы да соншалық адамның айтқан сөзін жаттап алады. Суық торғай – кеудесі қызыл, қанаттары көкшіл болып келген, ағаш қуыстарын, індерді, үй – жайларды мекендейді. Бұталардың дәнімен, жемісімен қоректенеді. Кейде тоқылдақ қорегінің қар бетіне түскен қалдығын теріп жейді.

Қара қарға – басы, қанаты, құйрығы, арқасы мен бауыры бәрі қара болып келеді, тұмсығы үшкір, тырнақтары өткір. Түрлі тамақ қалдықтарын тырнақтарымен қар астынан шұқып жейді. Бұл өте ақылды құс. Оның балапанын сөйлеуге үйретуге болады. Қарғалар ұзақ өмір сүреді.

Торғай — сүйір тұмсықты кіп – кішкентай құс. Ағаш қуыстарын, індерді, үй - жайларды мекендейді немесе ағаштарға шар тәріздес ұялар салады. Олар ұсақ жәндіктермен, өсімдік дәндерімен, тамақ қалдықтарымен қоректенеді; балапандарын бастапқы уақытта жәндіктермен, кейіннен өсімдік тұқымдарымен қоректендіреді.

Сары шымшықтың кеудесі сары, қауырсындары көкшіл болып келеді. Ол үйдің қасында жүреді

шиқылдаған балапандарына жем тасиды. Сары шымшықтың он беске дейін балапаны болады. Бір жазда екі рет жұмыртқа басып шығарады. Ол ұясы мен алма ағашының арасында ерсілі - қарсылы ұшады да жүреді. Құрт таба қалса, балапандарына алып барады.

Күн суытқан кездері оларға күнбағыс, кендір, асқабақ, қарбыз дәндерін беруге болады. Сары шымшықтарға сүйекте қалған ет қалдықтары мен тұздалмаған еттің майлары да қатты ұнайды.

Балалармен жұмыс істеу барысында қанатты құстарға деген сүйіспеншілікке, қызығушылыққа, құстарға қамқорлық жасауға, күтіп баптауға тәрбиелеу мақсатында көркем сөз, жұмбақтар шешу, сергіту сәттерін, дидактикалық ойындар, тыйым сөздер қолданамыз.

Сергіту сәті немесе саусақ жаттығуы

1. Екі қарға кезікті ән айтты қар - қар - қар

Екі сауысқан кезікті ән айтты сақ - сақ - сақ

Екі торғай кезікті ән айтты шик - шик - шик

Екі көкек кезікті ән айтты көкек - көкек – көкек

2. Құстар болып ұшайық,

Бір отырып, бір тұрып,

Жақсы сергіп алайық.

Құстарға біз ұқсайық,

Қанат жайып ұшайық.

Ұшып-ұшып алайық,
Орнымызға қонайық

Жұмбақтар:

1 Қашаудай мықты тұмсығым

Бәсеке тігем бұл шыным

Құрт, қоңыз, аулап жарысам

Орман дәрігері боп табы (Тоқылдақ)

2. Мұқият тыңда, қандай құс,

Қонып алып жарға,

Қаркылдайды ...

Тақылдатып,

Мазаны ап. (Қарға)

3. Ағаштарды тазалап,

Ормандарды емдейді,

Зиянкесті жазалап. (Тоқылдақ)

4. Ала шапан кигені,

Сескенгіш болған соң.

Қыпылықтап жүргені. (Сауысқан)

5. Қара түсті қаркылдақ,

Ұшып-қонып жалпылдап.

Қоқыстарды шоқиды,

Жем іздейді там-тұмдап. (Қарға)

Д/О «Құстардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын ата»- суреттері бойынша екі құсты қойып салыстырып айтады.

Дид/к ойын: «Ұйқасын тап...»

Қонып алып жарға,

Қаркылдайды ... (қарға)

Тұмсығымен шымшып,

Құрт тереді ... (шымшық)

Орыннан орынға ауысқан,

Ұшқалақ карала ... (сауысқан).

Дид/ ойын: «Құстарды қондыр»

Шарты: құстардың ішінен қыстап қалатын құстарды тауып ағашқа қондырады.

Құстардың дауыстарын аудиотаспа арқылы естіріп, дауыстары арқылы тануға үйретеміз.

Құстармен танысында барысында құстар тақырыбына қағаздан жапсырумен қатар дәстүрден тыс жіппен орау, жіп қиындыларынан жапсыру технологияларын қолданамыз.

Жіп орау әдісі арқылы құс бейнесін жасау

Жіп қиындыларын жапсыру арқылы құс бейнесін жасау.

Атқарылған жұмыстар нәтижесінде балалардың қыстап қалатын құстар туралы түсініктері кеңейеді, құстардың сыртқы бейнелері, дауыстары бойынша ажыратып үйренеді. Балаларға құстар туралы тақпақтар айтқызып, әртүрлі сұрақтарға жауап беру, дидактикалық ойындар арқылы сөздік қорлары, ой-өрістері дамиды. Құстарға камкорлық жасауға үйренеді.

Құс ұясын бұзбандар!

Балапанын алмаңдар

Құстар біздің досымыз

Обалына қалмаңдар!

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. «Қазақстан» Ұлттық энциклопедия/ Бас редоакторы-Ә.Нысанбаев, алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998ж

ХИМИЯ ПӘНІН ОҚЫТУДА АЙМАҚТЫҚ КОМПОНЕНТТЕРДІ ҚОЛДАНУ

Сапақова Ж.С., химия пәні мұғалімі, ШҚО білім басқармасы Аякөз ауданы бойынша білім бөлімінің « Д.Бабатайұлы атындағы жалпы білім беретін орта мектебі» КММ

Республиканың білім беру жүйесінің әлемдік деңгейдегі білім беру жүйесімен үндеспей отырғандығына көңіл бөлініп, функционалды сауаттылықты арттыру бағытында жүктелген міндеттерді жүзеге асырудың бір бөлшегі —шағын зерттеулер қарастырылады.

Зерттеу мақсаты: Химия пәні бойынша аймақтық компоненттерді тиімді қолдана отырып, оқушыларға сапалы білім беру нәтижесінде функционалды сауаттылығын арттыру. Зерттеу міндеті: Қазақстан Республикасының толыққанды жан-жақты рухани дамыған, зияткер тұлғасын қалыптастыру.

Зерттеу өзектілігі :Шығармашыл тұрғыда ойлап, шешім қабылдай алатын, кәсіби жолын таңдай алатын, ғұмыр бойы білім алуға ұмтылатын функционалды тұлға қалыптастыру. Зерттеу соңында күтілетін нәтиже: алынған ақпараттар ішінен қажеттісін таңдай білуі, алған теориялық білімін өмірде қолдана білуге баулу. Жаратылыстану пәні бойынша сауатты болу-жаратылыстану бағытындағы ғылымдардан алған білімін практикада қолдана білу, ғылыми дәйектемелерге негізделген түсініктер арқылы қоршаған ортаны өзгертуге бағытталған сұрақтарды дөп басу, дұрыс қорытынды жасай білу. Білім берудің мақсаты: адам мен табиғат арасындағы қарым-қатынасты «мен –саған, сен –маған» үйлесімділік негізінде құруға қол жеткізе отырып, адамзат енгізген өзгерістердің дұрыс шешілуіне бұру арқылы табиғатты аялауға, қастерлеуге үйренуі, рухани дүниесінің баюына, туған өлкеге деген сүйіспеншілік сезімінің оянуына, өз туған өлкесі туралы білімін ғылыми негізде толықтыруға, жан-жақты мағлұматтар алып, экологиялық сауаттылықтарын жоғары деңгейге көтеруге, қоғамды сақтауға, қоршаған ортаны қорғауға тәрбиелеу.

Дербес, тәуелсіз қазақ елі өзінің даму барысында ғылыми-техникалық, экологиялық, ақпараттық, саяси және рухани жетілудің жаңа деңгейіне көтерілді. Республиканың индустриалды елге айналуы үшін ғылымның жедел қарқынмен дамуы қажет. Бәсекеге түсе алатындай деңгейге, жаңа деңгейге көтерілуі үшін, оқушыларға бағыт-бағдар беруде әр оқушыны қоғамға пайда келтіретін тиімді біліммен қамтамасыз ету және ғаламдық мәдениетке тәрбиелеу арқылы елімізге керекті маман жұмысшы мен талантты ғалымдар қоғамның тікелей өндіргіш күші екеніне көз жеткізу қажет. Еліміздің алдыға жылжуы тек осы күштердің көмегімен жүзеге асады. Өнеркәсіп пен ауылшаруашылық өндірістері үшін химия ғылымының маңызы артауда. 10 кластың химия оқулығындағы «2 топ элементтерінің физикалық, химиялық қасиеттері, табиғатта кездесуі, қарбонаттар» тақырыбында Аякөз қаласындағы мәрмәр және оның қосылыстарын өндіретін «Алина холдинг» компаниясының өнім өндіруде жергілікті материалдарды ұтымды пайдалануымен қатар экологиялық білім беруге де тоқталдым. Өз өлкемізде өндірілетін құрылыс материалдары ретінде қолданылатын кальций қосылыстарының «Кальций мен оның қосылыстары « тақырыбында жан-жақты талдау жүргіземін. Өлкеде өндірілетін заттардың химиялық табиғаты жөнінде алған білімі мен бейімі химияны оқып үйрену үшін негіз болып табылады және табиғат байлықтарын тиімді пайдалануға сапалы түрде көзқараспен қарауға баулиды. Өлкетану тапсырмаларын химияның мектеп бағдарламасына байланысты тапсырмалары және кластан тыс жұмыс жүргізу тапсырмалары деп жіктеуге болады. Оқушылар сабаққа қажетті материалдарды жинап, химия пәнінде ұтымды пайдаланады. Кластан тыс жұмыстарға қызығушылығы бар оқушылар микрозерттеу жұмыстарын мына тақырыптар бойынша жасайды.

Кесте №1. 10 класс бойынша химия сабақтарында аймақтық компоненттерді қолдану.

№	Сабақ тақырыбы	Аймақтық компоненттер
1	Кремний және оның қосылыстары	Туған өлкенің пайдалы қазбалары
2	2А топ элементтерінің қасиеттері	Табиғи карбонаттармен жұмыс.Алина холдинг компаниясы

Сабақтың негізгі бөлімінде жаңа білімге қосымша ақпараттар негізінде аймақтағы шағын өндіріс орындарындағы процестің химизмі туралы топқа бөлініп жұмыс жүргізеді.Ізденіс материалдарын талдап,салыстыра келе, «Рөлдік ойын» ойналады.Өздері жазған мәтін арқылы 3-4 сұрақ жазып,сол сұрақ негізінде оралымды ойлармен бірі химик-инженер,бірі журналист ретінде шағын сұхбат құрады.Өз ойларын дәлелдер арқылы қорғайды.Пәнаралық байланыс география,биология,математика пәндерімен бірігіп астасып жатады.Сабақ үдерісінде оқушылардың пәнаралық байланысты саналы қабылдап,танымдық қабілеттерін арттыруға мүмкіндік туады.Білімдерін кеңейтуге бағытталған сұрақтар мен практикалық шараларды анықтап,шешу жолдарын ұсынады.Кері байланыс орнату кезінде мұғалім оқушылардың орындалуы қиын тапсырмаларынан «Ассоциация» құрып,ойкөкпар арқылы «Еркін микрофон» нәтиже сабаққа дайындалады.Талқыланатын мәселелерді бірлесіп анықтау барысында тілдік құзыреттіліктерінің артуына жол ашылады.Сөйтіп,экологиялық мәселе әр оқушының саналы ойлануының нәтижесінде біртұтас әрекетке айналады.Ол жеке бір ұлттық құндылықтан ғаламдық ортақ ізгілікке ұласады.

Аймақтық материалдарды таңдауда мына қағидаттарды ұстанған дұрыс:

1. Оқушыларға жаңаны үйретуде, оқу-танымдық әрекетін арттыруда аймақтық материалдың мазмұны аталған тақырыптың оқу максаттарына сәйкес болуы керек.
2. Қарастырылатын материалдың оқушыларға жақын болып,білімдерін кеңейтуге көмектесуі керек.
3. Материалдар мазмұны түсінікті,практика жүзінде мәні бар болу керек.
4. Оқушылар қызығушылығын туғызатын деңгейде болғаны абзал.

УДК 811.161.1 /821.161.1:502/504

ЭКОЛОГИЧЕСКОЕ ВОСПИТАНИЕ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ

Сейтмолдинова Ж.Н., учитель русского языка и литературы в национальной школе и МХК.КГУ «ОСШ имени С.Габбасова» отдела образования по Аягузскому району УО ВКО

В данной работе рассмотрены работы по развитию экологической грамотности на уроках русского языка и литературы.

В данном докладе описана работа о экологическом воспитании на уроках русского языка и литературы с использованием регионального компонента.Целью этого доклада было показать на примерах как учащиеся должны не только знать свое национальное богатство,но и должны рачительно и бережно относиться к природе.Поэтому перед педагогом ,знакомящим учеников старших классов с природой,ставятся следующие задачи: воспитывать у детей умение видеть и понимать красоту природы,развивать интерес к родной природе, желание больше узнать об особенностях родного края,о многообразии нашей страны,формировать познавательное и бережное отношение к природе,пробуждать желание охранять ее от разрушений.

Старшая школа формирует у учащихся первичные органические знания о природе химических веществ и навыки ее охраны, применяя разные методы обновленного содержания образования ,это связано с тем,что успешному осуществлению экологического воспитания школьников старших классов способствуют их экологические особенности:

отзывчивость помогать родному краю,любовознательность.Воспитание любви к Родине начинается с воспитанности любви к природе. Ведь природа-вечный источник мысли и добрых чувств детей.Природа родного края-это могущественный источник,из которого ребенок черпает многие знания и впечатления .Отношение детей к природе во многом будет зависеть от осознанного детьми значения природы как универсальной ценности. «Формирование в сознании учащихся – постоянной заботы каждого о сохранении природной среды не только для нынешнего поколения,но и для будущего поколения, для будущей жизни»- это цель ,которая стоит перед нынешними детьми.Будущее планеты зависит от экологически грамотных детей.Экологическая проблема во всем мире затрагивает все человечество и имеет глобальный характер.Забота о будущем нашей страны требует максимальное развитие экологических способностей сегодняшних школьников.

Экологические проблемы затрагиваются во всех учебниках общеобразовательных дисциплин .Взаимосвязь организма с окружающей средой, влияние различных факторов на живой организм и адаптация его к условиям обитания-вопросы экологического характера.В природе все живое рассматриваются как единое целое.

На уроках русского языка интегрируем с использованием регионального компонента,загадки,кроссворды,диктанты,упражнения экологического характера, использование произведений поэтов и писателей родного края. Таким образом,на уроках русского языка и литературы расширяем экологические знания с использованием регионального компонента,заданий,как у детей, углублять и систематизировать знания по охране окружающей среды,научить видеть красоту природы,понимать ее ценность.

ЖУМАХАН МАУСЫМБАЕВИЧ КУДЕРИН (1901-1938)

Аналитическая статья

Судьба и научные труды нашего земляка Ж.М.Кудерина изучались вами 8-9 классах по биологии, вы знакомы с научными трудами великого казахского биолога.Кудерин был разносторонним ученым, тематика его трудов обширна,заметное место в ней отведено природе и здоровью людей.Работы Кудерина «Борьба с вредителями и болезнями сельскохозяйственных растений», «Энциклопедия по техническим культурам» ,»Пищевые свойства сахара» содержат полезные информации для землепользователей. Чтобы передать биологические знания по обработке земли и различных культур ,автор использует разработку вопросов землеустройства и оседания в кочевых районах Центрального Казахстана.Кудерин использует сравнения («сахар ,как сила»),оценочные эпитеты («дефицит»). В этой работе сравнивает посевные площади сахарной свеклы с другими европейскими странами.Доход от сахарной свеклы соотносится с «соперничающей страной» ,куда стремится попасть для обмена опытом.Многолетний отбор и труд ,стоящий на основе нынешнего урожая, напоминающую « сахар,как силу придающий» улучшается с применением органических удобрений для получения высокого урожая сахарной свеклы как в Европейских странах.

Задание.

*Прочитайте аналитическую статью.

*Составьте тезисный план статьи.

Таксономия Блума

-Перенесите в тетрадь схему –таксономию Блума.

-Письменно дайте ответы на поставленные вопросы.

Знание: Что означает слово «сахар,как сила» ? В чем заключается сила свеклы как пищевой продукт?

Понимание: Как вы понимаете слово «дефицит» в те далекие времена ?

Применение: Для чего применяется сахарная свекла ?Какие химические процессы происходят при производстве сахарной свеклы ? Нарушается ли экологическая гармония при производстве свеклы?

*Создание:*Подберите свои варианты *производства свеклы (столовой, кормовой, листовой, сахарной)* для описания применяйте эпитеты,метафры,сравнения.

*Оценивание:*Какой вариант более приемлемый для нашего села с соблюдением экологической безопасности?

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРҒА АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДА ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫНДАР АРҚЫЛЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ

Сереканқызы Н. – ағылшын тілі оқытушысы, Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің «№3 «Балбөбек» балабақша-бөбекжайы» КМҚК, Өскемен қаласы

Бұл мақалада мектеп жасына дейінгі балаларға ағылшын тілін үйретуде экологиялық тәрбие беруде дидактикалық ойынның маңызы туралы айтылады.

Дамыған елдердің қатарына қосылу мақсатындағы атқарылып жатқан жұмыстар толасыз. Соның қатарындағы басым бағыттардың бірі шет тілін меңгеру. Қазақ халқы өте зерек, ізденімпаз халық екеніне сан мәрте көз жеткізіп келемін. Себебі, орыс тілі болсын, ағылшын тілі болсын, қай тіл нарыққа келсе, сол елдің мәдениетін, тілін жылдам меңгеріп аламыз. Бұрындары шет тілді билетін адамдар саны саусақпен санарлық болса, қазіргі кезде заман талабына сай екінің бірі шет елге шығады, шет елдің тілін еркін үйрене алады. Бұл еліміздің көштен қалмай, дамуына әсер ететіні белгілі. Осы орайда еліміздің білім саласындағы аймақтық компонентті оқыту бірден-бір дұрыс шешім деп ойлаймын. Кез келген саланы алатын болсақ та, әуелі тәрбиеден бастау алады. Ал экологиялық мәдениет, экологиялық тәрбие тал бесіктен берілуі қажет. Баланың бойындағы экологиялық білімнің сауаттылығы ең алдымен патриоттық сезімді оятуға негізделген. Адам өз бойындағы адамгершілік қасиеттерін туған жерінің табиғатымен, өскен ортасымен байланыстырады. Әр бала өзін қоршаған ортаның құрылысын, оның ерешеліктерінің, заңдылықтарын бұзбай сақтау жолдарын, табиғатты қорғаудағы өзінің жауапкершілігі екенін біліп өседі.

Қазіргі жастар арасындағы өзекті тақырыптардың бірі шет тілін үйреніп, мұхит асып, ел – жерді тану белгілі бір деңгейдегі жетістік деп санайды. Өзге ел мен өзінің туған жерін салыстыра алады. Сабақ барысында балалардың демалыстарын қалай өткізгендігі туралы әңгіменің басы ойнау, қыдырудан басталып жататыны белгілі. Бірақ өсе келе, қоршаған ортаның, табиғаттың әсемдігін көріп, өзен-судың тазалығы, жасыл ағаштардың көптігі туралы, табиғат аясы туралы баяндай түседі. Бұның өзі табиғаттың сан-қырын түсініп, оны қорғауға бағытталатын білімнің бастапқы жеңістері деп білемін.

Шет тілі сабағы болған соң өзге елдердің климатын, флорасы мен фаунасын зерттейміз. Балалардың шет ел туралы көз қарасына талдау жасасақ, шет елде планета тап-таза, жеміс-жидектердің түр-түрі өсетін, ғажап әлем деп елестетеді. Бірақ осы жерде ұстазы ретінде салыстырмалы жұмысты ұтымды пайдаланып, аймақтық компоненттің міндеттері мен мақсаттарын айқындап беремін. Жас ұрпаққа өзі мекен еткен табиғи ортаның әсемдігін, мөлдірлігін, тұнық ауасын бұзбауға, үйлесімдігін сақтауға, қамқорлықпен, жанашырлықпен, мейірімділікпен, сезімталдықпен қатынас жасауға тәрбиелей отырып, өзіміздің жергілікті табиғаттың сұлулығын жеткізе білуге тырысамын.

Экологиялық білім берудің менің алдымдағы басты міндеті табиғатты қорғау жұмысы басқа шет елдердегі «тұрақты даму» деңгейіне жететіндей түсінік қалыптастыруға барынша ат салысамын. Аймақтық компонентті оқыту өте тиімді, ол оқушылардың патриоттық сезімін оятып, туған жеріне, табиғатқа деген сүйіспеншілігін, өз тарихына деген құрметін арттырады. Сөзімнің дәлелі ретінде К.Маркстің сөзін келтірейін: «Табиғат сұлулықтың өмір бақи таусылмас қайнар көзі. Сондықтан да ол эстетикалық тәрбие берудің ең маңызды құралдарының бірі. Ал бұл экологиялық тәрбиемен іштей жалғасып, табиғаттың күйзеліп, күйреуіне қарсы тұратындай адамның қалыптасуына ықпал етеді. Қандай жұмыс болса да,

экологиялық жағы есепке алынбаса, табиғат пен адам арасындағы зат алмасуды заңды түрде үйлестіріп отыратын еңбекке үйрету мен тәрбиелеу саласында орны толмас оққылықтар пайда болады». Демек, сондай оққылықтарды жібермес үшін баланың енді ғана даму процесі негізделетін мектеп жасына дейінгі балаларды дұрыс тәрбиелеуді қолға алуымыз керек.

Балаларға экологиялық білім берудегі ойын форматының орны ерекше. Өйткені ақпаратты қабылдау қызықты және танымды болады. Мен де ағылшын тілін үйрету барысында дидактикалық ойындарды қолданамын. Өз тәжірибемде балалардың интеллектуалдық қабілетін аттыратын ойын технологиясын ұсынамын. Өнімді нәтиже беріп жүрген іскерлік ойындары:

Жиі пайдаланатын сөздер баланың санасында жатталып қалады. Күн сайын сөздер күрделене түседі. Үй жануарлары, дене мүшелер, мамандықтар сияқты сөздермен толығып отырады.

"Полиглот" ойыны

Мақсаты: баланың таным түсінігін арттырады. Бұл сөздік ойын болып табылады. Қала-аймақтың жан-жануарлардың, гүлдердің атаулары жазылады және суреті болады. Екі топқа бөлінген балалар бір-бірімен топта ақылдасып дұрыс жауабын айтады. Мысалы, гүлдің суреті шықса ағылшынша flower деп топтан бір бала жауап береді.

"Кім тапқыр?" ойыны

Мақсаты: Балаларға ойната отырып, сөз жұмбақ, ребус олардың коммуникативтік құзыреттіліктері мен функционалдық сауаттылықтарын арттыруға негіз болады. Ойынға барлық балалар қатыса алады. Сөзжұмбақ алдын ала сызылып дайын болады. Бір бала ортаға шығып, жануарлардың дыбысын салады. Қабылдау деңгейі мен білім деңгейін ескере отырып, мұғалімнің көмегімен жануарларды атап, ребусқа дұрыс жазылуын бақылайды.

«Смайлик» ойыны

Мақсаты: Өз сезімдерімен бөлісе алу. Сабақ соңында балалар өз көңіл-күйлеріне сәйкес смайликтерді таңдау арқылы рефлексия жасайды.

«Түстер» ойыны

Барлық балаларда түрлі – түсті қарындаштар болуы керек. Мұғалім ойынның шартын түсіндіреді. Балалар, сендер жаңбырдан кейін кемпіркосақ шығатынын білесіңдер. Осындай кемпіркосақты салып көрейік. Бірақ мынандай шарт бар: мен ағылшын тілінде түстерді атаймын, сендер сол бойынша сурет саласыңдар. Мынандай ретте салайық: red, orange, yellow, green, blue, violet.

«Сәйкестендіру» ойыны

Мақсаты: Ұзын-қысқа, кең-тар, биік-аласа, үлкен-кіші ұғымдарын бекіту.

«Күнделікті әрекет» ойыны

Мақсаты: балалардың күнделікті еститін сөздерін жаттатып, саналы түрде мағынасын түсінуге баулу.

Осы сынды ойындардың көмегімен педагог сапалы нәтижелерге жетуге мүмкіндік алады.

Балаларға экологиялық білім беруде аймақтық компонентті, жергілікті жер материалдырып сабақтарда пайдалану баланың ой өрісін, ойлау қабілетін, пәнге деген қызығушылығын дамытады. Бала нақты материалды пайдалана отырып, өздігінен ізденіп жұмыс жасауға, өз ойын жазбаша, ауызша баяндай білуге, меңгерген білімінің қорытынды шығаруға үйренеді. Табиғат – сұлулықтың өмір бақи таусылмас қайнар көзі. Табиғатты қорғау барлық адамзаттың міндеті, әрі парызы екенін бір сәтке де естен шығармағанымыз абзал.

Қай ел болмасын табиғатын қорғау өзекті мәселелердің бірі. Ал сол қоршаған ортаны қорғауды шет ел азаматтарынан үлгі алуымыз да керек болып тұр. Себебі. олар дұрыс тамактануды, эко пакеттерді қолдануды, қоқыстарды топ-тобымен жіктеуді күнделікті тұрмыста қолданып, салауатты өмір салты деп ұстанады. Бізде де табиғат байлықтарын пайдалануды тұтынушылардың мақсатын ескере отырып жүзеге асыруымыз қажет. Орман тек қана құрылыс материалы ретінде емес, ол ауа райын реттеуші, ылғал көзі, дәрі-дәрмек, аң мен құстың мекені, топырақты қорғаушы және адам үшін денсаулық кепілі екенін ескеру қажет. Сонымен қатар табиғат байлықтарын пайдалану барысында оның жергілікті жер үшін маңызы мен қорын қатаң есепке алу. Бұл әсіресе орман, су қоры үшін қажет. Табиғат қорларын пайдаланғанда олардың бірбірімен байланысты екендігін есте сақтау керек. Яғни, табиғаттың

тарихи-табиғи байланысын, тепетендік процесін бұзбау деген сөз. Ормандардың құрылыс үшін кесілуі - осы өңірді аң-құсы мен шұрайлы жайылымынан айырады. Швейцария, Канаданың табиғатын Қазақстанның көптеген қорықтарынан да байқауға болады[3].

Мұндағы негізгі ой экологиялық білім беру әлеуметтік, мәдениетаралық қатынасты қалыптастырады. Аймақтың тарихи-мәдени ерекшелігін ескере отырып, басқа елдердің мәдениетін құрметтеуге, толеранттылыққа, ынтымақтастыққа, баланың жеке адамдық білім қорын байытады, табиғат байлығын және құндылықтарды бағалауға үйретеді.

Табиғатты қорғау ұйымдары, жануарлардың қорғандары болып жүретіндерді шет елдік азаматтардан байқап жатамыз. Біздің түсінігімізде табиғат өзінен-өзі әдемі болып тұру керек сияқты көзқарас қалыптасқан. Табиғат сұлулығын таратуы үшін, оған қамқорлық көрсетуіміз қажет. Егер планетада өмір сүретін әрбір адам табиғат біздің ортақ үйіміз, тіршілік көзі екенін ұмытпаса, оны ластану және жою туралы мәселе туындамайтын еді. Ақпараттық технологиялардың арқасында адамзаттың ғаламдық мәселелері қазіргі қоғамның назарын аударды, әмбебап сипатқа ие болды. Жасыл әлемнің жақтаушылары күн санап өсіп келеді [4]. Әлем экономикасы қалай қарқынды дамыса, табиғатты қорғау шаралары да сол қалыпта күшейе түсу керек. Себебі, адам әр кезде де табиғатпен тығыз байланыста өмір сүреді, оның байлықтарын пайдаланады және өз қызметі арқылы табиғатқа әсер етеді.

Все выдающиеся мыслители и педагоги прошлого придавали большое значение природе как средству воспитания детей: Я.А.Коменский видел в природе источник знаний, средство для развития ума, чувств и воли. К.Д.Ушинский был за то, чтобы "вести детей в природу", чтобы сообщать им всё доступное и полезное для их умственного и словесного развития.

Существенный вклад в разработку содержания и методов ознакомления дошкольников с природой внесла Е.И.Тихеева. Природу она рассматривает как одно из условий или как элемент среды, в которой "дети живут своей естественной детской жизнью". Большое

значение для развития и совершенствования методики ознакомления дошкольников с миром природы имели исследования В.Г.Грецовой, Т.А.Куликовой, Л.М.Маненцовой, С.Н.Николаевой и другие.

Ведущая педагогическая идея.

В основе ведущей идеи моей работы лежит развитие речи детей через экологическое воспитание путём внедрения различных видов деятельности и включение всех анализаторов (зрительных, слуховых, обонятельных, тактильных) в образовательную деятельность по экологии, которые позволят ему реализовать свои познавательные способности, в интересной игровой форме, обогатить словарь, развивать коммуникативные умения, интерес и активность. Одной из главных условий работы по теме является создание развивающей среды, применение наглядного материала: картин, муляжей, реальных предметов, игрушек, театральных персонажей. Всё это позволит решить следующие задачи:

- расширить и уточнить представление детей о растительном и животном мире природы;
- конкретизировать представления детей об условиях жизни растений и животных;
- уметь различать по внешнему виду и правильно называть объект изучения. Уметь сравнивать;
- развивать интерес к родному краю;
- закреплять умение передавать своё отношение к природе в рассказах и продуктивных видах деятельности;
- закрепить умение правильно вести себя в природе.

Специально организованные занятия рекомендуется проводить с младшей группы. Работа по данному направлению осуществляется также в процессе наблюдений, целевых экскурсий, чтения художественной литературы, различных игр, трудовой и продуктивной деятельности. Систематическое и последовательное ознакомление с окружающим миром развивает речь, память, мышление, воображение и способствует всестороннему развитию ребёнка. В каждой возрастной группе осуществляются определённые задачи ознакомления детей с природой. Они предусматривают постепенное усвоение ребёнком природоведческих знаний. Детей младшей группы можно знакомить с растениями, животными, явлениями неживой природы, учить выделять некоторые признаки растений (окраска листьев, цветов), движения и голоса животных, подводить к первичным наглядным связям и обобщениям (рыбка плавает в воде). При этом у детей совершенствуются анализаторы (зрительный, слуховой и др.), развиваются внимание и интерес к наблюдаемым объектам, формируется доброжелательное отношение к ним. У детей среднего возраста можно формировать представления о предметах и явлениях природы, с которыми они постоянно сталкиваются в жизни, подводить их к установлению таких связей, которые дети могут познать в процессе предметно-чувственной деятельности на занятиях, в игре и отразить их в форме конкретных представлений. Дети учатся наблюдать, выделять отдельные признаки растений, животных, определять их, пользуясь сенсорными эталонами (цвет, форма, величина), сравнивать объекты и классифицировать их по внешним признакам. В процессе усвоения знаний у детей образуются более высокие формы познавательной деятельности: от наглядно-образного уровня познания дошкольники способны подойти к установлению причинно-следственных отношений. К пяти годам у детей формируется высшая форма наглядно-образного мышления. Они могут усваивать обобщённые знания, что способствует возникновению представлений, отражающих закономерности, происходящие в природе. Дети в этом возрасте способны выделять характерные особенности строения растений, животных и устанавливать их зависимость от условий существования. К концу дошкольного возраста у детей должна быть развита элементарная форма логического мышления: способность к анализу и синтезу, умение выделять индивидуальные и общие признаки растений и животных, делать обобщение (обобщать различные группы животных по признакам питания, добывания пищи, движения, места обитания и т.д.). Детей необходимо подводить к выводу, что явления природы обусловлены естественными причинами (изменения в жизни растений и животных зависит от солнца, света и тепла).

Рассматривание картин также помогает развивать речь детей. Хочется отметить, что даже в младшем дошкольном возрасте рекомендуется в первую очередь рассматривать не предметные, а сюжетные картины, так как они дают возможность больше заметить, о большем

сказать. Несложные сюжетные картины, написанные без излишней детализации и стилизации стимулируют развитие речи детей. В старшем дошкольном возрасте, когда у детей сформировался достаточный словарный запас, необходимо с ними рассматривать картины мастеров живописи, помочь детям понять замысел художника, расширить представления и речь детей.

В среднем дошкольном возрасте умение детей рассказывать только начинает формироваться. Первые рассказы их состоят из 3-4 предложений, причем часто ребенок соединяет в одном рассказе разнородные, хотя и эмоционально окрашенные, факты, излишне детализирует повествование. Это создает некоторую бессистемность, непоследовательность детских рассказов. В речи детей этого возраста преобладают простые нераспространенные предложения

В старшем дошкольном возрасте довольно большой словарный запас дает возможность ребенку выбрать наиболее точную лексику, дополнять рассказ сравнениями, эпитетами, вводить описания, прямую речь; в то же время исчезает ненужная детализация и недосказанность.

Работа воспитателя по развитию монологической речи детей на основе ознакомления с природой может строиться как обучение их следующим видам рассказов:

сюжетный рассказ на основе непосредственного восприятия или труда в природе («Как мы устроили цветник», «Как мы кормили птиц», «Как мы убрали участок»);

сюжетный и описательный рассказ на основе обобщения знаний, полученных в результате бесед, чтения книг, рассматривания картин («Как звери живут зимой», «Что случилось на реке весной»);

описательный рассказ, построенный на сравнении разных времен года («Наш участок зимой и летом», «Берега весной и осенью»), и описание пейзажной картины;

описательный рассказ о сезоне в целом («Рассказы о весне», «Мое любимое время года», «Что ты знаешь об осени?»);

описательный рассказ об отдельном предмете или явлении природы («Анютины глазки», «Ветка сирени», «Осенний букет»)

Самым трудным из всех видов рассказов о природе является описательный рассказ об отдельном предмете или явлении природы. Составление его требует от рассказчика определенной культуры восприятия и неперемного проявления своего эстетического отношения к описываемому предмету.

Таким образом можно заметить, что процесс обучения рассказыванию о природе отличается от обучения рассказыванию на другие темы. Если при обучении рассказыванию на любые другие темы составление описательного рассказа предшествует сюжетному или сопутствует ему, то при обучении рассказыванию о природе на первом месте стоит сюжетный рассказ.

В заключении необходимо сказать, что развитие речи, и особенно связной речи – это самый сложный момент в воспитании дошкольников. И проводить его надо постоянно, во всех видах деятельности, в течение всего педагогического процесса. Это требует от воспитателя огромных знаний, умений, усилий, терпения. Результаты не заставят себя ждать. Но какая бы работа не проводилась, надо всегда помнить, что многое еще зависит и от генетически заложенных в ребенка данных. Всегда надо учитывать индивидуальные особенности каждого ребенка и развивать их в зависимости от его способностей.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Волина В. Занимательное азбукведение. – М.: Просвещение, 1991.
2. Кислова Т.П. По дороге к азбуке. Методические рекомендации. – М.: «Баласс», 1999.
3. Новоторцева Н.В. Развитие речи детей. – Ярославль: «Академия развития», 1998.
4. Пикулева Н.В. Слово на ладошке. М.: Новая школа, 1997.
5. Потапова Л.М. Детям о природе. Экология в играх для детей 5 -10 лет. - Ярославль: «Академия развития», 1998.
6. Придумай слово: Речевые игры и упражнения для дошкольников. Под ред. О.С.Ушаковой. – М.: Просвещение, 1996.

7. Развитие речи и творчества дошкольников. Под ред. О.С.Ушаковой. - М.: ТЦ Сфера, 2005.
8. Рождественская В.И., Радина Е.И. Воспитание правильной речи у детей дошкольного возраста. – М.: Просвещение, 1967.
9. Тумакова Г.А. Ознакомление дошкольников со звучащим словом. - М.: Просвещение, 1991.
10. Узорова О.В., Нефедова Е.А. 1000 упражнений для подготовки к школе. – М.: ООО «Издательство Астрель», 2002.
11. Алешина Н.В. Ознакомление дошкольников с окружающим и социальной действительностью.- М.,2008
12. Новиковская О.А. Конспекты комплексных занятий по сказкам с детьми 4-5 лет.- СПб.,2007.

ӘОЖ 37.01 :58:913

АЙМАҚТЫҚ КОМПОНЕНТТЕРДІ БИОЛОГИЯ САБАҚТАРЫНДА ПАЙДАЛАНУ

***Таңғытұова Ш.Р.** – биология пәнінің мұғалімі, Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Катонқарағай ауданы бойынша білім бөлімінің «Аршаты орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Аршаты ауылы.*

Аңдатпа: 6-8 сыныптарда биология пәні сабағында аймақтық компоненттерді қолдана отырып, экологиялық тәрбие беру жолдары қарастырылған. Пән мұғалімдеріне көмекші оқу құралы ретінде пайдалануға болады.

Табиғат – бізді қоршаған орта. Адам табиғатсыз өмір сүре алмайды. Алайда уақыт өткен сайын, ғылым мен техниканың үздіксіз дамуы адамзаттың өміріне үлкен жеңілдік әкелгенімен табиғаттың тозуына теріс әсер тигізуде. Өзен-көл, теңіз, ауа, су ластанып, орман-тоғайлар кесіліп, жасыл алқап шөл далаға айналууда. Ол – үлкен экологиялық дағдарыс, ғаламат опат десек те болады. Ал одан құтылудың бірден-бір жолы – адамның санасыз әрететінен бүкіл табиғаттың тозуына қарсы бірлесіп күресу. Ол үшін отбасындағы тәрбиеден және мектеп қабырғасынан бастау керек.

Мақсаты: Биология сабағында аймақтық компоненттерді оқыту арқылы оқушыларға экологиялық тәрбие беру. Аймақтық компоненттерді оқыту барысында оқушыларды табиғатты, туған жерді, айнала қоршаған ортаны қорғауға баулу. Туған жеріне, Отанына деген сүйіспеншілігін арттыру. Жауапкершілікке, адамгершілікке тәрбиелеу. Аймақтық компоненттер туралы мәліметтер жинақтау кезінде оқушылардың өз бетінше жұмыс істей білу дағдысы қалыптасады. Оқушылардың ізденісін арттырып, олардың шығармашылық жұмысын дамыту. Экологиялық мәселелердің өзектілігі жөнінде түсініктері артады.

Өзектілігі: Қазіргі заманда адам баласының қоршаған ортаға тигізген зиянды әсерінен экологиялық жағдай ауырлап кетті. Сондықтан бүгінгі күнде оқушыларға экологиялық тәрбие беру өзекті мәселелердің бірі. Адам баласының экологиялық сауаттылығын арттыру үшін мектепте оқушыларға экологиялық тәрбие беру керек.

Қазіргі кезде ғылыми-техникалық прогрестің дамуы адамзат өмірін жақсартуда. Алайда табиғатқа, қоршаған ортаға орасан зор зиян тигізіп отырғаны анық. Әлемде экологиялық дағдарыстар, апаттар ұлғая түсуде. Экологиялық зардаптар Жер бетіне қауіп төндіруде. Қоршаған ортаны қорғау дүниежүзі елдерінің алдында тұрған міндеттердің бірі. Қазақстан Республикасында қоршаған ортаны қорғау өзекті мәселе болып отыр. Осыған орай өскелең ұрпақты тәрбиелеуде экологиялық білім беру қазіргі кезде негізгі мәселе болып отыр.

Оқушыларға экологиялық білім мен тәрбие берудің қандай жолдары бар? деген сұрақ әр ұстаздың көкейіндегі, ойындағы сұрақтың бірі деп ойлаймын.

Экологиялық ұғымдарды әрбір ұстаз бен тәрбиеші, отбасындағы ата-ана күнделікті өздерінің өнегелі істерімен байланыстырып отыруы абзал. Экологиялық білім мен тәрбие берудің өзекті орталығы- мектептегі кештер, сайыстар, дебаттар, ертеңгіліктер. Оқушылардың өз туған жерін, оның экологиялық мәселелерін қаншалықты білетіндіктерін бақылау мақсатында биология сабағында аймақтық компоненттер туралы мағлұматтар беру енгізілген. Қазір бүкіл әлемді алаңдатып отырған проблемалар туралы оқушылар білу керек.

Биология сабағында аймақтық компоненттер туралы оқушылар мәліметтер білу керек. 5-11 сыныпта әр тақырыптарға сәйкес аймақтық компоненттер туралы жоспарланған.

Бағдарламаға сүйене отырып, әр сыныпқа аймақтық компоненттер туралы білім беру мақсатында күнтізбелік жоспар жасалынды. Мысалы: ШҚО-да сирек кездесетін және жойылып бара жатқан жануарлар туралы мәліметтер 6- сыныпта « Өсімдіктер мен жануарларды қорғау. « Қызыл кітап» Қорықтар мен қорықшалар» тақырыбында « Өсімдіктер мен жануарларды қорғау. Қазақстанның қорықтары» туралы мәліметтер беріледі.

Биология сабағында туристік-өлкетану және жобалау зерттеушілік жұмыстарын қолданамын. Жобалау – оқушының өз бегінше ойлау, ақпараттарды жинау дағдысын, оны өңдеп, болжам жасау және шешім қабылдау қабілеттерін дамытады. Жобалау әдісі теория жүзінде алған білімді тәжірибе жүзінде пайдалануға мүмкіндік береді. Осылайша оқушының қызығушылық ынтасы туындайды. Мысалға, оқушылардың жоба жұмыстары: «Гүлдердің күнделікті өмірдегі маңызы», «Бұқтырма өзенінің қазіргі және болашақ жағдайы».

Әр жаз уақытында оқушылармен Берел қорымына, «Арайлы шығыс» лагеріне, демалыс ұйымдастырылады. Оқушылар тек демалып қана қоймай туған жерлерінің табиғаты туралы білімдерін толықтырады. Түрлі өсімдіктер мен ағаш гүлдерді суретке түсіріп, биология сабақтарында алған білімдерін тәжірибе жұмыстарымен ұштастырады, өсімдіктердің жапырақтарының құрылымына, топырақтың жай-күйіне зерттеу жасайды. Зерттеушілік жұмыстардың маңызы өте зор, себебі ол оқушының алған білімі мен дағдысын іс жүзінде қолдануға, танымдылық, ізденушілік қабілетін арттыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар жаздың ыстық күнінде күн өтуден қорғану, суға түседі ережелер сияқты алдын ала сақтық шаралары жүргізілді. Үлкен сыныптың оқушылары жасы кіші оқушыларға қамқор болуды, ал кішілері үлкендерді сыйлауға, ортақ тіл табысуға, тату болуға, табиғатты аялауға, оны қорғауға үйренді.

«Жас эколог» үйірмесі мүшелерінің басқаруымен мектеп үлескесінде де жұмыстар жүргізіліп отырады. Үлескеде көкөніс, гүлдер, сәндік бұталар бар. Үйірме мүшелерінің ұйымдастырылуымен 5-10 сынып аралығындағы оқушылар мамыр-қыркүйек айларында үлескеде практикадан өту кестесі жасалып күту, баптау, қоректендіру, зиянкестерден қорғау жұмыстарын атқарып биологиялық білімдерін молайтып, өсімдіктер тіршілігіне тереңірек үңіле отырып, экологиялық тәрбие беруге ықпал етеді. Үлескеден түскен пайда гүлдендіруге, көкалдандыруға жұмсалады.

Осындай өлкетану бағытындағы зерттеушілік жұмыстар оқушының пәнге деген қызығушылығын арттырады; биология пәндері бойынша үлгермеушілердің болмауын қамтамасыз етеді; туған өлкенің табиғатын қорғауға баулайды.

Қорыта келгенде, оқушыларға экологиялық білім беру жүйесінде аймақтық компоненттерді пайдалану-үздіксіз зерттеулер, тәжірибелер мен жан-жақты ізденістерді қажет ететін күрделі проблемалардан тұрады. Экологиялық білім беруді бүгінгі күннің талабына сай жетілдіру үшін оның үздіксіз ұстанымын жүзеге асыру қажет. Бұл күн тәртібіндегі өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Кезінде ұлы Төле би мынандай ұлағатты сөздер қалдырған екен: «Үйірсіз құс болмас, жалғыз ол кез-келген аңға жем болады. Қасқыр да үйірімен күшті!» Жалғыз бұлақ әлсіз, көптен бұлақ өзенге айналса, ол тасты жарып, тауды бұзады!» Сондықтан, құрметті әріптестер, экологиялық білімге көбірек көңіл бөлейік

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. «Адам және қоғам мәдениеті». Алматы 2000ж
2. Биология және география журналдары
3. «Өсімдік- табиғат қазнасы».

ДАЯРЛЫҚ ТОП ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕРІНІҢ ТАБИҒАТТАҒЫ КҮЗГІ КӨРІНІСТЕРДІ БАҚЫЛАУЫ

Тастанбекова Н.Т., тәрбиеші, Аякөз ауданы бойынша білім бөлімінің »С.Ғаббасов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

Мақалада Мамырсу ауылындағы мектептегі даярлық топ тәрбиеленушілерінің табиғатта күзгі өзгерістерді бақылау жағдайлары қарастырылады. Жүргізген бақылаулардың мақсаты, алар нәтижесі беріледі.

Табиғат-бүкіл тіршілік атаулының өсіп-өнген қасиетті мекені. Қоғамдық даму тіршілікпен тығыз байланысты. Сондықтан қоғам мен табиғат арасында үйлесімді қатынастың дамуы оның әрбір мүшесіне, оның денсаулығына тығыз байланысты екендігін келер ұрпаққа жеткізу-біздің асыл мұратымыз. Қандай адам болса да өзінің туып өскен өлкесін, туған ауылын ыстық ықыласпен еске алып, оның көркем келбетін, табиғат байлығын үлкен мақтанышпен әңгімелейді. Бұл -оның кіндік қаны тамған жеріне деген елжіреген сағынышы. Ол асқар тау болсын, шалқар көл болсын, мейлі тіпті шағыл құмы болсын көңілді сергітер әсем табиғаты бар-оның кішкентай Отаны. Әр адамға өзінің туып-өскен жерімен суы, аспаны мен тауы ыстық. Осы табиғаттан дархандықты, ерікті желден еркіндікті, кәусар көлден мөлдірлікті алғаны секілді білім мен барлық ізгілікті ала беретін ұлы бұлақ, бастама көзі болып табылатын-туған елі. Туған елге деген сүйіспеншілік табиғатқа деген іңкәрліктен басталады. Мектептегі даярлық топ тәрбиеленушілеріне өз өлкесінің орманы, егістігі, бау-бақша, тауларының әсемдігін бақылау нәтижесінде қоршаған ортаға деген жауапкершілік, қоғам алдындағы парыз сезімін қалыптастыру арқылы өлке материалдарына сүйене отырып тәрбиелеу, білім беру үдерісін қалыптастыру керек. Әр адам жасына, жынысына қарамастан, ауасын жұтып, суын ішіп отырған Табиғат-ананы қадірлеу керек. Осы мақсаттың үдесінен шығу барысында мектептегі даярлық топ тәрбиешілеріне мынадай міндеттер қойылады: балалар бойында эмоционалдық алғырлық, табиғатпен сырласа білуге және оған қамқор бола білуге, табиғаттың алуантүрлілігін, ерекшеліктерін білуге, табиғаттың берген сыйын бағалай білуге, бүлінуден қорғау, қажет жағдайда бүлінгенді қалпына келтіре білу. Бұл- біртұтас процесс.

Экологиялық білім берудің аймақтық компонентін үздіксіз жалғастыру үшін оларға білім берудің қағидасы негізінде жасалған мынадай мазмұндағы қажеттілікпен жалғастыруды жөн көрдік:

1. Туған өлке табиғаты жайлы білім жүйесін (оның құрамдас бөліктері мен байланыстарын) қалыптастыруда қазақ халқының ұлттық ауа-райы туралы болжамдарын қолдану. Халықтың белгі-нышан мазмұнын таңдау принциптері:

-мектеп жасына дейінгі балаларға түсініктілігі;

-қазіргі жағдайда қолданыста бары;

-экологиялық мазмұндағы мақсаттарды шешу үшін тірі және өлі табиғат жайлы білімдерін жүйелеу.

2. Табиғатқа қызығушылығын арттыруда қазақ халқының ертегілері, аңыздары мен мақал-мәтелдерімен таныстыру арқылы тірі, өлі табиғат құбылыстары жайлы білімдерін толықтыру.

-Бір тал кессең, он тал ек.

-Батыр –елдің ажары,

Бал құрақ-көлдің ажары.

-Елдің ерлігі ерінен танылар,

Елдің байлығы жерінен танылар.

-Құртақандай торғай да,

Өз ұясын қорғайды.

-Арша өскен жерінде,

Адамзат өскен елінде.

-Атамекен –анан екен,
Қысылғанда панаң екен.

-Адам Отанын іздейді,
Қой қотанын іздейді.

-Серуенге шыққанда нақ табиғат объектісін бақылау барысында қазақ халқының жұмбақтарымен таныстыру.

1.Қыста шыны боп қатады.

Жылыда су боп жатады.(мұз) Мақал:Мезгіл жетсе,мұз ерір.

2.Зәулімде тұрағы

Тіреусіз тұрады.(бұлт). Бұлт ала, жер шала.

Сондай-ақ қазақ халқының дәстүрлі салт-дәстүрімен жыл мезгілдері ауысқанда таныстыру.Мысалы Наурыз мерекесі жайлы .Р.Рымбаеваның «Наурыз-думан» әнін тыңдату.

Күзгі ауа райын бақылау мақсатында даладағы орындықтардың ,тастардың сууы және т.б.күннің бетін бұлт басқанда балалардан не себепті қараңғыланатыны немесе жарық бола бастағанда ағаратынын сұрау.Табиғаттағы жел құбылысына зырылдауықтың ,қағаз лентаның көмегімен назар аударту.

Бақылаудың келелі жоспарына не бақыланатынын,бақылау ретін белгілейміз.*Қырқуіек айы.*1.Құстарды бақылау.Олардың жүріс-тұрысын бақылау.2.Мектеп үлескісінде өсіп тұрған гүлдерді бақылау.3.Ауа деген не? Оның қасиеттерін бақылау.4.Күзгі жәндіктерді бақылау.5.Шық,қырауды бақылау.

6.»Барлау» ойыны арқылы күзгі бақтарда ағаш, бұталардың өзгерісін бақылау.7.Ауа райын бақылау арқылы жиынтық белгілер құрастыру.8.Жәндіктермен қоректенетін құстардың ұшып кетуін бақылау.Құстардың азау себебін түсіндіру.9.Тұман құбылысын түсіндіру.10.Бакша гүлдерінің тұқымын жинау;біржылдық,көпжылдық.

11.Жапырақтың түсуін бақылау.Күз кезіндегі әсем бақты көрсету.12.Мектеп үлескісіндегі өсімдіктердің маусымдық өзгерісін бақылау.Салыстыра білуге үйрету.13.Қайыңды бақылау.14. "Жабайы «өсімдіктердің тұқымын жинау керек пе? Өсімдіктер өміріндегі желдің ролі.15.Аула сыпырушының еңбегімен таныстыру.16.Алғашқы үсіктер.Үсік жүру мен температура төмендеуі арасындағы байланыс.

Келешек жоспардың бақылау беттерінде :1.Бақылау тақырыбы.2.Мақсаты.3.Сұрақтар мен суреттер.4.Көркем сөз.5.Табиғаттағы еңбек.Алдыңғы бақылаулар мен салыстыру нәтижесінде жүйелі білім мен дағды қалыптасады.1.Күзгі бақылау кезінде балалар жасыл,сары жапырақтарды жұлып алып салыстырады.2.Жұлынған жасыл жапырақтың бұтақта берік орналасқанын орнында арнайы ұлпамен жабылған жара қалғанын көруге болады.Жерге түсіп жатқан сары жапырақта ондай белгі жоқ.3..Өздеріне таныс өсімдіктердің қайсысының жапырағы сарғыш, қайсысы қызғылт реңдес болады.4.Балаларды топқа бөліп қай топ қанша реңді жапырақ табады.5.Бақылау күнделігінде қай кезде жапырақтар түсті, қай кезде қандай түске боялады, боялу мерзімін белгілейді.6.Жапырақ түсу мерзімі аяқталған соң құрғақ жапырақтардың кейбірінің бұтақта қанша тұратынын,қатты желден, жаңбырдан, қардан кейін бақылайды.Тәжірибелерді сурет салу, жапсыру,әңгімелеу,балалар құрастырған ертегілермен аяқтаған жөн. Экологиялық ойындар нәтижесінде балаларға табиғаттың қайталанбас бүтіндігін сездіруге керек.Балалардың ізденімпаздық қабілетін жетілдіру арқылы табиғатқа деген сүйіспеншілігін , ойлау қабілеттерінің белсенділігін арттыру ,қоршаған ортамен өзара қатысын білуге ұмтылдыру, болып жатқан құбылыстардың себебін білуге тәрбиелеу.Экологиялық тәрбие мәдениеті отбасында қалыптасады.Ата-аналар мерекеге, экскурсияға қатысады,көптеген отбасылар табиғатқа демалуға шыққанда табиғи ортаға қосылады.Ата-анаға кеңес беру кезінде баламен демалыста қайда баратынын,бала мен жануарлар әлемі және табиғи материалдардан түрлі колөнер бұйымдарын жасау жайлы мәліметтер беруге болады.Әр маусымның басында тақпақ, жұмбақ, мақал-мәтелдер , маусым белгілері бар әдемі суреттер, қаланың көрікті жерлерінің бейнелері бар суреттермен стендтерді безендіреміз.Табиғаттағы күзгі өзгерістерді бақылау арқылы балалар түйсігін дамыту белгілі бір ретпен жүзеге асады.

ТАБИҒАТ ПЕН ЕТЕНЕ БАЙЛАНЫСТАҒЫ БАЛАБАҚША ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕРІНІҢ АДАМГЕРШІЛІК- ЭКОЛОГИЯЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫ

Томбаева К.К., Ақбота»шағын орталығының тәрбиешісі, Аякөз ауданы бойынша білім бөлімінің» С.Ғаббасов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

Экологиялық тәрбие-адамгершілік,ақыл-ой тәрбиесі.Адам және табиғат.Осы бір маңызды ғұмырлық мәні бар тақырыпқа ақындар,суретшілер де ден қойып, бұл тақырып жайлы тамаша туындылар жазып,қалам ұштаған.Бірақ,дәл бүгінгідей өте зәрулік туатындай ,мәселенің өткір қойылуы да қоғамға төніп тұрған қауіпті сөйлісті үшін,Жер-Ана атты асыраушы ортақ үйімізді қорғау үшін адамның рухани және материалдық әлеміндегі іс-әрекетін экологияландыру - басты мәселе болып тұр.

Бұл мәселе тәрбиеленушілерді өзіндік ой-өрісі, белсенді өмірлік ұстанымы бар жеке тұлға ретінде шығармашыл тұрғыда дамуын қажет етеді.Осы сұрақ төңірегінде экологиялық тәрбиеге келсек, табиғатқа ізгілікті көзқарас,көркемдік сезімдерін дамытуға, құндылықты бағалай білуге,табиғатты қорғай білуге ұмтылыстарын оятады. Көкейкесті мәселе- қоршаған ортадағы құбылыстардың айырмашылық белгілерін ажырата білетін, керегіне орай қолдана білетін,бағыт-бағдары, алғашқы білім түпқазығы бар тұлға даярлау.Жас бүлдіршіндердің тек білім алып қана қоймай,өзі бөлшегі болып табылатын қоғамның заңдарын түсініп,орындайтын,сәйкестікте болатын, сол алып әлем айдынында жүзе алатындай біліммен қарулану-толғағы көп мәселенің түйткілін шешетін кілт.Ендеше,менің міндетім,барша тірі және өлі табиғатқа жауапкершілікпен қарайтын жанашырлық сезімін дамыту.

Табиғаттың адамға,әсіресе балаға әсері өте көп.Балалар күнделікті күйбең тіршілікте табиғатта өтетін құбылыстармен, құстар мен жануарлар әлемін бақылау, төрткіл әлемдегі жануарлар мен өсімдіктер жайлы хабарлар көріп,бөлме өсімдіктерін ,бау-бақшаны күту сияқты істерде байланыста болады.Табиғат әлемінің құбылыстары мен объектілері бүлдіршіндерді алуантүрлілігімен,әдемілігімен көз тартатындықтан, олардың қуанышты ,алғашқы білім негіздерін қалауға бастама бола алады.Бүлдіршіндер табиғаттағы қарапайым еңбеккер құмырсқадан бастап,қалың шөптегі кішкентай қонызға дейін байқайды.Олар үшін қызық дүниедегі заттарды көріп,ұстап,іскеп көреді.Табиғаттың кез келген құбылысының : таңғы ауада құстардың шыққылықтап,ән салуын,күннің көтерілуін, гүлдердің қауыздарының ашылуы сияқты қарапайым елеусіз көрінетін әсемдіктерді көру үшін де аңғарымпаз болу керек қасиеттерін дамытады.Табиғат-адамның басты мұғалімі. Балалар өздері үшін қызығушылық танытып отырған затын,құбылысын білгісі келеді.Сондықтан табиғи білімдерін жетілдіріп,қор жинау үшін дұрыс бағыт беріп,ол жайлы нақты көзқарас қалыптастыруда бар мүмкіндікті пайдаланып, білімін ұштай білу керек.Өз істеген ісінің нәтижесін көретін істен адам ләззат алады.Ендеше ,балалар бақшада Жер-Ананы күтіп баптауда істелетін жұмыстар:территорияны жасылдандыру,гүлдер егу ,тұқым себу,оны күтуге жұмылдыруға болады.Өсімдіктерді егу барысында оларға керекті табиғи жағдайлар :су,ауа,жарық жайлы тәлімдік мәні бар нақыл сөздердің төркініне тоқталамын. «Судың да сұрауы бар», «Ай мен күндей,әлемге бірдей» ,»Жүн түспеген Жер көгермес»,»Тау тасымен көрікті» ,»Орманымен жер сұлу» деген мақалдардың мәнін ашамын. .Бүлдіршіндер бақшада үлкендердің ісін қайталауға тырысады. Олармен бірге ауысыңда орталығында орналасқан паркке саяхатқа апарудағы мақсат:балалардың өздерін қоршап тұрған ортадағы әрбір тірі тіршілік иесінің сырын ұғынып,ойлануға,жан-дүниесіне үңіле білуге, түсінуге көмек беру керек.Жер-ананың беріп жатқан сыйы жайлы толығырақ мәлімет алуға мүмкіндік жасау керек. Табиғаттың өзі берген әсем дүниесін бұзбай,сол калпында сақтаудың адамдардың жетістігі мен жақсы тұрмысының кепілі екендігін сезіндіру

керек. Өйткені, табиғат – Ананың берген туындысы-сыйын сол қалпына келтіре алмайтынын жеткізе білу керек. Табиғатқа деген көзқарасын әртүрлі кейіпте білдіреді. Жұмбақ, өлең оқу, сурет салу, ән салу сияқты және топпен бірге түрлі қойылым қою. Ой талдап, қорыту барысында туған жер туралы түрлі мақал-мәтелдер айтамын. «Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас». «Басқа жерде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол» дегендей, бүлдіршіндерге туған жерінің әр тасы қымбат «Ел-елдің бәрі жақсы. Өз елің бәрінен жақсы», ыстық екендігін есейген кезге дейін бойында туған жерге деген сүйініш, ынтызарлық тудыруарлық сәттерді жиі оралту керек. Өзіндік шығармашылық әрекетін тудыруарлық сурет-апликациялар жасауда бағыт-бағдар беремін. Өз ойын, білімдерін қалай жеткізетін суреттерден көруге болады. Табиғат құбылыстары жайлы жұмбақтар айтамын. Бұл әдістер бүлдіршіндердің ізденушілігін дамытып, сөздік қорын арттыруға, қоршаған ортаны жете біліп, зерттеуге, аялауға үлкен ықпал етері сөзсіз. Заман ағымына сай болашақ қоғам иегерлерін елжанды етіп тәрбиелеу-біздің борышымыз.

ӘОЖ 373.2. 09:502/504

БАЛАБАҚШАДАҒЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕНІҢ МАҢЫЗЫ

Тохтарова А.Т. – тәрбиеші, ШҚО білім басқармасы Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің «№100 балабақша-бөбекжайы» КМҚК, Өскемен қаласы

Аңдатпа – балабақшада табиғат жайында алғашқы ұғымды қалыптастыра отырып қарапайым білім беріп, осының негізінде тірі және өлі табиғаттағы құбылыстар жөнінде нақты және жалпылама таным-түйсік қалыптастыру.

Экология – биология ғылымының негізінде XIX ғасырдың орта шенінде айқындала бастағанымен, оның өз деңгейіне көтерілуі XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басы болып саналады. Осы тұрғыдан алғанда жалпыға бірдей экологиялық білім мен тәрбие берудің мақсат-міндеттерін, республикамыздың үздіксіз білім беру жүйесінің барлық сатыларында жүзеге асыруды, жастардың көзқарасын, табиғатқа жауапкершілік қарым-қатынасын қалыптастыруды, мектепке дейінгі мекемелерден бастап жоғары оқу орындарына дейінгі аралықты экологиялық білім мазмұнымен жаппай қамтып, оны сабақтастықта жүргізуді талап етеді.

Экология мәселесі жөніндегі қабылданған мемлекеттік құжаттарда болашақ ұрпақ үшін қоршаған ортаны қорғаудың құқықтық негіздері көрсетіліп, биологиялық алуан түрлілікті сақтау мен табиғатты ұтымды пайдалануға бағытталған іс-шаралар белгіленген. Мәселен, мектепке дейінгі мекемелер мен арнаулы орта және жоғары оқу орындарында экологиялық білім негіздерін міндетті түрде оқыту айрықша айтылған.

Экологиялық тәрбие жұмысын ұйымдастыруға ұсынылатын материалда балалардың жас ерекшеліктерін, психологиялық физиологиялық қабылдау мүмкіндіктерін ескеріп оны тәрбие процесінде тиімді пайдаланған дұрыс. Балалардың отбасында өсімдіктер мен жануарлар дүниесіне деген қызығушылығы, оларды сырттай бақылауы, өсімдіктерді басып-жаншып сындырмау, өзен-көл суларын ластамау, қоршаған ортада тазалық сақтау сияқты адамға ғана тән табиғат қорғау іс-әрекеттерінің ата-аналардың ықпалымен жүргізілуі балалық шақтан дағдыға айналып, күнделікті өмірде орындауға тиісті міндеттерге айналуына мүмкіндік туғызады.

Мектепке дейінгі жастағы балалардың үлкендермен және құрдастарымен арадағы қарым-қатынасы күрделіленіп, іс-әрекетінің мазмұны мен формасы нығайып, жетіле түседі. Негізінен бұл жастағылардың әрекеті қарапайым еңбек түрлерін орындауға бағытталады. Өзінің жас шамасына сәйкес тапсырмаларды ынтымақпен орындау нәтижесінде қоғамдық еңбек мотиві

ерекше сипатқа ие болады. Табиғаттағы пайдалы жұмыс түрін орындауда ынталанушылық көрініс табады. Табиғат аясында тәрбиеші ұсынған әр түрлі тапсырмаларды өздігінен орындау дағдыларының дамуы баланың оқу ісіне, білім алуға бейімделуіне ықпал етеді. Кішкентай балаларға қарағанда бұл жастағылардың ұғыну, қабылдау әрекеті неғұрлым мақсатты сипатқа ие болып, табиғаттағы бейнеленген нәрсені немесе заттың түсіне қарай, тәрбиеші көрсеткен көрнекіліктерге ерекше назар аудара алады. Бұл жаста балалар судың қажеттілігін, бастау, бұлақ, қайнардың қайдан пайда болатыны туралы түсініктерді тәрбиешілердің көмегімен түсініп, суды үнемдеп жұмсау дағдылары пайда бола бастайды. Қыс айларында топ бөлмесіндегі ауладан әкеліп қойған бұтақтарды бақылау барысында жасанды түрмен бүршіктер, жапырақтардың пайда болғанын еске түсіріп, табиғи құбылыстардың нәтижесінде барлық ағаштар бүршіктеніп, жапырақ жайып, кейбіреулерінің гүл жаратындығы жөнінде түсінік қалыптасады. Дәрілік өсімдіктер туралы мағлұмат беріліп, олардың пайда, зиянына тоқталып, өсіп тұрған жерін қоршап қою сияқты іс-әрекет түрлерін атқара алады.

Балабақшадағы экологиялық тәрбиенің мақсаты – табиғатты аялап, оны қамқорлыққа алып күту, табиғат жөнінде қарапайым білім бере отырып, тірі және өлі табиғаттағы құбылыстар жөнінде қарапайым ұғымдар қалыптастыру. Балаларға жануарлар дүниесіндегі ғажайып құбылыстар, анасынан тірі туылғанмен, жетілмеген, дәрменсіз, алжуаз халде болғандықтан енелерінің қарнындағы тері қатпарларынан түзілген қалтада сүтін еміп, өсіп жетілетін Австралияның қалталы қасқыры, ағашқа өрмелеп тіршілік ететін қалталы кішкентай аю, тиін, кенгурдің суретін көрсете отырып әңгімелеу арқылы балалардың қиялына қанат бітіру.

Балабақшадағы экологиялық тәрбие жұмысы, тәрбиешінің негізгі салалары болып есептелетін адамгершілік, эстетикалық, еңбек тәрбиелерінің желісінде және халықтық педагогиканың қайнара бұлағын пайдалана отырып жүргізсе, айналадағы орта, табиғат жайындағы жалпылама ұғымдар нақтыланып, қалыптаса береді. Экологиялық тәрбие жұмысына орай көрнекіліктерді қолдана отырып, табиғат бұрышының жабдықталуына байланысты сайыстар ұйымдастырылып экология мәселелері туралы, жағымды-жағымсыз әрекеттер бейнеленген суретте пайдаланылғаны, ата-аналар мен тәрбиешілердің бірлескен жұмысының нәтижесінде табиғат туралы шағын кітапхананы өлі және тірі табиғатпен жабдықтау арқылы көрме ұйымдастырылғаны дұрыс. «Алтын күз», «Құстар күні», «Табиғатты сүйеміз», т.б. ертеңгіліктер бала еңбегімен ұштасып, әр педагогтің ізденімпаз әрекеті ғана болашақ табиғат жанашырын тәрбиелей алады дей келіп, тәрбие жұмысын жүргізудің мынадай екі нысанасына назар аударамыз:

а) балалардың айналадағы табиғатқа деген сүйіспеншілігін оятып, ұғымын кеңейту, оның әсемдігін нәзік сезінуге, өсімдіктер мен жануарлар дүниесін қамқорлыққа алуға баулу.

ә) балабақшада табиғат жайында алғашқы ұғымды қалыптастыра отырып қарапайым білім беріп, осының негізінде тірі және өлі табиғаттағы құбылыстар жөнінде нақты және жалпылама таным-түйсік қалыптастыру.

Табиғат туралы бүлдіршіндердің ой-өрісін кеңейтіп, осы түйсіктер арқылы бүлдіршіндерге табиғат сырларын ұғындыру жөніндегі экологиялық тәрбиенің ересектер тобына арналған жобасына бағдарламасын ұсынып отырмыз. Бұл топтағы балаларда ортаны танудың физиологиялық механизмдері өзінің жоғары даму деңгейіне жетеді. Іштері ойлау, ой тую пайда болады. Баладағы ой-сана мен жүйкенің қозғалуы мен тежелуі ширьғып, күшейеді, тепе-теңдік сипаталады. Абстракты ойлау біршама дамиды, айналадағы орта туралы талдау, ой тую әжептеуір жетіледі, табиғат туралы кәдімгідей түйсік таным қалыптасады. Ол енді табиғаттың өзіне тән кейбір құбылыстары мен қасиеттері жайында білетін болады. Ойын мен еңбек әрекеті ұштаса жүреді. Табиғат құбылыстарының кейбір заңдылықтары, бұлқұбылыстардың мерзімді қайталануымен таныстырылады, осының негізінде табиғат құбылыстарын реалистік тұрғыда ұғынуы, білуге құлшынысы, байқап-көре білуі, логикалық ойлауы, табиғатқа эстетикалық тұрғыдан қарау сезімі қалыптаса береді. Өсімдіктер туралы ұғымдары кеңейтіліп, оның ішінде күнбағысқа т.б. өсімдіктерге тоқтала, оның күнге қарап өсуіне байланысты аталатын және дәнінен май сығып алып, күнделікті өмірде пайдаланатындығын айтып әңгімелеу, олардың сондай-ақ өсуі үшін белгілі бір жағдайлар - топырақ, ылғал, күннің нұры, жылуы керек екені түсіндіріледі. Кейбір жануарлардың өсіп дамуы жөнінде балалардың білімі

толықтырылады, құстар жұмыртқалайды, балапан басып шығарады, оларды азықтандырып асырайды және түйе ботасын, сиыр бұзауын, ит күшігін, мысық баласын өз сүтімен асырайтындығы түсіндіріледі. Балалардың жабайы хайуандар (қасқыр, аю, түлкі, қоян, кірпі) олардың тіршілігі, қорек табу әрекеті жөніндегі ұғымдары кеңейтіледі. Күзде: Балалардың өлі табиғаттағы, өсімдіктердің құстар мен аңдардың тіршілігіндегі күзгі өзгерістері туралы нақты түсініктерін кеңейту, балаларға бұрыннан таныс кейбір құбылыстар мен ауа райының жағдайы және өсімдіктер мен жануарлар тіршілігі арасындағы байланыстың реттілігін анықтап «күз» ұғымының мәнісін айқындап, қорытындылауға бағыттау. Балалардың жансыз табиғаттағы, құстардың хайуандардың өмірінде бірте-бірте болатын өзгерістер: жапырақтардың түсуі, құстардың жылы жаққа ұшып кетуі жайындағы ұғымдарын бекіту. Күзде балабақша егістігіндегі көкөніс жинау, қазып алу, ауланы тазарту (жапырақтарды жинап бір жерге үю) т. б. жұмыстарға көмектесіп, пайдалы еңбекке араластырылады, әңгімелесулерде күз туралы түсініктері нақтылана толықтырылып бекітіледі, фильмдер көрсетіледі. Қыста: Балалардың қысқы ауа-райының сипатты белгілері ағаштардың, ормандағы құстар мен аңдардың тіршілігі туралы білімдерін кеңейту және қорытындылау мақсаты көзделеді. Еңбек дағдыларын қалыптастыру, жанды нәрселерге ұқыптылықпен қарау сезімін тәрбиелеуді жалғастыра беру. Қар жауып тұрған кезде балаларға қара қоңыр қағаз қиындысын беріп, оған қар ұшқынын тосып алып, оны анықтап қарап, соңынан суретін салуды ұсыну, бала қиялын ұштау. Қыс туралы ұғымын толықтыра отырып, күнделікті байқау, кештің ерте түсуі, ай мен жұлдыздардың шығуы, ауа-райы құбылыстарына қардың жаууы, аяз, боранның болуы назар аудару. Қыс қызығын тамашалап, жүздері суықтан бал-бұл жанған балалардың ақ қар, жалтыраған көк мұзда шана, шаңғымен сырғанап ойнап жатқан суреттері бейнеленген суреттер арқылы «Қыс қызығы», «Ортақ шана» атты қимылды ойындарын ойнату. Адамдардың еңбегімен көшені, жолды тазарту, қарды күреу балалардың өз аулаларының қарын тазалауға жәрдемдесулері. Қыс туралы, суреттер, бақылаулар бойынша әңгімелесу, қыс қызығын тамашалаумен қатар, қысқы табиғатты қорғай білуіне назар аудару. Көктемде: Табиғаттың көктемгі құбылыстары, олардың себептері туралы, көктемдегі адамдардың еңбегі жайында балалардың білімдерін толықтыру қажет болады. Көктем ұғымын қалыптастыру. Өлі табиғаттағы өзгерістерді күннің ұзаруын, сеннің жүруін, өсімдіктер дүниесіндегі ағаштар мен бұталардың бұр жаруын, алғашқы жапырақтың шығуын, көктемгі гүлдердің гүлденуін байқау. Жәндіктердің іс-қимылдарын бақылату арқылы балалардың түйсіктерін толықтыру. Құстардың ұшып келуін, ұя салып, балапандарына жем беруін бақылай отырып, қарлығаштың ұясы туралы әңгімелеп беру, құстардың пайдасы, оларды қорғау, қамқорлыққа алу жөнінде әңгімелесу. Мысалы, тоқылдақты ағаштың арасынан құрттарды теріп жейтіндігінен «ағаш дәрігері» аталғаны, ал қарлығаштың ұшуына қарап, олар шарқ ұрып ойнап, күн нұрына шомылып жүр дейміз, ал шын мәнінде үнемі «жұмыс істеп» құрттарды аулап жүретінін, сондай-ақ тоқылдақ, қарлығаштардың суреті салынған көрнекі құралдарды пайдалана отырып әңгімелеу. «Қарлығаштың құйрығы неге айыр» атты мультфильмді пайдалану. Көктемнің алғашқы гүлі бөйшешекке тоқталу, тақпақ жаттату, бейнелеу жұмысы бойынша суретін салғызу.

Егіс даласындағы көктемгі жұмыс, гүлзарлардағы балалар еңбегіне тоқталу. Табиғат бұрышындағы өсімдіктер туралы дидактикалық ойындар ойнату.

Жазда: Жаз мезгіліндегі күннің жарығы мен жылудың әсерінен өсімдіктердің өсіп жетілуі жөніндегі бала ұғымы кеңейіп, жинақталады, жеуге жарамды және улы саңырауқұлақтар мен шөптесін өсімдіктерді айыра білуге үйрету ескеріледі. Адамдардың гүлзарлардағы, егістіктердегі еңбегімен таныстырады, табиғатқа құмарлық, сүйіспеншілік, ұқыпты қарау сезімін тәрбиелейді. Балалар арам шөптерді отап, гүлдердің тұқымын жинауды үйренуі тиіс. Тәрбиеші күнделікті серуен кезінде аспанға назар аударады (бұлтты, бұлтсыз сөздерінің мағынасын түсіндіру). Жаңбырдың жаууы кезінде тәрбиеші балаларға оның бұлттан жауатындығын түсіндіреді:

Мысалы:

Ақ мақта әлдеқайда барады ауып,
Жақындап кетсе жерге алар жауып.

(Бұлт)

Тәрбиеші балаларды әдемі гүл мен, жағымды иісімен қызықтыратын шөптесін өсімдіктермен таныстырады. Ойлау қабілетін дамыту үшін өсімдіктерді атағанда кейбір өсімдіктердің атауларына және олардың ерекшелігіне назар аударған дұрыс, мысалы: жолжелкен — жол бойында өседі, шырмауық — басқа шөптерге оралып, шырмалып өседі, т.б. Сондай-ақ табиғаттағы жаз құбылыстары, ерекшеліктері туралы бұлдіршіндердің ой өрісін дамытып, толықтыру, өсімдіктерді күту, жануарларға қамқорлық жөніндегі адам еңбегіне тоқталу. Жаз күнінің ұзақтығы, жаңбыр, найзағай, кемпіркосақ туралы түсініктерін нақтылау. Серуен, экскурсия кезінде жаздың әр кезеңінде гүлдейтін өсімдіктердің, жемістердің пісуін, құстардың көбеюін бақылау. Гүлдерді жинау, шөкгүлдер тобын жасау арқылы топ бөлмелерді безендіру. Табиғат бұрышында балалар бөлме ішінде өсімдіктерді суарып, гүлдердің түбін қопсытады, сондай-ақ аквариумды, құс торларын тазартады, өсімдіктер мен жануарларды дұрыс күту мен олардың жақсы жағдайда болуы арасындағы байланысты анықтауға үйретіледі. Табиғат мүйісінің эстетикалық көркемдігіне балалар назарын үнемі аударып отыру. Бұл топта тәрбиешінің суреттерді, диафильмдер мен көркем әдебиетті оқуды пайдалану арқылы әңгімелесулеріне көп орын беріледі және табиғат құбылыстары туралы өз елінің табиғатын қорғап, қамқор бола білу қасиеті бойына сіңіріледі.

Балабақшадағы экологиялық тәрбие жұмысының және бір арнасы – адамгершілік тәрбиеге саяды. 1. Адамгершілік тәрбиесінің мәнісі баланың адамдарға, айналадағы ортаға, туған өлкенің табиғатына деген сүйіспеншілігін, қамқорлығын арттыруды көздейді. Туған өлкеге сүйіспеншілікті тәрбиелеудің негізгі құралы — ұлттық тілі, мәдениеті, көркем өнер туындылары. Бала әдеби шығармаларды: өлең, ертегі, жұмбақ, жаңылтпаш, мақал-мәтел, аңыз-әңгіме, батырлар жырын тыңдау арқылы ана тілінің құдіреттілігін сезінумен қатар, оны сүюді үйренеді. Адам табиғат пен өмірдің бар қызығын ән-жырға қосып, оның әдемі де сұлу көріністерін бала санасына ән арқылы жеткізе білген. Халқымыздың қандай ән-әуені болмасын мейірім-шапағатқа, мәнді мазмұнға, ұлағатты тәлім-тәрбие, терең философияға негізделіп жазылған. Сондықтан да ол сезімге әсер етіп, балалардың мінез-құлқы мен адамгершілік қасиеттерін, эстетикалық талғамын дамытуға ықпал етеді. Халық балаға табиғаттың құпия сырларын ән арқылы жеткізумен бірге, өмір сүрудің негізгі көзідал еңбекке де баули білген. Оларға арнап мақал-мәтел, тақпақ, жаңылтпаштар, жұмбақтар, қанатты сөздер, ертегілер шығарып, күнделікті бала тәрбиесіне қолданған. Тәрбиенің осындай мол мұралары арқылы баланың сезімін оятып, рухани дүниесін байытқан, айнала қоршаған дүниені танытып, еңбекке баулыған және де табиғат өсімдігімен қатар кең даладағы құстардың сан алуан дыбыстарымен, жабайы аңдардың үй жануарларының үнімен таныстырып, танымдық қызығушылығын арттырған. Бала зейінін құстар сайраған дауысына, судың сылдырына, жапырақтардың сылдырына аудара отырып, жыл мезгілдерінің ауысуына байланысты осы құбылыстардың өзгеруін түсіндіру ғана емес, айналасындағы ортада болып жатқан өзгерістерді өздігінше бақылай білуге де үйрету қажет. Мұны бала психологиясын жетік білетін, туған елінің табиғатын сүйетін, жаны нәзік тәрбиеші ғана істей алады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие тұжырымдамасы // Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу. Астана, 2010.
2. Шілдебаев Ж. Экология және табиғатты қорғау. – Алматы: Алматыкітап, 2002. -121 б.
3. Жұмабекова Ф.Н. Мектепке дейінгі педагогика. – Астана: Фолиант, 2014. -260б
4. Аймағамбетова Қ. Педагогикалық үрдісті экологиялық білім мен тәрбие беру негізінде ұйымдастыру // Отбасы және балабақша. – 2016. -№2. –Б. 2-4.

ПЕДАГОГ - ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ ТҰЛҒА

Тунгатова К.Б. – тәрбиеші, ШҚО білім басқармасы Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің «№100 балабақша-бөбекжайы» КМҚК, Өскемен қаласы

Аңдатпа: Экологиялық тәрбие – ол бала санасында табиғатты қорғау, аялау сезімін, экологиялық мәдениетті қалыптастыру.

Қазіргі кезде экологиялық білім беру білім жүйелері дамуының өзекті мәселенің бірі. Экологиялық білімсіз қоғамдық экологиялық сана құру мүмкін емес. Қоғамдық экологиялық сана қоғамның экологиялық проблемаларымен күресуде мықты фактор болып табылады. Заман талабына сай экологиялық білім беру - балабақша, орта мектеп, лицей, гимназия, колледждерде, жоғарғы оқу орындарында үздіксіз экологиялық білім беру жүйесін жетілдіру мен ұйымдастырудың мемлекеттік жүйесі.

Экология - организмдер мен олардың тіршілік ету ортасы арасындағы, өзара қарым - қатынасты зерттейтін дербес ғылым ретінде ХХ ғасырдың бірінші жартысынан бастап қалыптасты. «Экология» терминін алғаш рет неміс биологы Эрнест Геккель (1834 - 1919) өзінің «Организмдердің жалпы морфологиясы», еңбегінде ұсына отырып, оның негізі организм мен ортаның бірлестігі және организмдердің эволюция процесінде өзгеруі деген ұғымнан құралғандығын дәйектейді.

Экологиялық білім беру - бұл табиғатты пайдаланудың дайындау, іргелі негіздері ретінде жалпы экологияның теориясы мен практикасын игеруге бағытталған оқыту жүйесі. Ол табиғатты қорғаудың теориясы мен практикасын игеруге бағытталған оқыту жүйесі - табиғатты қорғау білімімен тығыз байланысты.

Қазіргі заманғы экологиялық білім берудің негізгі мақсаты - қоғамдық сананы экологизациялау болып табылады. Міндеті - адамның тіршілік барысында қалыптасатын рухани ортасын сақтау. Ол өз кезегінде өмірдегі қоғамдық мәселелермен қатар, өзі тіршілік ететін ортаны басқаруды да белсенді, көрегендікпен шеше алатын жеке тұлғаның дамуына ықпал ету.

ҚР Конституциясының 31 - бабында «Мемлекет адамның өміріне және денсаулығына қолайлы жағдай жасап, қоршаған ортаны қорғау мақсатын көздейді» делінген. 15. 07. 1997 жылы қабылданған ҚР «қоршаған ортаны қорғау туралы» заңның 73 - 74 баптарында экологиялық білім мен тәрбие берудің жалпыға бірдейлігі, үздіксіз болуы қарастырылған. Бұл ережелер ҚР - ның «Білім туралы» заңында да көрсетілген.

Бүгінгі таңда экологиялық білім беру білім жүйелері дамуының өзекті мәселенің бірі. Экологиялық білімсіз қоғамдық экологиялық сана құру мүмкін емес. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, күннен-күнге туындап отырған экологиялық мәселелер мен олардың шешімін іздестіру өзінің көкейкестілігін дәлелдеуде. Ал бұл болса үздіксіз білім беру процесінде (отбасы → балабақша → мектеп) балалардың экологиялық тәрбиелілігін дамыту қажеттілігін күн санап арттыра түседі, өйткені қоршаған орта мен адамның денсаулығын сақтау маңызды құндылықтың бірі болып табылады. “ Экология- организмдердің бір- бірімен және қоршаған ортамен өзара қарым-қатынасын зерттейтін ілім.

Экология – тірі организмдердің тіршілік ортасымен ара-қатынасының зерттейтін биологиялық ғылым ретінде қарастырады.

Экология саласындағы қордаланған өзекті мәселелерді шешу ең алдымен адамның оған қатысты экологиялық санасын қалыптастыруды қажет етеді. Экологиялық санаға экологиялық білім жатады : фактілер, деректер, жануарлар, әлемі мен өсімдіктер дүниесі және олардың өмір сүру ортасы жайында, жалпы қоршаған ортада болып жатқан құбылыстардың өзара қарым-қатынасының қорытындысы мен талдауы.

Адамның экологиялық санасына тағыда оның табиғатты және қоршаған ортаны қорғау заңдылығын бұзғандар мен өздік қалауы бойынша белсенді күрес жүргізудегі талпынысы мен әрекеті жатады. Сондықтан да, экологиялық сана қоғамдық сананың формасы ретінде маңызды қызмет атқарады. Қазақстан Республикасы тұрақты дамудың жаңа жолына түскен кезеңде жастарды ізгілікке, парасаттылыққа баулитын экологиялық білім мен тәрбиенің маңызы арта түседі. Себебі «табиғат-қоғам-адам» жүйесіндегі қарым-қатынастардың шиеленісуі жылдан-жылға күшейіп, экологиялық зардаптар жердегі тіршілікке қауіп төндіріп отыр.

Экологиялық тәрбие – ол бала санасында табиғатты қорғау, аялау сезімін, экологиялық мәдениетті қалыптастыру.

Экологиялық тәрбиенің мақсаты балалардың бойында экологиялық білім, көзқарас, сенім жүйесін қалыптастырып, сол арқылы олардың табиғатқа, қоршаған ортаға парасаттылық, жауапкершілік, қарам-қатынасын жан-жақты қалыптастырып дамыту.

Экологиялық тәрбие мен білім беру – табиғат ресурстарын тиімді пайдалану мен қоршаған ортаны қорғауда белсенді әрекет жасай алатын жеке тұлғаның экологиялық сенімін қалыптастырып, белсенділігін көтеру.

Біріншіден, адамның, қоғамның табиғатқа әсер ету ортасындағы білімнің ғылыми дүниесін қалыптастыру.

Екіншіден, жеке тұлғаның адамгершілік дүниетанымын тәрбиелеу.

Үшіншіден, экологиялық іс-әрекетте білі мен тәрбиенің жүзеге асуына ықпал ететін жан-жақты факторларды қарастыру.

Балабақшада экология пәнін оқыту – экологиялық және әлеуметтік мәселелердің мәнін түсіндіруге, қоршаған орта мен адам арасындағы өзара байланыстың дамуына талдау жасауға үйретеді. Нәтижесінде олар адам мен табиғат арасында тығыз байланыс бар екенін түсініп, адамның табиғатты орынды пайдалану мәселесімен біртіндеп танысады. Негізінен бірыңғай экологиялық білім беру, принципін жасау қажет.

Яғни, экологиялық білім беру бағдарламасын неден бастап және қалай жүзеге асыруға болады? Бала негізінен өзінің айналасында неболып жатыр, міне осыны түсінуге баулау керек. Экологиялық міндеттерді анықтап, оларды шешу жолдарын белгілеуге, қоршаған ортаның жағдайын айқын парасаттылықпен және сын көзбен бағалай білуге үйрету. Табиғатты қорғауда бүкіл дүние жүзілік бірлестікті күшейту, халықаралық ынтымақтастықтың негізінде экологиялық қауіпсіздіктің тұжырымдамасын жасау және іске асару қажет болады. Табиғатымыз қаншама бай болғанымен, оның сан алуан ресурстарының қай-қайсысы болмасын шексіз емес екендігін күнделікті өмірдің өзі дәлелдеп отырған тұста экологиялық үздіксіз білім беру керек екендігі анық. Нәтижесінде, табиғатымызды сақтап қалу экологиялық білімді талап ететіндігі және жоспарланған жұмыстарды өз дәрежесінде атқаруға оң ықпал ететіндігі айқын.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Үздіксіз білім беру процесіндегі экологиялық тәрбие сабақтастығы. Ізденіс. - Алматы, 2007. - № 4(2). - 225-229б.
2. Сабденалиева Г.М. «Экология тәрбие берудің педагогикалық шарттары» Алматы. 2001 ж.
3. Экологиялық тәрбие жұмысының сипаты. Білім Образование. -2001. -№2. -31-33 б.

ӘОЖ 373.2 :502 /504

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ МЕКЕМЕДЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ.

Увазырова А.У. -тәрбиеші, Шығыс Қазақстан Облысы білім басқармасы Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің «№100 балабақша-бөбекжайы» КМҚК, Өскемен

Аңдатпа :Бұл мақалада Мектеп жасына дейінгі мекемеде Экологиялық мәдениетті қалыптастыру жолдары жайлы айтылады.

Кіріспе: «Ғаламның ғажайып көркі де сонда,сыры да сонда,макамы да сонда...ғылымы да сонда, адамның өмірі де сонда»,-деп А.Машанов айтпақшы тілсіз табиғаттың тылсымын түсініп,оны аялау,қорғау және көркейту – әрбір адамның міндеті әрі борышы. Себебі,табиғат пен адам – егіз.

Н.С.Дежникова экологиялық мәдениетті қалыптастыру балалардың рухани дамуына дамуына әсер ететін, олардың экологиялық көзқарастарын қалыптатыратын біртұтас жүйе ретінде қарастырады. Оның ойынша, экологиялық тәрбиенің деңгейін ересек топ балаларының қоршаған ортаға деген құнды көзқарастары туралы қалыптасқан білім жүйелерімен анықталады.Ересек топ балаларының экологиялық мәдениетін қалыптастыру отбасы мен балабақшадан нәр алып, дамуы керек.

Зерттеудің мақсаты:

Адамның қоршаған ортаға әсер ету мәселелері, осы әсердің теріс көріністерінен қорғау тәсілдерін түсінуге тырысып, адамзат көптеген ғылымдар мен ғылыми бағыттарды құрды. Бұл құрылған бағыттардың әрқайсысы өз терминологиясымен жұмыс істеп, қоршаған ортаны сақтаудың жан-жақты зерттеу әдістері қолданылуда. Осындай зерттеу ғылымдардың бірі - "қоршаған орта биоалуантүрлілігінің қауіпсіздігі".

"Қоршаған орта биоалуантүрлілігінің қауіпсіздігі" техникалық, жаратылыстану және әлеуметтік ғылымдар тоғысында пайда болды. Ол өнеркәсіптік өндірістің өсуі жағдайында қоршаған ортаны және биоалуантүрлілікті сақтауға бағытталған ғылыми негізделген шаралар жүйесі болып отыр[2].

Өсімдік ресурстарын зерттеу саласындағы өзекті міндет табиғи флораны, сондай-ақ жалпы өсімдік жамылғысын тентерімді пайдалану және қорғау болып табылады. Осы тұрғыда Тарбағатай ұлттық паркінің Тарбағатай тауы белдеулерінде тиімділігі жоғары сатылы өсімдіктердің 1640-тан астам түрі ұсынылады. Солардың арасында биологиялық белсенділігі жоғары шикізат көзді өсімдіктердің едәуір саны бар.

Ұлттық парк аумағы бойынша ғылыми-зерттеу жұмысында шикізат өсімдіктерін сипаттау үшін популяциялардың экологиялық жағдайын бағалау, өсімдік түрлерінің мекендейтін жеріндегі жердің тозу дәрежесі, антропогендік әсерлер деңгейі, ластанған ауа-райы климаттық жағдайын анықтау өте маңызды орын алып, осы тұрғыда ұлттық парктің атқаратын жұмыс саласының бірі "қоршаған орта биоалуантүрлілігі қауіпсіздігін" сақтау болып отыр [3].

Ұлттық парктің флора әлемі өте бай, соның ішіндегі табиғи құндылықтың бірі, зерттеу нысандарының негізгі бөлігі - Сиверс алма ағашының *Malus sieversii* (Ledeb.) M. Roem бүгінгі жай-күйін зерттеу. Қазақстандық ғалым профессор Аймақ Жанғалиев осынау 6000 жылдық тарихы бар жабайы алманы 50 жыл зерттеп, Жоңғар Алатауы – 48,8% , Іле Алатауы-25,4%, Қаратау- 12,1%, Талас Алатауы- 11,7%, Тарбағатай жотасында - 2% таралғандығын көрсеткен табиғи таралымдарда, Тарбағатай тауы жотасында 1600-2000 м теңіз деңгейі биіктігінде таралғандығы көрсетілген. Тарбағатай жотасындағы Сиверс алмасы *Malus sieversii* (Ledeb.) M. Roem, XXI ғасырда жойылып кету қаупі бар. Оған бірден-бір қауіп төндіру сатысы-ол антропогендік фактор болып табылады.

Тарбағатай тау белдеуінде таралған Сиверс алмасының *Malus sieversii* (Ledeb.) M. Roem бүгінгі жай-күйіне әсер ететін антропогендік факторлар жиынтығы және олардың биоәртүрлілікке теріс әсер ету формалары кен таралған және алуан түрлі екені айқындалуда.

Осыған байланысты бұл өңірдегі адамзаттың тұрақты эволюциясы және оның дамуы әлемге жана өзгерістер әкелуде. Адамзат қоғамдастығының өмір сүруіне байланысты өңір экологиялық апатқа қарай жылжуда. Оған мысал келтірсек олар: дүниежүзілік жылыну, озон тесіктері, өсімдіктердің көптеген түрлерінің жойылып кетуі көбінесе адам факторының әсеріне байланысты орын алуда. Ғалымдардың пікірінше, халықтың үздіксіз өсуіне байланысты уақыт өте келе адамдардың іс-әрекетінің салдары қоршаған әлемге көбірек әсер етуде және оған қажетті шаралар қабылданбаса, бұл *Homo sapiens* планетадағы барлық тіршілік иелерінің өліміне себеп болуы мүмкін делінген.

Адамдардың іс-әрекеті салдарынан Тарбағатай белдеулеріндегі алма орманы мен урбозкожүйелерге жағымсыз әсер ететін антропогендік факторларға:

-атмосфераның, жер беті және топырақ үйінділерінің, топырақтың өнеркәсіптік және автокөлік шығарындыларымен ластануы;

-орман екпелерінде жүргізілетін шаруашылық іс-шаралар (жыл сайын өсіп келе жатқан ағаштардың рекреациясы);

-автокөліктердің өнеркәсіптік эмиссиялары мен пайдаланылған газдар мөлшері;

-атмосфера мен топырақтың ластануы;

-орман алқаптарының ығысуы(құрылыс, жер пайдалану)әсерлері;

-мал шаруашылығы;

-ағаш кесу антропогендік факторлерін жатқызамыз.

Әдетте, Сиверс алмасының *Malus sieversii* (Ledeb.) M. Roem бүгінгі жай-күйіне адам қызметінің әртүрлі түрлері (ауыл шаруашылығы, құрылыс, тау-кен өндірісі, көлік, өнеркәсіп, демалыс, тұтыну және т.б.) тікелей және жанама әсер етеді. Сонымен қатар, жанама әсерлер бірден бірнеше бағытта әрекет ететіндіктен антропогендік әсерлер көбінесе күрделі әсер болып табылады. Осы антропогендік факторлердің әсер етуінің барлық түрлерін екі негізгі топқа бөлеміз: олар, тікелей және жанама әсерлер.

Тікелей әсер ету:

- Сиверс алма ағашы *Malus sieversii* (Ledeb.) M. Roem таралымдарында: көлемінен тыс тұтыну, кәсіпшілік мәдениеттің төмендігі, шикізат ретінде заңсыз кәсіпшілік, жемісін ұқыпсыз жинау, ауыл және орман шаруашылығының арамшөптері мен зиянкестеріне нормасыз және бейберекет күрес, инженерлік құрылыстар құру, қауіпті, зиянды немесе қажетсіз деп есептелетін өсімдіктерді немесе жәндіктерді құрту нәтижесі әсерлері;

- Табиғи эокөжүйелер әсері: Сиверс алма ағашы *Malus sieversii* (Ledeb.) M. Roem алқаптарын жырты, Сиверс алма ағашы алқаптарының ауыл шаруашылығы алқаптарына айналуы, орман шаруашылығын ұтымсыз әдістермен жүргізу, құрылыстың әртүрлі түрлері, пайдалы қазбаларды өндіру, топырақтың антропогендік су және жел эрозиясы, гидрокұрылыс, су қоймаларын құру, шағын өзендерді жою, мал жаю нәтижесіндегі тікелей әсерлерді жатқызамыз.

Жанама әсер етуге:

- бұл организмдердің тіршілік ету ортасының өзгеруін жатқызып, ондай әсерді үш бағытқа бөлеміз:

- Физикалық, яғни ортаның физикалық сипаттамаларының өзгеруі: топырақтың немесе топырақтың физикалық қасиеттерінің бұзылуы, өзен ағысының реттелмеуі, су қоймаларынан судың шамадан тыс алынуы, сейсмикалық барлау және жарылыс жұмыстары, электромагниттік өрістердің әсері, ауа, гидро атмосферасының ластануы.

- Химиялық, яғни судың, ауаның, топырақтың ластануы: өнеркәсіптік кәсіпорындар, көлік, тұрмыстық және муниципалды ағынды сулар, АЭС, энергетикалық кәсіпорындар, өндіруші, ауылшаруашылық кәсіпорындар жұмысы (гербицид, пестицид, химиялық тыңайтқыштар), зиянкестер мен орман ауруларына қарсы күрес кезіндегі улы химикаттар бөліндісі, техногендік авариялар, әскери объектілері ғарыш зымырандарын ұшыру нәтижесінде "қышқыл жаңбырлары", ластанудың жаһандық тасымалдануы нәтижесі.

- Адам қызметінің нәтижесінде табиғи биоценоздар мен экологиялық тұрғыдан тұрақты табиғи-мәдени кешендер құрылымының бұзылуынан көрінетін биологиялық: әдейі және байқаусызда жерсіндіру, сондай – ақ бөтен текті түрлердің өздігінен таралуы, өсімдіктер ауруларының қоздырғыштарының таралуы, жекелеген түрлердің санының өршуі, табиғи эокөжүйелерге-тірі өзгертілген (гендік-инженерлік-модификацияланған) организмдердің ықтимал енуі, су айдындарын эвтрофикациялау, жануарлардың тағамдық ресурстарын жою[4].

Адам іс-әрекеті нәтижесінде биоалуантүрліліктің өзгеру процестерін оның дамуының табиғи процестерінен ажырату қажет. Биоалуантүрлілікті сақтау бағдарламаларын жасау кезінде міндетті түрде табиғи факторларды ескеру қажет, бірақ оларды оқшаулау көп жағдайда іс жүзінде мүмкін емес. Бірінші антропогендік факторлардың ішінде ең алдымен биокөжүйелерге қатты әсер ететін немесе олар үшін өте маңызды факторларды оқшаулау қажет[5].

Тарбағатай тауының Сиверс алма *Malus sieversii* (Ledeb.) M. Roem орманы жамылғысын және ең алдымен орман эокөжүйелерінің қазіргі жағдайын сипаттау үшін деградация терминін қолдануға болады. Өйткені бүгінгі күнге дейінгі мониторингтік зерттеу, бақылау нәтижесі бойынша Тарбағатай тауы эокөжүйесі табиғи ортасы басқа компоненттерден

бұрын ормандар адам қызметінің теріс әсерін бастан өткергені айқындалуда. Ал тау беткейлерінде орын алған ормандардың тозуы жер бетінде болып жатқан жаһандық өзгерістердің көріністерінің бірі болып табылып отыр. Үржар өңіріндегі Тарбағатай тау баурайындағы жабайы алма ағаштарының деградациялануының басты себебі, ол әлеуметтік-адамдардың қарым-қатынасына және қоғамдағы өмірге байланысты ағаш кесу, егіншілік пен мал шаруашылығының пайда болуынан басталған[6].

Сиверс алмасының *Malus sieversii* (Ledeb.) M. Roem популяциясына тікелей әсер ағаш кесу салдарынан, кенеттен ашық өмір сүру жағдайындағы ағаштар орманның төменгі деңгейлеріндегі өсімдіктер тікелей күн сәулесінің жағымсыз әсерін сезінген. Шөпті және бұталы деңгейлердегі көлеңкелі өсімдіктерде хлорофилл жойылып, өсу тежелген, кейбір түрлері жоғалған. 2019-2021 жылдары Тарбағатай тауы аймағында жаз айында ауа температурасы жоғары болып, ылғалдың болмауынан төзімді фотофильді өсімдіктер кесу орындарында орналасып, стендпен байланысты көптеген өсімдік түрлері жойылған.



Сурет 1 Сиверс алма ағашының *Malus sieversii* (Ledeb.) M. Roem жай-күйі. Сурет автордікі.

Сиверс алмасының *Malus sieversii* (Ledeb.) M. Roem популяциясына тікелей әсер етудің тағы бір түрі өсімдік жамылғысының жай-күйіне демалушылардың ормандарға жаппай баруы, жазғы жайлаудағы мал жайылымы айтарлықтай әсер еткен. Мұндай жағдайларда орын алған зиянды әсерлерден: топырақ адам аяғы, мал тұяғымен тапталып, тығызданып, және оның ластануы байқалады. Қатты тапталған белдеулерде топырақтың тығыздалуынан тамыр жүйелері тежелгені болжамданады және су тапшылығынан, топырақ қабатында болған аз ылғалдың жетпеуінен алма ағашының кебуіне әкеліп соққан. Ауарайының құрғақшылығынан алма ағаштарға келетін таудың биік белдеуіндегі бұлақ көздері тартылып, сумен қамтамасыздануы нашарлаған. Сондай-ақ, алма ағашы шоғырланған белдеулерде қоршаған ортаның ластануы биосфераға өте жағымсыз әсер еткені байқалуда[7].

Сонымен қатар, көп жылдық алдыңғы зерттеулерге байланысты соңғы онжылдықтарда антропогендік факторлардың әсері күрт өссе, бұл жаһандық экологиялық проблемаларға әкелетіні айқын, ондағы орын алатын проблемалар қатары: парниктік эффект, қышқыл жаңбыр, ормандардың жойылуы және аумақтардың шөлейттенуі, қоршаған ортаның зиянды заттармен ластануы және планетаның биологиялық әртүрлілігінің төмендеуі болса, Тарбағатай белдеулерінде қазіргі уақытта антропогендік факторлардың әсерінен түрлердің едәуір санының жойылуынан биологиялық әртүрліліктің төмендеуі байқалады. Ал адамның тірі табиғатқа әсері тікелей әсер етуден және табиғи ортаның жанама өзгеруіне байланысты болатыны болжамданады[8].

Адам-эволюцияның тәжі, онымен ешкім дауласпайды, бірақ сонымен бірге адамдар флораның басқа өкілдері сияқты қоршаған ортаға түзетілмейтін әсер етеді. Сонымен қатар, адамның іс-әрекеті көп жағдайда теріс, апатты сипатта болып отыр. Бұл адамның табиғатқа әсері- яғни, антропогендік фактор.

Осы антропогендік фактор әсерінен туындаған мәселелерді шешу жолдарын қарастырсақ олар:

- өзінің дамуының осы кезеңінде адамзат өз қызметінің табиғатқа теріс әсері және онымен байланысты қауіптері туралы көбірек ойлау;
- қазірдің өзінде туындаған проблемаларды шешуге алғашқы қадамдар жасау;
- энергияның баламалы түрлеріне көшу;
- қорықтар, ұлттық парктер құру;
- экологиядағы қалдықтарды кәдеге жаратуға бет бұру керек. Бұл шаралар орындалғанда да келетін нәтиже өте аз, сондықтан адамдар табиғатқа және планетаға деген көзқарасын қайта ойластырып, адам іс-әрекеті барысында туындаған проблемаларды шешудің жаңа жолдарын тауып және болашақта олардың теріс әсерін алдын-алу керек[9].

Қорытынды. Сонымен қатар Сиверс алмасының *Malus sieversii* (Ledeb.) M. Roem биологиясын, популяциясының қазіргі жағдайын зерттеп, тіршілік ету ерекшелігін анықтап, сирек өсімдіктердің ценопопуляциясын қорғау жолдарын ұйымдастыру бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып тұр. Тарбағатай белдеулері аймақтарында кешенді зерттеу жұмыстарын жүргізіп, биологиялық алуантүрлілікті қорғау шараларының бағытты моделдерін жасап, жабайы алма ағаштарының алуан түрлілігінің молекулярлық-генетикалық талдауы генетикалық біртекті отырғызу материалдарын өсіріп, Сиверс алма ағашының *Malus sieversii* (Ledeb.) M. Roem табиғи популяциясын тұрақты дамытуды қамтамасыз ету жолдарын қарастырып, мәдени сұрыптарды іріктеп және қалпына келтіру үшін алма ормандарының бірегей гендік қорын сақтауға бағыттау керектігі жайында айтсақ, осыған дейінгі көп жыл бұрын да бұл өзекті мәселе талқыланғандығын ЮНЕП (Біріккен Ұлттар Ұйымының Қоршаған орта жөніндегі бағдарламасы) — тің 2000 жылға дейінгі қоршаған ортаның жай-күйі туралы баяндамасында "ормандарды қысқарту адамзат үшін ең маңызды экологиялық проблема болуы мүмкін..."-делінген болса, А.Гордың (1993) айтуы бойынша, адамның қоршаған ортаға қарсы зұлымдықтары тізіміндегі ормандардың азаюы (жойылуы) бірінші кезекте тұр. Бірнеше ғасырлар бойы планетадағы барлық ормандардың едәуір бөлігі жойылды. Өндірістік күштердің дамуының қазіргі кезеңінде орман экожүйелері одан да осал бола бастайды, қорғаныс функцияларын жоғалтады, олардың қоршаған ортаға төзімділігі айтарлықтай әлсірейді деп айтылғанның куәсі болып отырмыз!

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Огарь., Брагина Т.М. Трансформация экосистем и их компонентов: основные термины и понятия // Трансформация природных экосистем и их компонентов при опустынивании. - Алматы, 1999г.
2. Оңтүстік-Батыс Тарбағатай денрофлорасына қысқаша шолу (мақала)///"биоалуантүрлілік және табиғат пен қоғамның тұрақты дамуы" атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары.
3. "ТЕРРА" ГАЖ және қашықтықтан зондтау орталығы " ЖШС Тарбағатай мемлекеттік ұлттық табиғи паркін құрудың жаратғылыстану-ғылыми негіздемесі жобасы // Алматы. 2014. 110 б.
4. Чернова Н.М., Былова А.М. Экология. 1988г.
5. Е. А. Криксунов, В.В. Пасечник, А.П. Сидорин "Экология." Издательский дом "Дрофа" 1995
6. Степанова Е.Ф. Тарбағатай жотасының өсімдіктері мен флорасы// Алматы. Қазақ КСР ҒА, 1962. 251 б.
7. Добровольский Г. В., Гришина Л. А. "Охрана почв" - М.МГУ, 1985
8. Байгулин И.О. Системный подход к сохранению и сбалансированному использованию биоразнообразия // Респ.семинар-Подг.этап разработки нац.стратегии и плана действия сохр. и баланс.использ. биол.разнообр. - Алматы, 1996г.
9. Вахненко Д.В. Антропогенная трансформация флоры северо-восточного Приазовья в пределах Ростовской городской агломерации. Ростов-на-Дону, 2000г.

ӘОЖ 581.9(574.42)

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ САЛАСЫНДАҒЫ АЙМАҚТЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР, КАТОН- ҚАРАҒАЙ АЙМАҒЫНДАҒЫ ШӨПТЕСІН ӨСІМДІКТЕРДІҢ ТОЗАҢЫН ТАЛДАУ ЖӘНЕ БАЛДЫҢ СОРТТАРЫН АНЫҚТАУ

Бекжанатова Н.Б., ШҚО білім басқармасы өскемен қаласы білім бөлімінің «Оралхан Бөкей атындағы №44 лицейі» КММ, биология пәні мұғалімі, өскемен қаласы.

Аннотация: Омарталардан адамға пайдалы құнды өнімдер өндіруге болады: ара балы, балауыз, ара желімі, бозаң, аналық ара сүті, ара уы және т.б. Қазіргі уақытта дүкендерде, базарларда және әсіресе көрме-жәрменкелерде әртүрлі, кейде экзотикалық атаулары бар бал түрлерін кездестіре аламыз. Тұтынушылар бұл атаулардың мәлімделген сипаттамаларға сәйкестігін білуге құқылы. Сол себепті жоғары сапалы бал өнімін алу үшін оның сорттарын ажырата білу және тозаң құрамын жете білу басты мәселелердің бірі.

Жұмыстың мақсаты: Катон-Қарағай аймағындағы шөптесін өсімдіктердің тозаңын талдау және балдың сорттарын анықтау.

Алдыға қойылған міндеттер:

- әр түрлі бал түрлерін зерттеу және сипаттау;
- тозаң атласын зерттеу, тозаң анализі арқылы балдың алуан түрін анықтау;
- балдың аймақтық және қай өсімдіктен алынғанын анықтайтын негізгі әдістерін анықтау;
- Тозаңдарды талдау және балдардың сорттарын анықтау.
- Катонқарағай өңіріндегі бал түрлері бойынша анализ жасау.

Жұмыстың өзектілігі: Кейінгі уақытта Қазақстан жағдайында ара шаруашылығы одан өндіретін тауарды балдың көлемі жылдан жылға арттырылуда. Қазіргі уақытта дүкендерде, базарларда және әсіресе көрме-жәрменкелерде әртүрлі, кейде экзотикалық атаулары бар бал пайда болады. Тұтынушылар бұл атаулардың мәлімделген сипаттамаларға сәйкестігін білуге құқылы. Сол себепті жоғары сапалы бал өнімін алу үшін оның сорттарын ажырата білу және тозаң құрамын жете білу өзекті мәселелердің бірі.

Жұмыстың ғылыми жаңалығы: Алғаш рет Катон-Қарағай өңіріндегі бал түрлерінің құрамындағы тозаңдарына сараптама жүргізу арқылы анықталды.

Зерттеу әдістері. Тозанды микроскопиялық сараптау (мелиссопалинологиялық) әдісі. Реактивтерді ең аз қолдануды талап ететін, орындалуы оңай әдіс. Бұл әдіс сынамадағы тозаң түйірлерінің пайда болу жиілігін анықтауға мүмкіндік береді, балдың тозаң құрамын анықтап және өнімінің табиғилығын бағалауға болады. Жалған балда тозаң дәндері жоқ немесе өте аз мөлшерде кездеседі.

- экспресс анализ жасау кезінде аздаған балды заттық шыныға біркелкі егіп жағып, фуксинмен боялып, жабынды әйнекпен жабады. Тозаңның қай таксономиялық топқа жататынын және тозаң саны есептеледі.

- Экспресс анализ жасау және талдау арқылы балдың шығу тегін тез анықтауға мүмкіндік береді. Абсолютты монофлорлы бал сирек кездеседі. Балдың монофлорасын бағалау кезінде негізгі бал өсімдігінің тозаң үлесі 20% - дан 70% - ға дейін болуы керек. Балдың әртүрлілігі тозаңның басым түрімен (негізгі және ілеспе) және барлық комбинациялар мен қатынастарды салыстыра отырып, жалғыз тозаң дәндерімен анықталады.

- Осылайша, тозанды талдау, басқа әдістермен бірге, бал сапасын тексерудің ең объективті әдістерінің бірі болып табылады балдың географиялық және ботаникалық шығу тегі, мүмкін жалғандықты анықтау. Бұл монофлорлы балды полифлорадан ажыратудың жалғыз әдісі.
- Балдың микроскопиялық анализі - балдың аймақтық және қай өсімдіктен алынғанын анықтайтын негізгі әдістердің бірі.

Ара балы - аралар өсімдіктердің шырындарын өңдеу нәтижесінде алынған ара шаруашылығының өнімі. Бал- белгілі емдік және диеталық қасиеттері бар тамақ өнімі. Балдың химиялық құрамы шірнеге, географиялық шығу тегіне, алынған уақытқа, балдың жетілуіне, топырақтың құрамына, климатқа, ара тұқымына және т.б. байланысты.



1 – сурет – Балы бар раманы алу әдісі

Онда шамамен 300 түрлі компоненттер бар. Балдың тұрақты қоспасы-бұл тозаң, соның арқасында бұл өнім дәрумендермен, минералдармен, ақуыз заттарымен байытылған. Балдағы тозаңның болуы оның табиғи екендігін көрсетеді. Бұл жағдайда бал жинаудың негізгі өсімдіктерін анықтауға мүмкіндік беретін балдың тозаңды талдауы ерекше құнды. Табиғи ара балының сапасын бағалау ГОСТ 19792-2001 "Табиғи бал. Техникалық шарттар", ГОСТ 52451-2005. "Монофлорлы балдар. Техникалық шарттар.

Басым тозаң дәндерін анықтау ГОСТ 31769-2012 "Бал. Тозаң түйірлерінің пайда болу жиілігін анықтау әдісі". Балды тексеру кезінде сапаны анықтау үшін бір-бірін толықтырып отыратын әдістер қолданылады: органолептикалық, физикохимиялық, тозаң әдісі, бұл өнімнің сапасы туралы толық ақпарат береді.

Қазіргі уақытта дүкендерде, базарларда және әсіресе көрме-жәрмеңкелерде әртүрлі, кейде экзотикалық атаулары бар бал пайда болады. Тұтынушылар бұл атаулардың мәлімделген сипаттамаларға сәйкестігін білуге құқылы.

Балдың ботаникалық шығу тегін тез анықтау үшін осы өнімдегі тозаң түйірлерінің пайда болу жиілігін анықтаудың экспресс әдісі жасалды. Бұл әдістің мәні әртүрлі өсімдіктердің тозаң түйірлері өздеріне тән пішіні мен мөлшері болады. Балдың белгілі бір көлемінде болатын тозаң дәндерін санай отырып, оның ботаникалық шығу тегін анықтай аламыз. Сондықтан мәлімделген сипаттамаларға сәйкестігін анықтауға және белгілі бір дәрежеде өнімнің табиғилығына баға беруге болады. Мысалы, жалған балда тозаң дәндері жоқ немесе өте аз мөлшерде кездеседі. Алайда, акация мен жөке (липа) балында тозаң дәндері аз екендігі белгілі - . 1 граммында 15 дана, бірақ түймежапырақ балында бұл көрсеткіш 1г-да 11 мың дана, қарақұмық – 1 г 6 мың. Сондықтан балдың сапасын анықтау үшін бір тозанды талдау жеткіліксіз, басқа зерттеу әдістері қажет.

Ұсынылған әдіс қарапайым, реагенттерді қолдануды және таңдалған сынамаларды центрифугалауды қажет етпейді. Оның көмегімен сіз сынамадағы тозаң түйірлерінің пайда болу жиілігін анықтап, балдың тозаң құрамын анықтай аламыз. Осы стандарттарда қолданылатын терминдерден басқа, әдістеде келесі терминдер мен анықтамалар қолданылады: тозаң дәндерінің пайда болу жиілігі, жекелеген түрдегі тозаң түйірлерінің үлесі.

Осы Әдістеде келесі стандарттарға Нормативтік сілтемелер пайдаланылды: ГОСТ 1770–74 (ИСО 1042–83, ИСО 4788–80) "Өлшеуіш зертханалық шыны ыдыс. Цилиндрлер, минзуркалар, колбалар, пробиркалар. Жалпы техникалық шарттар"; ГОСТ 6672–75 «Микропрепараттар үшін жабын әйнектер. Техникалық шарттар»; ГОСТ 19792–2001 «Табиғи бал. Техникалық шарттар»; ГОСТ 25336–82 «Зертханалық шыны ыдыс және жабдық»; ГОСТ 31766–20–12 «Монофлорлі балдар. Техникалық шарттар».

Зерттелетін сынама (200 г кем емес) ГОСТ 31766–20–12, ГОСТ 19792–2001 бойынша іріктеледі. Кристалданған бал су моншасында ерітіледі. Кәрездегі кристалданбаған бал балдан қыздырусыз сүзу арқылы бөлінеді. Кәрездегі кристалданған бал термостатта ерітіп, содан кейін балдан сүзу арқылы бөлінеді. Сынама үлгі мұқият араластырылған.

Әдістің мәні мынада: сынамадан бір тамшы балды микропипеткамен алып, жарық микроскопына препарат дайындалады. Тозақ дәндері анықталады, содан кейін олардың жекелеген түрлерінің сандық және пайыздық қатынасы есептеледі. Сараптама үшін бізге қажет: бір реттік өлшеу кезінде рұқсат етілген абсолютті қатесінің шегі 0,01 г аспайтын зертханалық таразылар; бірканалды пипеткалы дозатор; 50–100 см³ (ГОСТ 1770–74) сыйымдылығы бар өлшеуіш шыны цилиндр; 100–600x үлкейтетін және фотокамераға арналған қондырмасы бар биологиялық жарық микроскопы; фотокамера, микроскопқа қосылатын; компьютер.

Ұяшықтарының диаметрі 0,5 мм тот баспайтын болаттан жасалған елегіш немесе конус тәрізді мата сүзгісі; термостат; су моншасы; заттық шыны (ГОСТ 9284-75); жабын шыны (ГОСТ 6672-75); сыйымдылығы 50-100 см3 шыны стакан (ГОСТ 25336-82). Осы әдістемеді реактивтер қолданылмайды.

Көлемі 150 мл өлшеуіш қолбаға жоғарыда көрсетілген тәсілмен дайындалған және 50-600С. температураға дейін қыздырылған 100 мл бал сынамасы құйылады. Дозаторлы пипеткамен өлшеуіш қолбадан (тереңдігі 40 мл), 100 мкл бал алынады, оны заттық шыныға ауыстырады және жабын шынысының бетін 18x18 мм ауданы бойынша біркелкі жағады.

Дайындаған препаратты микроскоптың көмегімен бірден немесе кейін кез-келген ыңғайлы уақытта көруге болады. Сол сияқты, препараттар өлшеу шамының тереңдігінен 70 және 90 мл бір сынамадан дайындалады.

Тозақ түйірлерін микроскоппен қарау және санау 100 есе үлкен үлкейткішпен жүзеге асырылады. Тозақ дәндерін микроскоппен 400 және 600 есе үлкейту кезінде анықтауға болады. Тозақ дәндерін микроскоппен 100 есе үлкейте отырып есептеу кезінде панельдегі оператордың көру өрісіне түсетін есептеу өрісі көлденең де, тігінен де 2 мм құрайды. Бал көлемінде 100 мкл, ауданы 18x18 мм, көлденеңінен 81-9 және тігінен 9. (18 мм — қақпақтың ұзындығын 2мм — оператордың көру өрісіне бөлу керек, 9 санау өрісі алынады).

Тозақ дәндерін анықтау кезінде олардың саны әр санау өрісінде 100 есе, содан кейін 400 есе, қажет болған жағдайда 600 есе үлкейтіп отыру керек. Содан кейін тозақ дәндері суретке түсіріледі, суреттер қосылған компьютерге енгізіледі, онда әзірленген бағдарлама тозаңды санайды және анықтайды.

Өсімдіктердің жеке түрлерінің тозақ түйірлерінің пайда болу жиілігін Хр (%) мынадай формула бойынша есептейді

$$Xp = A \cdot 100/p,$$
 ондағы А – барлық санау алаңындағы өсімдіктің жекелеген түрінің тозақ түйірлерінің жиынтық саны; 100 — пайыздарға аудару коэффициенті; p- осы сынамада кездесетін барлық өсімдік түрлерінің тозақ түйірлерінің жиынтық (жалпы) саны. Сынақ нәтижесі ретінде үлгінің әртүрлі тереңдігінен алынған үш сынаманың орташа арифметикалық мәні алынады.

Ұл тозаңы. Тозақ гүлдің аталық бөлігі. Ол аса ұсақ ұнтақ, өсімдік түріне байланысты түрлі түсті болып келеді. Насекомдармен тозанданатын өсімдіктердің тозандары, желмен тозандынатын өсімдіктердің тозандарына қарағанда (250 мкм) кесектеу немесе керісінше, өте ұсақ (2-5 мкм) әрі жабысқақ болып келеді. Мұндай тозандармен аралар 3- жұп аяқтарындағы себеттерін толтырады, оны өрекше сұйықтармен ыпғалдайды және кесек күйінде ұяға жеткізеді. Мұндай тозаңды балақ тозаң деп атайды. Бал мен шірненің қоспасы балақ тозаңның түсін өзгертеді. Әртүрлі өсімдіктерден жиналған тозақ сорттарын айыру аса қиын болғандықтан, олардың қоспасы туралы ғана айыруға болады. Тозақ түйіршіктерінің пішіндері алуан түрлі болып келеді, Олардың ботаникалық тегін айыру үшін арнаулы альбомдар мен атластар шығарылған. Тозаңның химиялық құрамы да алуан түрлі, онда ферменттер, альбуминдер, глобулиндер, флавоноидтар, көмірсулардың 28 түрі, дәрумендер, күп элементтері т.б. заттар бар. Құрғақ тозақ өте ұсақ, құм тәрізді құйылатын түйіршіктерден тұрады, саусақпен қысқанда езілмейді; көлемі 1,0-4,0 мкм.

Тозаңның түсі сарыдан сиякөкке, кара түске дейін құбылуы мүмкін. Гүл мен балға тән иісі бар. Дәмі тәтті, қышқыл, ашы болуы да мүмкін. Ұлы қоспалары болмайды. Усыз тозаң қоспаларының мөлшері 0,1%-дан артық емес, судың үлесі 12%, ылғалды протеин 23,5%, ылғалды күп 4%-дан кем емес, минералды қоспалары 0,6%, флавоноидті қосылыстары 10%, белсенді қышқылдылығы 4,04-ке тең. Тозаңдағы амин қышқылдары (гистидин, метионин, лизин, лейцин, треонин, валин, триптофтин және т.б.). Ауыстыруға келмейтін дәрумендердің сандық мөлшері тозаңда сиыр етіндегіден 5-6 есе көп.

Астралар (Asteraceae) тұқымдасының тозаң дәндерінің сипаттамасы.

Алғаш күрделі гүлділердің түбегейлі палиноморфологиялық зерттеулерін R.P.Wodehouse (1935) өзінің классикалық еңбегінде көрсеткен. Автор жарыкоптикалық деңгейде тозаң дәнінің 3 негізгі морфологиялық типін анықтады және қазірге дейін зерттеушілер қолданып келеді:

1. Псилаттық тип – тозаң дәндерінің беті тегіс;
2. Эхинатты тип - тозаң дәндерінің бетінде тікендері бар;
3. Лофаттық тип - тозаң дәндерінің бетінде тарак тәрізді өсінділері мен лакуналары боады.

Өгей шөп (*Tussilago farfara* L.) тозаңының құрылысы. Астралар тұқымдасына жататын, көпжылдық шөптесін өсімдік.

Тозаң дәндері үшкір-кеуек, шар тәрізді, тікенсіз. Полярлық осьтің ұзындығы 38,5 мкм, экваторлық диаметрі 39-42 мкм. Тозаң дәні полюсінен қарағанда - дөңгелек, экватордан - эллипстірізді. Ені 8,5-10,2 мкм бар сайшалары қысқа, тегіс емес жиектері бар, ұштары бұдыр. Саңылаулары ұзына созылған, ені 12 мкм дейін, ұзындығы 15 мкм немесе ең үлкен диаметрі 12 мкм дөңгелек. Сайшалар мен кеуектердің мембранасы түйіршікті. Мезокольпийдің ені 20-25 мкм. Экинаның қалыңдығы (шыбықсыз) 2,5-3 мкм. өзектер арасындағы қабаты жұқа, өзектер қалыңдығы 0,8-1 мкм, тығыз отырғызылған, кішкентай дөңгелек басы бар; шыбықтардың астындағы өзек қабатының биіктігі 1,8-2 мкм. Пішіні тікенді, үшкір, біркелкі орналасқан, мезокольпийде полярлық орналасу - биіктігі 3 мкм-ге дейін 5 шыбық, негізінің диаметрі 1,5 мкм дейін. Тозаңы сары түсті.

Кәдімгі мыңжапырақ (Achillea millefolium).

Visset, 1974; Namalova, 1976; Чигуряева, Терешкова, 1983; Tormo et al., 1986, Vezey et al., 1994; Yurukova-Grancharova et al., 2002. 13 суретте көрсетілгендей тозаң дәндері үшкір-кеуек, шар тәрізді. Полярлық осьтің ұзындығы 28,6 мкм, экваторлық диаметр тікенді 27-38 мкм.

Полюстен - дөңгелек, экватордан - дөңгелек немесе эллиптикалық. Ені 8,5-10,2 мкм бар сайшалары қысқа, тегіс емес жиектері бар, ұштары бұдыр. Саңылаулары ұзына созылған, ені 12 мкм дейін, ұзындығы 15 мкм немесе ең үлкен диаметрі 12 мкм дөңгелек. Сайшалар мен кеуектердің мембранасы түйіршікті. Мезокольпийдің ені 20-25 мкм. Экинаның қалыңдығы (шыбықсыз) 2,5-3 мкм. өзектер арасындағы қабаты жұқа, өзектер қалыңдығы 0,8-1 мкм, тығыз отырғызылған, кішкентай дөңгелек басы бар; шыбықтардың астындағы өзек қабатының биіктігі 1,8-2 мкм. Пішіні тікенді, үшкір, біркелкі орналасқан, мезокольпийде полярлық орналасу - биіктігі 3 мкм-ге дейін 5 шыбық, негізінің диаметрі 1,5 мкм дейін. Тозаңы сары түсті.

Дәрілік сермене (мелисса) *Melissa officinalis* L.

Ерінділер тұқымдасына жататын, көпжылдық шөптесін өсімдік. Ол тік, 4 қырлы, тармақталған, биіктігі 50-80 см-ге дейін өсетін сабақтары бар. Гүлдері кішкентай, ашық күлгін - 3-10 данадан жиналған, қызғылт немесе ақшыл түсті жоғарғы жапырақтардың сүйектеріндегі негізгі және бүйірлік бұтақтарда жалған бір жақты ысықықтары болады. Ұзын бұтақты, жапырақшаларда орналасқан, ұзындығы бойынша гүлдің мөлшерінен аспайды. Екінші жылында гүлдей бастайды, гүлдеу - 45-50 күнге созылады. Бал өнімділігі 130 -200 кг / га. Гүлдер балшырындарды жақсы шығарады. Алайда түтікшелердің ұзындығына байланысты аралар оның бір бөлігі ғана жинай алады, сондай-ақ тозаңды да.

Ара өсірушілер арасында танымал, өйткені - ол күшті лимон иісімен, тыныштандырумен және араларды тартуымен ерекшеленеді. Эфир майы бағалы болып табылады. Дәрілік маньзы бар.

Тозаң дәндері алтыбұрышты, жалпақ-эллипс формалы. Полярлық осьтің ұзындығы 38-40,9 мкм, экватор- диаметрі: ең кіші 39,6-42,9 мкм, ең үлкен 42,9-46,2 мкм. Поллостен дөңгелек алтыбұрышты, экватордан - кең эллиптикалық. Сайшаларының ені 5-6,6 мкм, ұзын, тегіс немесе тегіс емес жиектері бар, сайшасының мембранасы түйіршікті.

Катон- Қарағай ауданының әртүрлі өңірінен алынған бал түрлері бойынша зерттеу жұмыстары тозаң атласының көмегімен жүргізілді.



2- сурет - Балдың құрамынан тозаңды анықтау, бал түрлері

Бал құрамын зерттеу Шығыс Қазақстан ауылшаруашылық тәжірибе станциясының сынақ орталығында жүргізіліп, сынақтан өтті. Сараптау №02-009 хаттамасы 30.04.2021ж. берілді.

№1 сынамада: ақ акация (*Robinia pseudoacacia* L.), жоңышқа (*Trifolium pratense*), бақ-бақ (*Taraxacum officinale*), құлқайыр (мальва) (*Malva*) тозаңдары анықталған.

№2 сынамада: эспарцет (*Onobrychis*), сүйекті жемістер, бақ-бақ (*Taraxacum officinale*), гүлшекіре немесе василек (*Centaurea*) тозаңдары болды.

№3 сынамада: акация (*Robinia pseudoacacia* L.), жоңышқа (*Trifolium pratense*), құлқайыр (мальва) (*Malva*), бақ-бақ (*Taraxacum officinale*), мыңжапырақ (*Achillea millefolium*), шайқурай (*Hupericum perforatum*), лаңса немесе мордовник (*Echinops*) және сүйекті жемістер тозаңдары анықталған

№4 сынамада: акация (*Robinia pseudoacacia* L.), жоңышқа (*Trifolium pratense*), құлқайыр (мальва) (*Malva*), бақ-бақ (*Taraxacum officinale*), мыңжапырақ (*Achillea millefolium*), шайқурай (*Hupericum perforatum*), лаңса немесе мордовник (*Echinops*) және сүйекті жемістер тозаңдары анықталған

№5 сынамада: гречиха (*Fagorum*), лаңса немесе мордовник (*Echinops*) және сүйекті жемістер тозаңдары анықталған.

Катон Қарағай аймағында тозаңдардың сараптамасы бойынша балдың сорттарын анықталды.

Қызылорда облысының №02-009 хаттамасы 30.04.2021 ж.

Қызылорда облысының №02-009 хаттамасы 30.04.2021 ж.	Сарптау нәтижесі	Негізгі тозаңдардың мөлшері, %	Негізгі тозаңдардың мөлшері, %	Қосымша тозаңдардың мөлшері, %
№1 сынамада	Түсініксіз	Түсініксіз	Түсініксіз	Түсініксіз
№2 сынамада	Түсініксіз	Түсініксіз	Түсініксіз	Түсініксіз
№3 сынамада	Түсініксіз	Түсініксіз	Түсініксіз	Түсініксіз
№4 сынамада	Түсініксіз	Түсініксіз	Түсініксіз	Түсініксіз
№5 сынамада	Түсініксіз	Түсініксіз	Түсініксіз	Түсініксіз

Аймақ басқарушысының орынбасары: [Signature]

Түркістан облысының Ауылшаруашылық Ғылыми Орталығының директоры: [Signature]

16 – сурет - Шығыс Қазақстан ауылшаруашылық тәжірибе станциясының сынақ орталығынан алынған хаттама

Балды микроскопиялық зерттеу Луво әдістемесі арқылы жүргізіліп тозаңдар анықталды. Әртүрлі балдардағы тозаң дәндерінің мөлшері мен тозаңның абсолютті құрамының

статистикалық көрсеткіштері берілген.

Бал арасының қорегін анықтадық. Бал аралары арнайы маманданған қоректі насекомдарға жатады. Табиғи жағдайларда олар ұяда балға айналатын, өсімдік шірнесімен және ұяшықтарда жинақталған қоры шіре түрінде сақталатын тозанмен қоректенеді. Сонымен қатар мәдени балды шырынды өсімдіктердің 9 түрі, негізгі балды шырынды табиғи өсімдіктер 21 түрі анықталды.

Бал арасының күндізгі және маусымдық белсенділігі анықталды.

Аралар сыртқы температура 8С жеткенде ұшып шыға береді. Алым алуға негізінен ауа жылынып 15С жеткенде жақсы ұшады. Ұшудың басталуы мен ұзақтығы шірне бөліп шығаратын өсімдіктердің сипатына және түнгі, таңертеңгі ауа температурасына байланысты.

ПАЙДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Егорина А.В. Физическая география. Восточный Казахстан очерки природы / А.В. Егорина, Е.С. Зинченко, Ю.К.Зинченко. – Усть-Каменогорск, Альфа-Пресс,2003. - 184 с.
2. Егорина А.В. Почвы ВКО: учебное пособие / А.В. Егорина Усть-Каменогорск: Альфа-Пресс, 2001. - 102 с.
3. Егорина А.В. Климат Усть-Каменогорска и его окрестностей / А.В. Егорина, К.И.Попова, А.С. Чурсин – Усть-Каменогорск, Шығыс ақпарат, 2009.- 240 с.
4. Аветисян Г.А. Пчеловодство / Г.А. Аветисян. М.: Колос, 1982. – 309 с.
5. Батришников С.И. Информация о работах Казахской опытной станций пчеловодства.– Алма-Ата: Кайнар, 1973. – 16 с.
6. Батришников С.И. Повышение эффективности пчеловодства Казахстана– Алма-Ата: Кайнар, 1986. – 144 с.
7. Батришников С.И. Книга пчеловода / С.И. Батришников, Р.Д. Риб – Алма-Ата: Кайнар, 1990. – 304 с.
8. Риб Р.Д. Ара шаруашылығы / Р.Д.Риб. – Өскемен. «Медиа-Альянс» ЖШС баспасы. 2006. – 374 б.
9. Верещагин В. Медоносные растения Алтайского края. - Барнаул: Алтайское книжное издательство, 1961. - 100 с.

ӘОЖ 37.09. 5:351.759.6

МЕКТЕПТЕРДЕГІ БАЛАЛАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ШАРАЛАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Гармашова С.А., Калелова Г.Ж., Тастандинова Г.Е. С.Аманжолов атындағы ШҚУ, Өскемен

Аңдатпа: Бұл мақаладағы ең бастысы – мектептердегі балаларға және мектеп қызметкерлеріне тиетін қауіптердің алдын алу шараларын ұйымдастыру және білім ордасындағы қауіпсіздік жүйесін зерттеу. Білім ордасында балаларға арналған қауіпсіздікке қарсы ұйымдастырылатын әр-түрлі іс-шараларды қарастыру.

Түйін сөздер: қауіпсіздік, мектеп оқушылары, қауіп-қатер, мектеп.

Жұмыс мақсаты – мектептердегі балаларға және мектеп қызметкерлеріне тиетін қауіптердің алдын алу шараларын ұйымдастыру және білім ордасындағы қауіпсіздік жүйесін зерттеу. Білім ордасында балаларға арналған қауіпсіздікке қарсы ұйымдастырылатын әр-түрлі іс-шараларды қарастыру.

Қауіп-қатер деп қоршаған ортаға, адамдарға үлкен зардабын, зиянын тигізетін құбылыстарды немесе оқиғаларды айтамыз.

Ал, қауіпсіздік деп – жеке адамның және қоғамның ішкі және сырттан төнетін қауіп-қатерден қорғалуын айтамыз.

Қауіпсіздіктің негізгі нысаны ретінде жеке адам және оның құқықтары мен бостандықтарын жатқызамыз.

Қауіпсіздік – ұғымын адам өмірінің көптеген нысандарына, процестеріне, құбылыстарына қатысты қолданылуына байланысты түрлендіре аламыз. Қауіпсіздік -

- 1) қауіп-қатерлерден қорғаныс;
- 2) нысанның, құбылыстың немесе процестің басқа нысандардың, құбылыстардың немесе процестердің тарапынан болатын кері ықпалдарына қарамай өзінің негізгі белгілері мен мәнін қорғау, сақтау қабілеті;
- 3) аса ауыр зиян немесе залал келтіру мүмкін емес нысанның қалпы;
- 4) қызмет етуі барысында жағымсыз өзгерістерге ұшырауы мүмкіндігі аса жоғары емес нысанның тұрақты дамуының қалпы;
- 5) қауіпті тудыратын факторлар әрекетін шектеу, қауіп-қатердің аса жоғары емес деңгейі (қауіп-қатерден қорғаныс деңгейі);
- 6) басқа нысандарға аса қауіпті залал, зиян тигізуі мүмкін емес нысанның қалпы.

Адамның кез-келген іс-әрекеті әкелетін пайдасымен бірге кері нәтиже де әкеліп жатыр, мысалы, экологияның бұзылуы, жарақат алу, ауыру, тіпті қазаға ұшырау. Сондықтан қауіпсіздікті, нақты іс-әрекеттен болатын, адамды және өмір сүру органы кешенді қорғау шаралары деп түсінуіміз қажет. Іс-әрекеттің түрі күрделенген сайын, кешенді қорғану шаралары қажет болады. Кешенді қорғану шаралары мынаны қамтиды: құқықтық, ұйымдастырушылық, экономикалық, техникалық, санитарлық-гигиеналық, емдік шаралар.

Қазіргі кезде бала қауіпсіздігіне ерекше назар аударылууда. Себебі еліміз көркейіп, дамыған сайын айналамыздағы қауіптілік те арта бермек. Қауіп – қатер ол тек қана төтенше жағдайлар, яғни өрт, жер сілкінісі ғана емес айналамыздағы лаңкестердің тарататын жаман әдеттері, мектеп оқушыларын арасында жүргізетін лаңкестік шараларын айтсақ та болады.

Әрине, ондай қауіптер қай кезде болмасын болары анық. Бірақ, кішкене кезінен бастап балалармен дұрыс жұмыс жасап, жақсы тәрбие беріп өсірсек бұндай лаңкестік шаралардың барынша алдын алар едік. Ол үшін үйдегі ата-ана да, мектеп мұғалімдері де балалар мен жұмыс жасауда бірдей ат салысуы керек.

Білім ордасында қауіптілікті алдын алу шараларына тоқталатын болсақ, біріншіден мектептерге турниктер және бейнебақылау камераларын орнатылуын талап етер едім, себебі турниктер арқылы мектептерге жеке нөмірлері базаға тіркелген арнайы чиптері бар адамдар ғана кіре алады, яғни мектеп ұстаздары және оқушылар. Осы арқылы оқушының сабақта болған, болмағанын да қадағалай алатын еді. Сонымен қатар, мектептердегі тәртіпті ретке келтіруге де септігін тигізеді. Әрине турниктер қойылған мектептерде көп шығар, бірақ әлі де барлық жерлердегі, соның ішінде ауылды жерлердегі мектептерді қадағалаған дұрыс болар еді.

Екіншіден, күнделікті өмірде балаларды қауіпсіздік дағдыларына үйрету қажет:

- ✓ баламен әңгімелесіп, өмірді сақтауға көмектесетін ережелерді түсіндіріңіз;
- ✓ балаларға тұрмыста, көшеде және жолда өзін-өзі қалай ұстау керектігін түсіндіру керек
- ✓ бала әрдайым ата-аналардың бақылауында, қамқорлығы мен назарында болуы тиіс;
- ✓ балаларды ересектердің қарауынсыз қалдырмаңыз, балалардың уақыты немен өтетінін бақылаңыз;
- ✓ балаға бейтаныс адамдармен сөйлесуге болмайтынын және бейтаныс адамдармен сөйлескен кезде қандай жағдай орын алуы мүмкін екенін түсіндіріп жеткізу керек;
- ✓ өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтау керек, яғни тұрмыстық құралдардың, оның ішінде электр жылытқыштардың, басқа да электр жабдықтарының, пештің дұрыс жұмыс істеуін және пайдаланылуын қадағалаңыз;
- ✓ көлік жүретін жолға назар аудара отырып, мектепке дейінгі ең қауіпсіз маршрутты таңдағаныңыз абзал;
- ✓ балаларды жолда жүру ережелеріне үйретіңіз, оларды жолда және қоғамдық көлікте мұқият болуға үйретіңіз;

✓ ересек жастағы балалар үйдің мекен-жайын, телефонын, ата-анасының аты-жөнін білуі тиіс;

✓ төтенше жағдайларда 101 – өртке қарсы қызмет, 102 – полиция, 103 – жедел көмек, 104 – газ қызметі телефондарына хабарласу керектігін түсіндіріңіз.

Осындай қарапайым ғана ережелерді сақтау арқылы балалардың қауіпсіз болатындығын байқаймыз. Әсіресе мектептегі бастауыш сыныптардың қауіпсіздігіне екі есе мән берген дұрыс.

Үшіншіден, мектептерде балалармен түсіндіру жұмыстарын жүргізу. Түсіндіру жұмыстарын жүргізген кезде тек қана ауызбен айтып қана қоймай, балалармен практика жүзінде жұмыс жасау. Мысалы, өрт шыққан кезде қандай шаралар жасау керектігін, қалай жылдам шешім қабылдау керек екенін, үлкен сынып оқушыларына өздерінен төмен сыныпта оқитын оқушыларға ғимараттан қауіпсіз шығаруға көмектесуді үйрету қажет. Сонымен қатар, жарақат алған оқушылар немесе жұмыскерлер болатын болса, жедел жәрдем қызметі келгенге дейін жасалатын алғашқы медициналық көмек көрсетуді үйрету де артық болмас еді. Себебі, бұл төтенше жағдай кез-келген жерде болуы мүмкін, сол үшін әр азамат алғашқы мед.көмек көрсете білуі тиіс. Бұл жұмыстарды Өрт сөндіру қызметкерлерімен және аурухана қызметкерлерімен келісіп оқу-жаттығу жұмыстары ретінде жүргізуге болады.

Төртіншіден, ең бастысы ұстаздардың және ата-ананың балалармен қарым-қатынасы. Ата-ана балаларын өздері қалай көргілері келеді, сол бойынша балаға көптеген ауыртпалық артып тастайды. Сен өскенде полиция немесе дәрігер болуын керек, сен математика оқуын керек деген сияқты. Ал, баланың қалауына назар аудармайды, балаға еркіндік бермейді. Ұстаздар болса балаға - қарашы сенің ағаң немесе әпкең ақылды болған сен қайдан шыққаның, дым білмейсің, ертең адам болмайсың деген ауыр сөздермен балаға көптеген психологиялық травма жасайды. Бірақ, оны өздері байқамайды. Баламен үлкен адам сияқты қарым-қатынас орнату керек. Балаға еркіндік беріп, баланың ойымен санасып отыру керек. Ол математиканы ұнатпаса, есеп шығаруды түсінбесе және оны өзі қаламайтын болса, баланы қинап қанша есеп шығартсаң да ол оны түсінбеуі мүмкін. Керісінше, бала сурет салуды ұнатса, балаға қолдау көрсетіп, баланың сол қасиетіне мән беру керек. Кім біледі, ертең сол бала бүкіл әлемге аты танылған суретші болып кетуі мүмкін.

Айтқым келгені, балалардың өскен кездерінде қылмысқа барулары, ұрлық жасаулары бәрі осы бала кезде алған психологиялық травмаларға тікелей қатысты болуы мүмкін. Сол себепті де балалармен кішкене кездерінен ақ дұрыс қарым-қатынас жасап, дұрыс тәрбие беруіміз керек.

Бала – өмірдің жалғасы. Әр ата-ана баласының жақсы азамат пен азаматша болғанын қалайды. Олардың болашағы үшін алаңдап, алдағы өміріне азық боларлық тәрбие бергісі келеді. Сол себептен баланың ортасы мен ұстаздары жақсы болғаны жөн. Бұл тіркестер бұрыннан белгілі. Қазақ халқында мақал бар. «Ұстазы жақсының, ұстамы жақсы» дегені бекер айтылмаса керек-ті. Сонымен қатар «жігітті жолдасына қарап таны» дегенін қалай естен шығарарсыз. Мектеп жасындағы балалардың қауіпсіздігі мәселесінің маңызы зор. Ата-ана жұмысына кеткенде, баласын уайымдамай жүруі үшін мектептердегі қауіпсіздік шаралары сенімге селкеу түсірмеуі тиіс.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. http://pvroo.gov.kz/19/?page_id=869
2. Орысша-қазақша заңдық түсіндірме сөздік-анықтамалық. — Алматы: «Жеті жарғы» баспасы, 2008 жыл. ISBN 9965-11-274-6
3. <https://bilimainasy.kz/03-11-04/>
4. https://referatiz.ru/load/aza_sha_referattar/mir_tirshilik_auipszidigi_obzh/auipszidizk_t_sinigi/19-1-0-1950
5. Өмір-тіршілік қауіпсіздігі: оқулық / Құраст. С. Арпабеков. - Алматы, 2004.
6. "Тіршілік қауіпсіздігі" курсы бойынша жоғары оқу орындары студенттеріне арналған оқу құралы. I кітап / ТЖ және АҚ Республикалық курстары. - Алматы, 2008.
7. "Тіршілік қауіпсіздігі" курсы бойынша жоғары оқу орындары студенттеріне арналған оқу құралы. II кітап / ТЖ және АҚ Республикалық курстары. - Алматы, 2008

МЕКТЕПТЕГІ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ ЖАҢА ЖОЛДАРЫ

*Гармашова С.А., Калелова Г.Ж., Дәулетова К.Т., С.Аманжолов атындағы ШҚУ,
Өскемен*

Андатпа: Бұл жұмыста жастар көзқарасымен мектеп оқушыларына төнетін қауіптердің жаңа түрлері туралы талқыланды және сол қауіптердің алдын алып, мектеп оқушыларының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жаңа жолдар ұсынылды.

Түйін сөздер: мектеп оқушылары, мектеп, қауіптіліктер, мектеп қауіпсіздігі, жаңашылдық

Мектеп деген- мемлекеттегі барлық адамдар базалық білім алатын орны. Ғылыми тұрғыда алатын болсақ, мектеп – жас ұрпаққа білім, тәрбие беретін мекеме, білім беру жүйесінің негізгі буыны. Басты нысаны – сабақ оқыту, ал бұл қызметті мұғалім атқарады.[1] (1-сурет)

1-сурет: Шымкент қаласы, Қызылжар орта мектебі, 2019 жыл

Мектептердің түрлері

1) білім беру сипатына қарай: жалпы білім беретін және кәсіптік;

2) берілетін білім көлеміне қарай: бастауыш, орта, жоғары;

3) балаларды жынысына қарай бөліп оқытатын мектептер;

4) оқытудың тілдік нысанына қарай:

а) ұлт мектебі;

ә) орыс тілді мектеп, аралас тілді мектеп;

б) дінге қатысына қарай: діни зайырлы;

в) меншік түріне қарай: мемлекеттік, қоғамдық және жеке меншік (ақылы) мектептер болып сараланады.[2]

Сонымен, Қазастандағы негізгі базалық әрі бәріне ортақ тегін білім беретін орта ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН мектептер болып табылады. Жалпы білім беретін мектеп - әрқайсысы дербес қызмет жасай алатын үш басқыштан: бастауыш, негізгі және жоғарғы басқыштардан тұратын, негізгі және қосымша білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын, орта, жалпы білім беретін оқу орны. [3]

Оқушы — белгілі бір іспен айналысатын адам. Бұл іс сабақ немесе адам қызығатын іс болуы мүмкін. Оқушы бір істі игерумен айналысады. Ол бұл істі жоғарғы деңгейге игергенге дейін оқушы деген атқа ие болады. [4]

Қауіп деген – негізінде адам өміріне, жалпыда барлық тіршілік иелеріне кері әсер ететін факторлар. Қауіптіліктің өзіндік класстары мен деңгейлері бар, соған қарай бағаланады және соған әрекет жасалады.

Қауіпсіздік – жеке адамның, қоғамның, мемлекеттің өмірлік маңызды мүдделерінің ішкі және сыртқы қатерден қорғалуы. Қауіпсіздіктің негізгі нысандары: жеке адам – оның құқықтары мен бостандықтары.

Қауіпсіздік –

1) қауіп-қатерлерден қорғаныс;

2) нысанның, құбылыстың немесе процестің басқа нысандардың, құбылыстардың немесе процестердің тарапынан болатын кері ықпалдарына қарамай өзінің негізгі белгілері мен мәнін қорғау, сақтау қабілеті;

3) аса ауыр зиян немесе залал келтіру мүмкін емес нысанның қалпы;

4) қызмет етуі барысында жағымсыз өзгерістерге ұшырауы мүмкіндігі аса жоғары емес нысанның тұрақты дамуының қалпы;

5) қауіпті тудыратын факторлар әрекетін шектеу, қауіп-қатердің аса жоғары емес деңгейі (қауіп-қатерден қорғаныс деңгейі);

6) басқа нысандарға аса қауіпті залал, зиян тигізуі мүмкін емес нысанның қалпы. "Қауіпсіздік" ұғымын осылайша түрлендіру, оның адам өмірінің көптеген нысандарына, процестеріне, құбылыстарына қатысты қолданылуына байланысты. [5]

Жаңашылдық (инновация) – бұл шығармашылық ғылыми – зерттеу немесе өндірістік қызметтің өнімі, кез – келген құбылыс, оны пайдалану адам өмірінің нақты өмір сүру сферасында белгілі бір нәтижеге қол жеткізеді. Жаңашылдық – бұл ерекше сипаты болып қоғамға бұрынырақ белгісіз болған өнімдерді тұрақты іздеу мен жасап шығару болып табылатын, шығармашылық қасиеті бар тұлғалар қызметінің қорытындысы. Жаңашылдық болып мыналар табылуы мүмкін: бұйым түрі, техника мен технология, ұйымдастырушылық нысан, тәжірибелік құрал, идея, қызмет түрі, материалды объект, өнертабыс, және т.б. Инновация – қандай да бір тиімге қол жеткізетін, адам өмірінің барлық сфераларына енгізілген жаңашылдық. [6]

Ал енді негізгі тақырыпқа тоқталатын болсақ, қазіргі таңдағы мектептегі жаңашылдықтар қатарына жаңа білім беру жүйелері, жаңа техникалар, жаңа бағдарламалар, жаңа немесе өте үлкен өзгеріске ұшыраған ақпараттар, жаңа заңдылықтар және жаңа мамандар мен мамандықтард жатқызуға болады. Бұл жерде әрине жаңа білім беру жүйелерінің өзіндік мақттары бар, бірақ сол білім беруді жеткізетін техникалар мен аппараттардың өзіндік алып келетін қауіптері жоғары. Бүкіл дүниежүзінде соңғы жылдары болған пандемия әсерінен онлан білім беру өте қарқынды дамыған болатын. Бұл әрине қарапайым халықтың денсаулығын ойлау мақсатында жасалған іс-шаралар, бірақ бұны өзінің ережелерінен артық қолдану барша балаларға өте үлкен кері әсерін беріп жатыр. Яғни жағдайды біз үш жақтан қарастырсақ болады, біріншісі телефон және сол секілді техникалық байланыс құралдарын тым көп қолдану, адам денсаулығына бірден болмасада біртіндеп қатты зиянын тигізеді, көз, құлақ, тіл секілді қарапайым мүшелердің дұрыс жетілмеуі немесе басқа да ішкі организмнің ауруларына дейін апарды. Екіншіден психологиялық тұрғыдан қарастырсақ, техникаға тәуелділік деген жаңа ұғым шыққан болатын, оған былай мысал келтіруге болады: қазіргі уақытта көп балалар барлық істерін техникаға байланыстырып тастағандықтан одан бір сәтке де ажырамайтындай дәрежеге жетті, егер ұзақ мерзімге құрылғылардан алыстайтын болса, онда балада әртүрлі кері реакциялар басталады, мысалы, ашу көрсету, ренжу, паника, талып қалу, дем жетпей қалу деген секілді ауыр дәрежелерде бар. Толықтай айтатын болсақ, бала өзінің өмірін бұл техникалар елестете алмайтындай деңгейге жетеді, телефонсыз не істерін білмеді, өмірі қызықсыз бола бастайды, сонымен қатар тым қатты тұйықталуға да апарды. Ал үшінші жағдайда техникалардың өте көп болуы және тым ұзақ қолдану әртүрлі техногендік апаттарға дейін апару деңгейі өте жоғары. Техногендік апаттар дегеніміз баршамызға белгілі адамның қатысуы бар және техникалардың әсерінен болатын төтенше қауіп төндіретін жағдайлар, оларға ғимараттардағы өрт, жол көлік апаты, жарылыс және тағы басқалары жатады. Бұл қауіптіліктер ең басты деп алынғандары, бұдан бөлектері де бар. Сондай-ақ, бұл мәселені тек офлайн оқуға көшу арқылы шешеміз деу қате пікір. Себебі, соңғы жылда Қазақстандағы барлық мектептер, жаңа білім беру бағдарламасы бойынша жаңа техникалармен қамтамасыз етілген. Яғни әр сыныпта жеке өзіндік интерактивті тақталар бар, көптеп компьютерлермен қамтамасыз етілді, цифрлық білім беру деңгейі артты.

Ендігі кезекті біз асықымды мәселелерді шешу жолдарына берсек, бұл жолдар әрине жастар көзқарасымен және зерттеу жасауы арқылы ұсынылып отыр.

Бірінші кезекте, білім беру жүйесінде оқушыларға бірқатар еркіндіктер берілсе, мысалы, сабақ өзінде таңдау құқығы, яғни оқушыларды қыспау керек, керісінше сабақ оқуына және оқымауына еркіндік беріп, сабақ оқимын деген шешімге өз қалауымен келетіндей ету керек. Ол үшін балаларға айталатын әр сөзге мән берген жөн, балаларды сабақ оқымаса жаман нәрселерді айтып, сезімсіздігін кетіріп, қорқытып не әртүрлі сөздермен манипуляция жасау ең тиімсіз әрі зиянды әрекет болып табылады, одан баланың сабақ оқып кетуі екі талай, керісінше баланы мақтап не оның қабылдаған шешіміне түсіністікпен қарап, егер де түсіну қиын болып жатса баламен ашық сөйлесіп, сабақ оқудың ол үшін тиімді жақтарын ашық көрсету арқылы қызығушылығын арттыруға болады. Тағы бір қосарым, әр баланың өзінің қолынан мықты келетін саласы, бағыты болады, мүмкін болса сол жағымен жұмыс жасап, төмен болған бағыты

